

Ш. Т. Абдреева

ЭКСКУРСИЯТАНУ

Oқы күралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 379.8(075.8)

КБЖ 75.81я73

А 14

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
география және табигатты пайдалану факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№3 хаттама 17 мамыр 2016 жыл)*

*Қазақ спорт және туризм академиясының жаңындағы ҚР БжFM-нің жыгары
және жыгары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік
кеңесінің туризм мамандығы секция мажсілісі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 5 ақпан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

география ғылымының докторы, профессоры **C.P. Ердағлетов**

география ғылымының докторы, профессоры **O.B. Мазбаев**

география ғылымының докторы, профессоры **K.D. Каймұлдинова**

Абдреева Ш.Т.

А 14 Экскурсиятану: оқу құралы / Ш.Т. Абдреева. – Алматы:
Қазақ университеті, 2016. – 200 б.

ISBN 978-601-04-2039-7

Оқу құралында экскурсиялық істің тарихы, теориясы мен методикасы
карастырылған. Берілген материалды пайдалана отырып сапалы экскурсиялық
қызметті құрастыруға, оны ұтымды іске асыруға, катысушылардың жасына, тұратын
орына, ұлтына, жалпы мәдени деңгейіне қарамастан туристер қанағаттанатындей
еңіл экскурсияны дайындап откізуғе мүмкіндік береді. Экскурсовод тұлғасына,
оның ізгілік, рухани қасиеттеріне басты назар аударылды.

Оқу құралының негізінде экскурсиятану теориясымен айналысадын Ресейлік
және Рazaқстандық авторлардың еңбектері жатыр.

Бұл оқу құралы Жыгарғы оқу орнандарының туризм мамандығының иерогілік
жүрген студенттеріне, арнайы колледждердің оқушыларына, оқытушыларға және
туризм саласына қызығушылық танытушылардың барышына арналған.

Оқу құралының мазмұны «Туризм» мамандығының Мемлекеттік білім беру
стандартының талаптарына сай.

ӘОЖ 379.8(075.8)

КБЖ 75.81я73

ISBN 978-601-04-2039-7

© Абдреева Ш.Т., 2016.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016.

KIPIСPE

Бұғынгі күні туристік бизнес аумақтарды және қалаларды, кейбір жағдайда – мемлекетті дамыттын экономиканың саласына айналды. Туризм мен экскурсиялық іс әлеуметтік күбылыс, себебі халықтың өмірінің сапасын көрсетіп, олардың тарихи және мәдени мұраны танып білуге, қоршаған органды сақтауға ынталандырады. Туризм – Алматы, Астана, барлық облыс орталықтарын, басқа да көп ғасырлық тарихы және сақталған бірегей мәдени ескерткіштері бар қалаларды дамыттын болашағы зор бағыттардың бірі. Экскурсиялық қызмет барлық мәдени-тәнімдүк турларға кіреді, тіпті, іскерлік мақсатымен келгендер үшін де бұл қызмет көрсетіледі.

Оқу құралында экскурсиялық істің тарихы, теориясы мен әдістемелігі қарастырылған. Берілген материалды пайдалана отырып сапалы экскурсиялық қызметті құрастыруға, оны ұтымды іске асыруға, қатысуышылардың жасына, тұратын орнына, ұлтына, жалпы мәдени деңгейіне қарамастан туристер қанағаттанатында қылып экскурсияны дайындағы өткізуге мүмкіндік береді.

Экскурсоводтың тұлғалық, моралдық, рухани қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінген.

«Экскурсиятану» пәні ҚР МХМБС 5В090200 – «Туризм» мамандарын даярлайтын бейімдік пәндердің міндетті компоненті болып табылады.

Курсты оқыту мақсаты мен міндеттері: экскурсияларды дайындауда, өткізде колданылатын заманауи тәсілдерді игеру, Қазакстандагы экскурсия қызметінің ерекшеліктері, даму жағдайлары және болашағы жайлы білім беру:

- студенттерге экскурсиялық мәтіндерді құрастыру, түрлі экскурсияларды өткізу әдістемесі туралы хабар беру;
- әдістемелік, өлкетанымдық, тарихи және т.б. әдебиеттерді талдау, пайдалана білу;
- экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру әдістерін зерттеу;
- экскурсия өткізу техникасы жөнінде терең білім беру;

- практика жүзінде жеке мәтін мен технологиялық картаны құрастыруды үйрету;
- экскурсиялық нысандарды іріктеу және зерттеу, экскурсиялық нысандарды көрсету және талдау әдістерін білу;
- Қазақстанда экскурсиялық істі насиҳаттау.

Бұл оқу құралы Жоғарғы оқу орындарының туризм мамандығын игеріп жүрген студенттеріне, арнайы колледждердің оқушыларына, оқытушыларға және туризм аясына қадір тұтатындардың баршасына арналған.

Оқу құралы теориялық сұрақтарды, СӨЖ тапсырмаларын, емтиханға дайындалу үшін қажетті сұрақтар мен тест тапсырмаларын қамтиды.

Оқу құралының мазмұны «Туризм» мамандығының Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес құрастырылған.

1-тaraу

ЭКСКУРСИЯТАНУ – ЭКСКУРСИЯ ІСІНІҢ НЕГІЗІ

1.1. Экскурсия ісінің тарихы

Туризм және экскурсия бір-бірінен ажырамайды. Экскурсия – туризммен бірге дамып келе жатқан, оның негізгі бөліктерінің бірі. Олар демалудың белсенді, танымдық формасын құрайды және келешек ұрпақты тәрбиелеу мен мәдениеттілік деңгейді арттыру құралы болып табылады.

Экскурсиялық іс – халық арасында мәдени-ағарту жұмысының манызды бөлігі. Оның тарихы XIX ғасырдың аяғында қалыптаса бастаған жас ғылымдардың бірі, ал біздің мемлекетті мізде оның ең дамыған кезі өткен ғасырдың 70-80 жылдарына тұра келеді.

Алғашқы экскурсияларға себепші болған нәрсе өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі болып табылады. Әдетте, діни, әулиелі жерлерге мінажат етумен байланысты болған. Жалпы айтқанда саяхаттар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әркелкі функцияларды атқарған, ол сол ғасырдың қызығушылығына, жетістіктеріне байланысты болған.

Экскурсия іci XIX ғасырдың бірінші жартысында дами бастаған. Экскурсия кезіндегі білім алу мақсатын XVIII ғасырдың алдыңғы қатардағы, прогресивті адамдары қойған. Бұл кезеңде тек қана жаратылыстану тақырыбындағы танымдық экскурсиялар басым болған. Ережеге сай оларды мұғалім-ұстаздар жүргізген, мақсаттары – оқыту болған. Өткен ғасырлардың белгілі педагогтары экскурсияны оқу процесінің белсенді түрі деп санаган. Сондықтан да экскурсия алғашында мектептерге енгізілген. Кейіннен оқу экскурсияларымен қатар, окудан тыс экскурсиялар пайда бола бастады. Осы кезде Ресейлік мұғалімдер В.Ф. Зуев пен Н.Н. Новиков балаларды табиғат аясына саяхатқа және экскурсияларға шығарудың пайдасын атап көрсеткен. Осығалымдардың еңбегінің нәтижесінде олардың кеңестері 1786 жы-

лы шыққан «Халықтық училищелердің Жарғысында» көрініс тапты, ал 1804 жылғы «Мектеп Жарғысында» табиғатқа серуен-деуді ғана емес, онымен қатар мануфактуралар мен қол өнершілердің шеберханаларына да барып таныстыруды ұйымдастыру жайлы айтылған.

Экскурсия ісінің теориясы мен әдістемесінің пайда болуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына түспастық келеді. Экскурсияны өткізу әдіснамасы барлық экскурсионист ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Экскурсия ісі әдістемесінің дамуында елеулі орын алған Б.Е. Райковтың «Школьные экскурсии, их значение и организация» (1910) атты кітабының шығуы болды.

1902 жылы И.М. Грeve өзінің «Экскурсияның жалпы білімдік маңызы жайындағы бірнеше теориялық байқаулар» атты мақаласында тарих пен қалалық өлкетануды оқытудың экскурсиялық әдісінің негіздері қаланды.

Экскурсия ісінің дамуын Ф.Л. Курлат пен Ю.Е. Соколовский революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдерге бөледі.

Алғашқы кезең экскурсиялық істің пайда болуымен, алғашқы экскурсиялық ұйымдардың құрылуымен, экскурсиялық істің ғылыми теориясының жасақталуымен сипатталады. Атальмыш кезеңнің өзін екі кезеңге бөлуге болады: XIX ғасырдың екінші жартысынан 1907 жылға дейінгі және 1907 жылдан 1917 жылға дейінгі кезең. Бірінші кезеңде экскурсияның ісінің дамуы оқу бағдарламасында, мұражай істерінде орын алған.

Екінші кезеңде алғашқы экскурсиялық ұйымдар – коғамдар, одақтар, мысалы, 1918 жылы Мәскеудегі Окушылар экскурсиялық бүросының орталығы құрылып, экскурсия ісі теориясының іргесі қалана бастады.

1920 жылы Наркомпроста Біріккен дәрістік-экскурсиялық бюро – қазіргі кездегі туристік-экскурсиялық мекемелердің үлгісі құрылады. Оның мақсаты – пролетарлық туризм мен экскурсияларды кең түрде наさいхаттау еді.

1920 жылдан бастап экскурсияларды бірнеше ведомствалар мен мекемелер өткізе бастады. Жұмысшылар мен қызметкерлер үшін олардың ұйымдастырушылары кәсіподақтар болды. Окушылар мен әскери қызметкерлер саяхатқа Наркомпрос пен РКСМ-мен бағытталып отырған.

Бұл жұмысты негізінен штаттан тыс негіздегі энтузиастар жүргізді. Олар туристік бағдарламалар мен маршруттар әзірледі.

Халықтың туризм мен экскурсияға қызығушылығының өсуімен оларды мәдени жұмыстарда қолдану қажеттілігі айқын бола түсті. Халықтар арасында осы мақсатпен және туризм мен экскурсия саласында барлық іс-шаралардың идеялық мазмұнын жоғарылату үшін туристік-экскурсиялық тәжірибелі әдістемелік жетекшілігі 1920 жылы Наркомпростың бас саяси-агартушылық комитетіне (Главполитпросвет) міндеттеледі. Қоғамдық кадрлар дайындау туралы мәселелер қарастырыла бастады; құрылған экскурсиялық станциялар штаттан тыс активтерді – топтық экскурсия жүргізушілерін және туризм үйімдастырушыларын дайындаи бастады.

Главполитпросвет туризм мен экскурсияның бастапқы формаларының қаншалықты тиімді және олар қоғамның маңызды міндеттеріне жауап берे ме деген сұрақтарды зерттеуді қолға алады. Халықтық білім берудің Мәскеулік бөлімінің губерндік политпросветіне (Главполитпросвет МОНО) туризм саласында Мәскеу енбекшілерінің сұраныстары мен тілектерін оқып зерттеу жүргізу жүктелді.

XX ғасырдың 20-жылдардың басында туризм мен экскурсияға қызығушылық арта түсті. Туризм мен экскурсия желісінің құрылымдық қеңеюі басталды. Наркомпростың жанынан жақын және алыс экскурсиялардың бөлімдері құрылды. Онымен Н.К. Крупская айналысты. Экскурсияларға, сапарларға және саяхаттарға мындаған енбекшілер тартылды. Мысалы, Губполитпросвет МОНО-ның бір экскурсиялық секциясы 1921 жылы ай сайын 400-ден аса топтық экскурсияларды жүргізіп отырды. Экскурсия ісінің 1920-жылдарындағы Ресейде дамуын келесі мәліметтер айқындаиды: 1920 жылы экскурсиялар саны 46 мың болса (экскурсанттар саны – 138 мың), 1921 жылы – 53 мыңға жеткен (экскурсанттар саны – 161 мың).

1921 жылдан бастап, экскурсия ісінің мәселелері бойынша конференциялар жүргізіле бастады. Кәсіподақтардың, Главполитпросвет және Петроградтың экскурсиялық институттардың қатысусымен болған 1921 жылы Петроградта өткен экскурсиялық конференцияда экскурсиялық жұмыстың қорытындылары

айтылды және оларды мектеп тәжірибелерінде колданысын көңейту ұсынылды.

1923 жылы Наркомпростың алыс экскурсиялар бөлімі Мәскеуіл мұражайлыш-экскурсиялық институтының құрамына, кеңіннен – «Советский турист» акционерлік қоғамының құрамына кірді.

1923-1926 жылдары Кубандық педагогикалық жоғарғы оқуорнының профессоры В.А. Герд экскурсия ісі жайлар дәрістер оқыды, осы дәрістердің негізінде «Экскурсиялық қызмет» атты кітабы шығарылды.

Экскурсия ісінің теориясы мен әдістемесінің пайда болуына зор үлес қосқанның бірі Н.П. Анциферов болды. Оның «Теория и практика экскурсий по обществоведению» (1926 ж.) атты жұмысы зерттеудің әдістеріне және экскурсия жүргізудің және саяхатты ұйымдастыру әдістеріне арналған. Бұл еңбекте экскурсия әдістемелігінің мәні қарастырылған.

Экскурсиялар туризмнің мәдени-танымдық түрі әрі құрама бөлігі ретінде 20-жылдардың соны мен 30-жылдардың басында өрлей бастады. Бұл кездері «саяси-ағарту жұмыстарына» көп көңіл бөлінген. 1926 жылғы саяси-ағарту кенесінің IV съезінің шешімі бойынша, музей экскурсиялары маркстік-лениндік методология шенберінде жүргізілуі тиіс болды. Ендігі кезекте «бұқаралық саяси-ағарту жұмыстары» атты термин негізінде музей қызметі, соның ішінде экскурсиялық іс жандана түсті. 1928 жылы «Кенес туристі» атты АҚ құрылды, ол 1930 жылы «Бұкілкеңестік пролетарлық туризм және экскурсияның еркін қоғамы» болып өзгертилді. Қөптеген калаларда Халық ағарту комиссариатының экскурсиялық-туристік орталықтары ашылды. 1936 жылдан бастап туризм және экскурсияны дамыту ісі орталықтандырылды.

Осы кезде экскурсиятанудың пән ретінде дамуы педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты болған.

1970-1990 жылдары ғылым жетістіктері мен экскурсия ісінің тәжірибесі мәдени-ағартушылық жұмыстың негізгі бір бөлімі ретінде ғылыми әдістемелері мен теориялық негізін қалады.

1990 жылдардың басында ондаған мың тақырыптағы экскурсиялар жасалды, экскурсия жүргізушилер саны – 70 мың

болса, экскурсиялық жұмыстарды жүргізетін ұйымдар саны – 3,5 мыңға жеткен.

Қазіргі туристік нарық жағдайы экскурсиялық қызметті туристік өнімнің негізі ретінде ұйымдастыруды жаңа белеске көтеруді талап етеді.

Қазақстанда туризмнің, сонымен бірге экскурсиялардың дамуы XIX ғасырда жергілікті немесе аймақтардан келген әуес-көй адамдар немесе топтар үшін экскурсияларды, жорықтарды және көрікті жерлерге серуендеуді ұйымдастырудан басталған. Ал ондай көрікті жерлер Қазақстанның таулы аумақтарында шоғырланған. XIX ғасырдың басында 1903 жылы Верный қаласында «Орыс тау» қоғамының бөлімшесі ашылған. Онда жергілікті гимназия мұғалімдері мен зиялды қауым өкілдері – архитектор Поль Гурде, суретші Н.Г. Хлудов, статист Е.В. Недзведскийлер көп еңбек сінірген. 1903 жылы М. Фрунзе бастаған төрт гимназист Тянь-Шань тауына ғылыми экспедицияға шығып, жергілікті өсімдіктердің керемет гербариін жинаған. Кейіннен олардың жинаған өсімдік коллекциясы Санкт-Петербург университетінің ботаникалық қорына жіберілді.

Осы кезеңде халық шаруашылығын қайта құру және қалпына келтіру жағдайында еңбекшілердің жаппай демалысын жандандыруға, мәдени құндылықтар мен отан табиғатын зерттеудегі олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған пролетарлық туризмнің алғашқы мекемелері құрылады.

1931 жылы республикамыздың Астанасында Жетісу губерниялық мұражайы жаңында Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық қоғамының бастауыш ұйымы ашылды (ТЭКҰ). Оның құрамына 10 адам енді.

Оның белсенді мүшелері арасында Г.И. Белоглазов, В.Д. Городецкий, Н.Н. Дублицкий және т.б. болды. Олардың бастауыш мен Қазақтық өлкетану кеңесі құрылды.

1936 жылдың қыркүйегінде ТЭКҰ жабылып, оның орнына кәсіподактар жаңында ұйымдастырылған Қазақ туристік-экскурсиялық басқармасы (ТЭБ) ашылды.

1962 жылы Туризм және экскурсиялардың орталық кеңесі құрылған. Қазақстанда Республикалық және облыстық кеңестердің құрылуы, экскурсиялық мекемелердің материалдық-тех-

никалық базасын нығайтуға, олардың санын көбейтуге мүмкіндік берді. Арнайы ақпараттық бюроның «Турист» базалымы оку және нормативті әдебиеттер, карталар, буклеттер, сыйбалар, открытиялар шығару арқылы әдістемелік жұмысты жақсартуға мүмкіндік берді. Бұл жұмыстың нәтижесінде Қазақстан облыстарында, кейбір аудан орталықтарында экскурсия және саяхат бюrolарының ашылған, туристік қонақүйлер жүйесі, арнайы автобус парктері мен гараждары пайда болған, экскурсия жүргізушілерін, маршрут жетекшілерін және тау туризмінің инструкторларын дайындастырылған. Қазақстандықтар саяхат жасау үшін поездарды, теңіз және су кемелерін жалға ала бастаған.

1965 жылы Қазақстан Республикасында туризм және экскурсия одағы үйімдастырылды: Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Орал және Шымкент облыстарында бес облыстық одақ құрылған, сондай-ақ бұл облыстарда экскурсиялық бюrolар да ашылған.

1980-жылдардың басында Қазақстанда туризм қызметкерлерінің жалпы штаты 10 000 адамға, ал туристік маршруттар саны –100-ге, экскурсия тақырыптары бірнеше жүзге жетті. Ал саяхат пен экскурсияға қатысқан қазақстандықтар саны 1,5 млн-нан асып, түрлі өндіріс орындарына, мұражайларға, көрмелерге барған оқушылар саны – 600 000-ға жетті.

1.2. Экскурсияның түсінігі

«Экскурсия» сөзі латын тілінен алынған. Орыс тіліне XIX ғасырда енген. Басында бұл сөз «әскери шапқын», кейіннен «серуенге шығу, жорық» деп белгіленген.

Экскурсия – әдістеме арқылы алдын ала ойластырылған назар аударалық жерді, тарихи және мәдени ескерткіштерді көрсету, оның негізіне экскурсанттардың көз алдындағы нысандардың талдауы жатқызылған, және сонымен байланысты оқығалар туралы әнгіме етті. Бірақ экскурсияның негізін тек қана осындай ұғыммен шектеу дұрыс емес.

«Экскурсия» терминінің түрлі басылымдарда берілген анықтамаларын қарастырайық.

Алғашқы экскурсионистердің бірі М.П. Анциферовтың 1923 жылы берген түсінігінде «Экскурсия – серуен, өз мақсаты ретінде, көргө қолайлы нысанды, тақырыпты нақты материал арқылы зерттеу», – деп айтылған.

Экскурсиялық қызметті мектептен тыс жұмысы ретінде сипаттай отырып, экскурсионист Л. Бархаш былай деген: «Экскурсия – ол белгілі білім алудың көрнекілік тәсілі, алдын ала өнделген тақырып арқылы нақты нысанға бару кезінде тәрбие беру».

ХХ ғасырдың аяғында берілген анықтамалардың біріне тоқталсақ: «Экскурсия – окудың, окудан тыс жұмысының ерекше формасы, оның барысында мұғалім – экскурсовод, оқушылар – экскурсанттар болып жатқан процестерді (завод, колхоз, тарихи ескерткіш, естелік жер, табиғат аясы, т.б.) немесе арнайы жасалған коллекция қоймаларын (мұражай, көрме) бақылауы» деген.

Түрлі сөздіктерде, энциклопедияларда да «экскурсия» терминіне анықтамалар беріледі. Ең алғашкы түсінігін 1882 жылы В. Даль берген: «Экскурсия – серуен, бір нәрсе ізден шығу, шөп жинау, т.б.». Кіші совет энциклопедиясында [1913 ж., Т. 10] былай түсіндіріледі: «Экскурсия – бір жерге, өндіріс орнына, совхозға, мұражайға, т.б. көбінесе, ғылыми немесе білім алу мақсатымен топпен шығу».

Үлкен совет энциклопедиясында: «Экскурсия – назар аудаарлық нысандарға бару (мәдениет ескерткіші, мұражай, өндіріс орны, т.б.) арқылы білім алудың формасы мен тәсілі. Маман-экскурсоводтың басшылығымен топ үшін өткізіледі» деп жазылған.

Жоғарыда берілген анықтамалардың бәрі өз кезеңіндегі идеологияны, сол уақытқа сай көзқарастарды, экскурсияға жүктеген міндеттерді көрсетеді.

Экскурсияның даму жолы оның негізінің өзгеруіне байланысты. Басында экскурсия практикалық міндеттерді іске асыратын серуен болып табылатын, мысалы шипалы шөп іздеу, жинау. Кейінірек оның алдында өлкетану мұражайлары үшін жәдігерлерді іздестіру сияқты ғылыми міндеттер қойылды.

Білім деңгейін көтеру, білімнің жаңа формаларын іздестіру барысында экскурсиялар алдында жалпы білімді арттыру мақсаты артылды. Тәрбие жұмысын жетілдіру, оны тиімді қылу жағынан, экскурсиялар мәдени-ағарту жұмысының бір түріне айналды.

Қазіргі кезде экскурсиялық қызмет – функцияларымен, белгілерімен, өзіне тән қасиеттерімен, әдістемелігімен ерекшеленетін біртұтас сала болып табылады. Айтарлықтай ол мазмұны, өткізу формасы және материалды ұсыну әдістемесі бойынша байыды, сондықтан тәрбие-идеялық, мәдени-көпшілік жұмысының ажырамас бөлігі ретінде сипатталады. Экскурсия ішкі туризмде және халықаралық туризмде де қысқа туристік іс-шаралардың кең таралған түрі. Мамандардың айтуынша, адам ақпараттың 95 пайызға жуығын визуалды түрде, яғни көзben қабылдайды. Осыған байланысты ешбір керемет аудиогид кәсіби экскурсоводтармен жарыса алмайды.

Экскурсия көрнекті-танымдық әдістің көмегімен дағдылы жұмыс күндерден, шындықтан адам қоңілін аударады, сондықтан ол басқа ақпарат алу түрлерінен қонымдылығымен, руханияттылығымен, эмоционалдылығымен және патриоттылығымен ерекшеленуі тиіс. Экскурсия өзіне қойған барлық талаптарға сай келуі үшін және экскурсанттарға керемет әсер тигізу үшін, экскурсияны білімді, сонымен қатар, әртістік шеберлігі мен тартымдылығымен, сондай-ақ тілінің көркемділігі мен шешендігімен ерекшеленетін нағыз өз ісінің шебері жүргізуі қажет. Экскурсия барысында экскурсанттар жаңа білім алушмен бірге, бақылау, әдемі сөйлеу, мұқияттында бейтанис ұжымда жұмыс жасау сияқты дағдыларды игереді.

Экскурсия – бұл авторлық әдеби туынды секілді, ол бір мезгілде сценарий де, және оның қойылымы да деп айтуда болады.

Сөйтіп, экскурсия табиғи жағдайда, немесе кәсіпорын ішінде, зертханаларда, ғылыми-зерттеу орындарында т.б. жерлерде орналасқан, алдын ала таңдалған нысандар арқылы коршаған ортаны танудың көрnekілік процесі. Нысанды көрсету арнайы маманы бар экскурсовод басшылығымен өткізіледі. Экскурсанттармен нысанды қабылдау процессі, нақты тақырыпты ашу міндеттіне бағындырылады. Экскурсовод аудиторияға нысанның

көрінуін, естелік орынды бағалауды, осы нысанмен байланысты тарихи оқиғаны түсінуді жеткізеді. Ол өзінің түсіндіруімен экскурсанттарды тиісті қорытындыларға және бағалауға алып келеді. Сонымен шараны қажетті нәтижелерге жеткізеді.

Қысқаша түрде экскурсияның негізін былай анықтауға болады – **экскурсия адамдар тобына ерекше түрде жеткізілген білім қосындысы және соны жеткізу**дегі белгілі әрекеттер жүйесі.

Бақылау сұрақтары:

1. Экскурсиятану тарихының негізгі кезеңдері.
2. Экскурсия ісінің теориясы мен әдістемесінің пайда болған уақыты.
3. Экскурсия ісінің теориясы мен әдістемесінің дамуына үлес қосқан ғалымдар.
4. Экскурсия түсінігі.
5. Экскурсия ісінің алғашқы экскурсионистері.
6. Экскурсия мағынасының өзгеру себептері.
7. Қазақстанда экскурсиялық қызметтің даму кезеңдері.
8. Туризм және экскурсиялар бойынша Орталық кенес қызметі.
9. Экскурсияның түрлі аспектілері.

2-тaraу

ЭКСКУРСИЯТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

2.1. Экскурсиятанудың теориялық негізі

Экскурсиятану – қазіргі құнгі ғылым. Оның фундаментін теориялық негіз құрайды. Дамытылған теориялық платформасы бар кезде тәжірибе жүзінде қалаған нәтижеге жету мүмкіндігі бар. Экскурсияның теориялық негізі экскурсиялық қызметтің негізгі аспектілерін қамтиды. Бұл жағдай экскурсоводқа экскурсиялық үдерісін толығымен іске асыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі қуні экскурсиятанудың теориялық негізі төмендегідей болімдерден тұрады: экскурсиялық тарих, экскурсиялардың тақырыбы мен мазмұны, экскурсиялардың топтастырылуы, экскурсияның функциялары мен белгілері, экскурсиялық әдістеме, экскурсияларды жүргізу техникасының өзгешелігі және т.б.

Теориялық негіз – логика бойынша құрылған жүйе. Оның нақтылығы мен анықтығы теориялық аппаратының жетілдіруімен қамтамасыз етіледі. Әдеттегідей, ол ұзақ уақыт ғалымдардың зерттеуімен қалыптасады, кейіннен жетілдіріледі және дамиды.

Жалпы экскурсиялық теория – экскурсиялық іс жайлы нақты және жалпылама түсінік беретін ережелер, пікірлер, қағидаттар жиынтығы.

Экскурсиялық теорияның негізін оқып білу экскурсоводқа кәсіпкөй болуына, өзінің шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алған білімі кейіннен, дағды, жеке тәжірибемен тексеріледі. Сонымен қатар экскурсияларды дайындал және өткізуге қажетті арнайы дағдылар қалыптасады.

2.2. Экскурсияның функциялары мен белгілері

Функция (түсінік ретінде) латын тілінен аударғанда атқару, іске асыру, міндет, қызмет дегенді білдіреді. Функция – кәсіп-

орынның, мекеменің жұмыс істеу формасы. Экскурсияның функциялары оның негізгі қасиеттері ретінде қарастырылады.

Экскурсия қызмет түрі ретінде белгілі функцияларды атқарады. Б.В. Емельянов бес негізгі функцияларды атап көрсетеді: ғылыми науқарат (тәнімдүк), ақпараттық, бос уақытты мәдени түрде үйымдастыру, мәдени ой өрісті кеңейту, қызығушылықты қалыптастыру.

Тәнімдүк функция. Кез келген экскурсия тәнімдүк экскурсия болып саналады. Экскурсия жүргізуісімен таңдалып құрастырылған материал, экскурсанттарға тақырыбына сай келетін нақты білім беруге арналған. Мысалы: археологиялық экскурсия археология саласы жайлыш білім береді, ал ботаникалық баққа үйымдастырылған экскурсия ботаниканың бөлімдерімен таныстырады. Тәнімдүк функция – ең алдымен тәнімдүк процесі, оны білім алушың белсенді, ықпалды тәсілі деп анықтауға болады. Экскурсия саяси, ғылыми, көркемдік және басқа да көзқарастарды игеруге көмектеседі. Экскурсоводтың міндеті – ғылыми білімді тындаушыларға тиімді түрде жеткізу.

Ақпараттық функция. Кез келген экскурсия өз тақырыбы бойынша біршама толық, ғылыми түрғыдан негізделген және әбден тексерілген ақпаратты қамтамасыз ету керек. Тақырыптық экскурсиялар берілген мәлімет жағынан экскурсияның шағын түрі, себебі білімнің бір саласы бойынша ақпаратты қамтиды, ал шолу экскурсиясы – кең, білімнің бірнеше салалары бойынша ақпараттармен таныстырады.

Бос уақытты мәдени түрде өткізу функциясы. Экскурсанттар экскурсияға бос уақытында барады. Экскурсиялық тәжірибелі қарастыратын болсақ, көпшілік қауым бос уақытын үйимдастырылған түрде және пайдамен өткізу мақсатын көздейді. Экскурсия бүндай тілектерін толығымен қамтамасыз етіп, қызықты, үйлесімді, тәнімдүк қасиеті тән болуы тиіс, олай болмаса экскурсанттардың көнілі қалуы мүмкін. Сондықтан экскурсовод уақытын, әрекеттерін, экскурсия мазмұнын және экскурсанттар тобын да дұрыс үйимдастыруы қажет.

Мәдени ой-өрісті кеңейту функциясы. Экскурсия ой-өрісті кеңейту тәсілі ретінде тарихи, экономикалық, әдеби, өнер саласы, спорт, т.б. тарапынан жаңа білім алуға бағытталған. Көп-

теген жағдайларда экскурсия экскурсанттардың бұрын жазба де-ректерінен, мектеп бағдарламасынан, дәрістерден алған білімде-рін бекітеді.

Адамның қызығушылығын қалыптастыру функциясы. Экскурсияның міндегі – аудиторияга білім арқылы нақты бір сала бойынша қызығушылық туғызу. Экскурсияға қатысушылар тыңдаған тақырыпқа қызығып, осыдан кейін арнайы әдебиеттер-ді оқып, басқа экскурсияларға барып, өз білімін жетілдіруге тырысуы әбден мүмкін. Экскурсия білім алуға түрткі болуы мүмкін.

Аталған функциялар экскурсияның негізгі функциялары болып табылады, сонымен қатар басқа да функцияларды атап көрсетуге болады.

Тәрбиелік функция. Экскурсияның тәрбиелік функциясы экскурсияны мазмұнына, оның негізгі мақсатына байланысты. Экскурсиялық қызмет: адамгершілік, патриоттық, эстетикалық, еңбек, дene шынықтыру сияқты тәрбие жұмыстарын атқара алады. Тақырыптық экскурсиялардың әрқайсысы өзіне тәn тәрбиелік міндеттерін атқарады. Мысалы, табиғаттану экскурсиялары табигатты, жануар және өсімдік дүниесін аялауды тәрбиелейді. Өнертану экскурсиялары эстетикалық тәрбие беруге, өндірістік экскурсиялар – еңбекті құрметтеуге, этнографиялық экскурсиялар – түрлі ұлттардың әдеб-ғұрпышын, салт-дәстүрлерін сыйлауға бағытталған.

Эстетикалық функция. Экскурсанттардың эстетикалық талғамын оятуда аталған функцияның маңызы зор. Экскурсия кезінде келушілерге құнделікті күйбің тіршілікте мән беріле қоймайтын жайтарға баса назар аударуы қажет, бұл жерде қоршаган ортандың әсемдігі, нысандардың өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары мәнерлі тілде жеткізіліп, рухани өмірдегі алар орны әсерлі түрде баяндалынады. Бұған экскурсия жүргізу-шісі шеберлігі өз ықпалын тигіздеді.

Коммуникативті функциясы. Коммуникативті функцияның негізгі мағынасы оның ақпараттылығында, бір нәрсені хабарлау, бір идеяларды, ой-пікірді, түсінікті білдіру. Бір де бір экскурсия коммуникативті байланыссыз өткізілмейді. Экскурсовод өз тыңдаушыларына ақпарат береді. Экскурсанттар тек жай тыңдаушы

емес, олар экскурсияның белсенді қатысушылары, сондықтан коммуникативті байланысты орнату экспертоводтың басты міндеті.

Экскурсияның тиімділігі тек қана экскурсия жүргізушісінің эрудициясымен ғана емес, оның аудиторияға білім беру кезінде әдістемелікті пайдалана білуімен, сондай-ақ, экскурсанттармен, автобус жүргізушісімен, мұражай қызыметкерлерімен қарым-қатынас орнату қабілетімен де анықталады. Сондықтан экскурсия жүргізушісінің тілекестестік, қарым-қатынасты жеңіл орнату, сипайылық сияқты қасиеттері болуы тиіс.

Экскурсанттар тобына байланысты, әрбір экскурсия бірнеше функцияны атқаруы мүмкін. Мысалы, балалар мен жасөспірімдер үшін – мәдени ой-өрісті кеңейту функциясын; маман таңдаған жастар үшін – қызығушылық қалыптастыру; шетелдік туристер үшін – ақпараттық функцияны және т.б. атқарады.

Белгі деп заттарды бір-бірімен ұқсас қылатын немесе бір-бірінен ажыратуға болатын ерекшеліктерді атайды.

Экскурсияның мәдени-ағарту жұмысының басқа формалары сияқты, ұйымдастырылуы, өткізу әдістемелігі жағынан өзінің ерекшеліктері бар. Оның белгілері мәдени-ағарту жұмысының басқа формаларымен ұқсастығын немесе өзгешелігін көрсетеді.

Барлық экскурсиялар олардың мақсатына, өткізу орнына қарамастан өзіне тән негізгі белгілер бойынша сипатталады.

1. *Уақыт*. Халықаралық стандарт бойынша экскурсиялар 24 астрономиялық сағат арасында өткізіледі. Кез келген экскурсия нақты уақыт аралығында өткізіледі. Экскурсиялық тәжірибеде уақыт нормалары қалыптасқан. Экскурсияның уақыты бір академиялық сағаттан (45 мин.) бір тәулікке дейін созылуы мүмкін. Ең қысқа экскурсиялар өндіріс орындарында, мұражайларда және көрмелерде өткізіледі, олардың ұзактығы шамамен 1 академиялық сағат (45 минут). Қалалық шолу экскурсиялардың ұзактығы әдтетте 3-4 сағат болады.

2. Экскурсияға қатысушылардың *саны* (топ немесе жеке адам).

Экскурсанттар саны бір адамнан бастап, бірнеше адамдар тобына дейін болады. Топтағы адам саны көп жағдайда көліктің сыйымдылығына байланысты.

3. Экскурсияны өткізетін экспертоводтың болуы.

Экскурсияның сапасы экскурсия жүргізушінің білім деңгейіне байланысты. Жоғары дәрежелі экскурсовод түрлі тақырыптағы экскурсияларды өткізе алады, ал бастауыш дәрежелі экскурсовод 1-3 тақырыпты игереді. Экскурсия жүргізушиңін міндепті экскурсияны өткізу, өңдеу, жетілдіру, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, т.б.

4. *Көрнекілік*. Экскурсиялық нысандарды орналасқан жерінде көрсету.

Экскурсиялық нысандарының дұрыс таңдалуы тақырыпты толық көрсетуге, экскурсияның мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Экскурсиялық нысандардың жүйесі, көрсету әдістемелігі, тәсілі, түрлері болады. Арнайы көрсетусіз экскурсия дәріске айналады, сондықтан көрсетудің маңызы жоғары.

5. Экскурсия тобын алдын ала құрған маршрут бойынша *ертін жүргү*.

Маршрут экскурсияны дайындаған кезде құрастырылады, оның өз жүйесі болады. Экскурсияның ұзақтығы бірнеше жұз метрден (мұражай, көрме) бірнеше жұз километрге дейін созылады (қала маңындағы экскурсиялар). Маршрут құрастырудың өзіндік ережелері бар.

6. *Белгілі тақырыптың болуы*, нысандарды бір мақсатпен көрсету.

Бір тақырып бойынша экскурсия жасаган кезде міндепті түрде мақсаты белгіленеді, мақсатсыз өткізген экскурсия өзінің құндылығын жоғалтады. Экскурсияның тақырыбына, атына және адам контингентіне байланысты мақсат, әсіресе тәрбие мақсаты өзгеруі мүмкін.

7. *Қатысуышылардың белсенділігі* (бақылау, нысандарды зерттеу).

Осы аталған белгілердің ен болмаса біреуі орындалмаса, өткізілген іс-шараларды экскурсия деп атауға болмайды.

Жалпы барлық экскурсияларға тән белгілерімен қоса кез келген экскурсияның өзіндік спецификалық белгілері болады:

- автобустық экскурсияларда – міндепті түрде автобустан шығып нысан жаңына бару;
- мұражайлық экскурсияларда – стенда орналасқан материалдармен танысу;

- өндіріс орнындағы экскурсияда – жұмыс істеп тұрған нысандарды көрсету (станок, агрегат, механизм).

Кез келген мәдени-ағарту жұмысының ажыратуға болатын өзінің белгілері бар. **Экскурсияның негізгі белгісі** – көрnekіліктің жоғарғы дәрежеде болуы.

2.3. Экскурсияларды топтастыру

Қазіргі таңда экскурсиялық қызмет туризм саласының көптеген мәселелерін – бос уақытты мәдени түрде өткізу, ағарту, т.б. қамтиды. Ұзақ уақыт бойы экскурсиялардың көптеген тұрлары қалыптасқан. Кейбіреулері өзгеріссіз қалды, басқалары көптеген өзгерістерге ұшырады. Сонымен қатар, заманың өзгеруіне және қоғамның мұдделеріне сай жаңа экскурсиялар тұрларі де пайда болды. Экскурсия тұрларінің, типтерінің сан алуандығы, оларды ретке келтіруді және жүйелеуді, немесе топтастыруды қажет етеді. Топтастыру деп экскурсия тұрларін өзіне тән белгілер, айқын сипаты арқылы құрылымдауды айтамыз. Дұрыс топтастырылған экскурсия, экскурсоводқа экскурсияға қатысушылардың жұмысын жақсы ұйымдастыруға, жүргізу әдістемесін анықтауға жағдай жасайды.

Экскурсияларды топқа бөлу жаңа экскурсияны дайындау процесі үшін аса маңызды. Экскурсияларды топтастыру мәселе сіне көптеген экскурсия саласының қызметкерлері, зерттеушілері ерекше назар аударған. Бұл мәселе жөнінде өткен ғасырдың 20-шы жылдарында әңгіме қозғалған. Экскурсиятану ісі дамыған сайын тұрлі жүйелер ұсынылған. 1922 жылы Б.Е. Райков «Экскурсия жүргізудің әдістемесі мен техникасы» атты кітабында экскурсияларды мазмұны, көлемі, өткізу тәсілі, логикалық құрылымы, ұзақтылығы, қатысушылар құрамы бойынша жіктелген. И.М. Грэвс, Н.П. Анциферов, В.А. Герд те осы мәселе мен айналысқан. Қазіргі күні экскурсиялардың универсалды топтастырылуы мынадай:

- мазмұны бойынша;
- қатысушылардың құрамына қарай;
- өткізу орнына қарай;

- қозғалу тәсіліне қарай;
- экскурсияның ұзақтылығына қарай;
- откізу түріне қарай топтастырылу.

Осындай экскурсиялар топтарының өзіне тән компоненттері мен ерекшеліктері бар.

Мазмұны бойынша экскурсиялар екі топқа бөлінеді: шолу экскурсиялары және тақырыптық экскурсиялар.

Шолу экскурсиялары көп тақырыпты қамтиды, мұндай экскурсиялар көп планды деп аталады. Оларда тарихи және қазіргі материалдар қолданылады. Мұндай экскурсия алуан түрлі объектілерді (тарихи және мәдени ескерткіштерді, ғимараттар мен құрылыштарды, табиғи нысандарды, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарын) көрсету арқылы құрастырылады.

Шолу экскурсияларында оқигалар жалпылама түрінде баяндалады. Ол қала, мемлекет, аудан туралы жалпы түсінік береді. Мұндай экскурсиялар хронология жағынан қаланың бірінші қүнінен пайда болуынан бастап осы қунге дейінгі тарихын және болашағын қамтиды.

Тақырыптық экскурсиялар бір тақырып жайлы мәлімет береді. Таңдалған тақырыптан бүкіл экскурсия бойы ауытқымау кепек, кейбір ауытқулар болуы мүмкін, бірақ олар жалпы тақырыпқа бағынуы тиіс. Мысалы, тарихи экскурсия болса, оның негізі ретінде бір-екі оқиганы алуға болады. Ал сәулеттік экскурсияларда бір белгілі сәулетшінің туындыларын тамашалауға болады, немесе ең қызықты архитектуралық ансамблдер көрсетіледі.

Тақырыптық экскурсиялардың өзі тарихи, әскери-тарихи, өндірістік, табиғаттық, өнертану, әдебиеттік, архитектура-қала-құрылыштық экскурсиялар топтарына бөлінеді. Әрбір топ бірнеше топшаға бөлінеді.

Тарихи экскурсиялар мазмұны бойынша: тарихи-өлкетану, археологиялық (мысалы, Есік қаласының маңында орналасқан обаларды тамашалау), этнографиялық (Қазақстан халықтарының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері жайлы әңгімелеру), тарихи-өмірбаяндық (әйгілі адамның өмір сүрген, қызмет жасаған орындарына бару), тарихи мұражайларға бару, т.б. экскурсияларға жіктеледі.

Өндірістік экскурсиялар накты бір өндіріс орнына (зауыт, фабрика, ауыл шаруашылығының өндіріс орнына), оның негіздеріне, жетістіктеріне арналады. Олар тарихи-өндірістік, экономикалық өндірістік, техникалық-өндірістік, окушылар үшін кәсіби-бағытталған экскурсиялар топтарына бөлінеді.

Өнер зерттеу экскурсиялары тарихи-театралдық, тарихи-музыкалық экскурсиялар, халық көркемөнер кәсіпшілігінің орталықтарына, өнер кайраткерлерінің өмірі мен қызметіне байланысты орындарға, өнертану мұражайларына, сурет галереялары мен көрме залдарына, суретшілер мен мұсіншілер шеберханаларына бару тақырышаларын қамтиды.

Әдеби экскурсиялар әдеби-өмірбаяндық, тарихи-әдебиеттік, әдеби-көркемдік, әдеби-өлкетанулық, т.б. экскурсиялар топтарына бөлінеді. Бұл экскурсиялар накты авторларға, олардың туындыларына немесе әдебиеттің бірқатар өкілдеріне, накты кезеңге, мысалы, қазақ ұлттық әдебиетінің дамуына, әдеби ағымдарға арналады.

Табигаттық экскурсиялар геологиялық (жер қойнауының байлығы, жер қабығы жайлы), биологиялық (жергілікті жануар мен өсімдік әлемімен танысу), гидрологиялық (өзен, көл, басқа су қорларымен танысу), ландшафтық (орман, саябақ, дендропаркке бару) экскурсиялар топтарына бөлінеді.

Сәулеттік қала құрылыштық экскурсиялары – бұл қаланың архитектуралық құрылыштарын көрсету, накты бір кезеңнің архитектуралық ескерткіштерімен таныстыру, бір архитектордың туындылары жайлы мәлімет беру, қаланың жоспарымен және құрылышымен таныстыру, жана құрылыш аудандарымен таныстыру.

Катысушылардың құрамына қарай – жергілікті халық, шетел туристері, ерессек және балалар (мектеп окушылары), қалалық және ауыл тұргындары, ұйымдастырылған біркелкі топ (мысалы, бір мекеменің жұмысшылары) және құрама топтар үшін ұйымдастырылған экскурсиялар болып бөлінеді. Экскурсияға қатысушылардың ерекше тобы – діни мінәжат етушілер, мүгедектер, вір-клиенттер.

Экскурсия жүргізуші әртүрлі топтармен жұмыс жасауды білуі тиіс. Әр топтың өз ерекшеліктерін ескере отырып, экскур-

сия мазмұнына, жүргізу тәсілі мен техникасына, ұзақтылығына өзгерістер енгізіледі.

Откізген орнына қарай экскурсиялар қалалық, қала маңы, өндірістік, мұражайлыш, кешенді (бірнеше экскурсияның элементтерін пайдаланады) экскурсияларға жіктеледі.

Козғалу тәсіліне қарай жаяу және түрлі көліктерді пайдалану арқылы өткізілетін экскурсиялар болады. Жаяу маршруттардың ұзақтығы экскурсия қатысуышылардың дene шынығуының мүмкіндіктерімен шектеледі, сондықтан өте ұзақ бола алмайды – нысандар бір-бірінен алыс болмау керек. Қазіргі кезде экскурсия өткізу үшін автобус, троллейбус, трамвай, өзен және теңіз теплоходтары, әуе көлігі сияқты кез келген көлік түрін пайдалануға болады. Көлік пайдаланатын экскурсиялардың ең кеңінен тараған түрі – автобустық экскурсиялар. Қазіргі жақсы жабдықталған автобустар экскурсия жүргізу үшін өте ынгайлы, себебі автобустық экскурсияның нысандары жүріп бара жатқан кезде де, арнайы аялдамаларда көрсетіледі.

Экскурсияның ұзақтығына қарай – экскурсиялар бір академиялық сафаттан бір тәулікке дейін созылады. Қысқа мерзімді турлар (3-4 тәулікке дейін) демалыс күнгі маршруттар деп аталады, оның құрамында бірнеше экскурсиялар болуы мүмкін. Егер экскурсиялық бағдарлама бір тәулікке дейін созылса, онда тамақтануға, демалуға, кәдесей алуга, жол ақпаратымен танысуга үзілістер болу керек.

Откізу түріне (формасына) қарай экскурсиялар: экскурсия-серуен, экскурсия-массовка, экскурсия-концерт, жарнамалық экскурсиялар, экскурсия-әңгіме, т.б. болып бөлінеді.

Экскурсия-серуен. Қоپтеген жағдайларда табиғатқа шығумен байланысты. Мұндай экскурсияларда көріп, тамашалау мен демалыс бір-бірімен тығыз байланысты болады.

Экскурсия-массовка. Экскурсияға қатысуышылар бірнеше автобуспен шығады, әдетте, мұндай экскурсия ұйымдастырылған бұқаралық-мәдени іс-шараларымен бірге өткізіледі.

Экскурсия-концерт. Олар музикалық тақырыпқа арналады және автобус жүріп бара жатқан кезде немесе мұражайға барған кезде экскурсия музыкамен сүйемелденеді. Басқа варианты: егер экскурсия музикалық театрда немесе консерваторияда өткізілсе, концерт экскурсия алдында немесе сонында болуы мүмкін.

Жарнамалық экскурсиялар. Өндіріс орнында немесе фирмада өткізіледі, оның негізгі мақсаты клиенттерді немесе іскерлік әріптерді тарту.

Экскурсия-әңгіме. Ол экскурсия тақырыбына қатысы бар адаммен кездесу. Мұндай әңгімен экскурсияны бастауға немесе аяқтауға болады. Мысалы өндіріс орнында өткізілетін экскурсияны басшылардың біреуімен кездесуден бастаған дұрыс. Әскери тақырыбындағы экскурсия кезінде Ұлы Отан соғысының ардагерімен кездесу үйымдастырылуы мүмкін.

Оқу экскурсиясы ұғымы бастауыштан бастап, жоғары мектепке дейін әр түрлі оку орындарының оку үрдісін даярлаудың формасы немесе сабак түрі болып табылады. Көбінесе оку экскурсияларын географтар, биологтар, тарихшылар, геологтар, архитектура пәннің мұғалімдері өз тәжірибелерінде қолданады.

Білім беру орындарындағы оку экскурсияларының маңызы – олар арқылы оқудың өлкетанымдық қағидасы жүзеге асырылады.

Экскурсия түріне қарамастан, барлық оку экскурсиялар нақты бір бағыт бойынша дайындығы бар түлға жетекшілігімен өткізіледі.

Экскурсиялық қызметте оку экскурсиясы арнайы аудиторияда экскурсоводтарды дайындаудың және қайта даярлаудың курс пен семинарларын тыңдаушыларына жаңа экскурсияны дайындау кезінде өткізіледі, экскурсиялық қызметкерлерді оқытудың және біліктілігін көтерудің формасы.

Оқу экскурсиясы алдында секция жетекшісі немесе әдістемеші экскурсияда қарастырылатын міндеттер бойынша топпен сұхбат өткізеді. Экскурсия біту мерзімінде нәтиже көрсетіледі.

Оқу экскурсиясы дайындықты талап етеді. Экскурсия тақырыбын және түрін таңдаудан басталады. Экскурсияға қатысушилар экскурсияның әдістемесімен, мәтінімен және «Экскурсия жүргізуі портфелімен» танысады. Оку экскурсиясына қатысатын тыңдаушы тақырыбын толығымен білу керек. Берілген жағдайда ғана тыңдаушы экскурсияға баға беріп пікір алмасуға белсенді қатыса алады.

Сынақ экскурсияларын жүргізу жаңа туристік өнімді енгізген немесе бар өнімді жаңа экскурсовод игерген кезде қажетті

кезең. Егер экскурсия алғашқы рет өткізіліп жатса, оған ерекше, қосымша талап қойылады – осы тақырыптағы экскурсияның сұранысына маркетингтік зерттеу жүргізу қажет.

Сынақ экскурсиясы оның мәтіні жете дайындалып, маршруты құрылып, нысандарға сипаттама беріліп және әдістемелік құралының (технологиялық карта) барлық кезеңдері дайындалып болғаннан кейін ғана өткізледі.


Сыналатын экскурсия жаңа экскурсия дайындау барысында ең соңғы және әсерге толы кезең. Оған экскурсияның дайындық сапасы бойынша қорытындысын жасайтын туристік-экскурсиялық мекемелердің жетекшілері, шығармашылық топтың мүшесілері, тәжірибесі мол экскурсоводтар, ішкі және келу туризм маршруттарын жасайтын туристік фирмалық менеджерлері, мұражайдың ғылыми жұмысшылары мен мамандары қатысады.

Сөйтіп дұрыс жүйеленген экскурсия тұтынуға қызмет көрсету жұмысын жақсы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Экскурсияның мақсаты мен міндеті.
2. «Функция» түсінігі. Экскурсияның функциялары.
3. Экскурсия функцияларының атқаратын рөлі.
4. Экскурсияның белгілері.
5. Экскурсияның жеке белгілеріне сипаттама беру.
6. Экскурсиялар қандай негізгі белгілер бойынша жіктеледі?
7. Экскурсиялар мазмұны бойынша қалай жіктеледі? Шолу экскурсиясына сипаттама беріңіз.
8. Тақырыптық экскурсия дегеніміз не? Оның ерекшеліктері қандай?
9. Қатысушылардың құрамы бойынша экскурсиялар қалай жіктеледі?
10. Олардың ерекшеліктері қандай?
11. Экскурсиялардың өткізу формасына қарай жіктелуі.

Экскурсиялардың топтастырылуы



3-тaraу

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРИ

3.1. Экскурсияның логикасы

Логика деген сөз гректің «логос», «логос» деген сөздерінен алынған. «логос» – сөйлеу, түсіндіру, ал «логос» – ақыл-ой деген мағынаны білдіреді. Логика деп – дұрыс ойлаудың заңдары және ережелері туралы ғылымды айтамыз. Адам баласының түрмисында дұрыс ойлау күрделі рөл атқарады. Адамның ойы дұрыс болу үшін, ол белгілі бір ережелерге, заңдарға бағынуы тиіс. Ойлау адамның рухани түрмисының ең жоғарғы формасы.

Экскурсия логика талабы арқылы құрастырылады. Ол экскурсиялық материалды ұсыну мен нысандарды көрсетудің заңдылық түрі. Әрбір экскурсовод дұрыс қысынды ойлаудың заңы мен формасын жан-жақты және терең білу керек.

Тәжірибелі экскурсоводтар көбінесе практикада логиканың заңдылығын білмесе де, дұрыс ойлап, сендіре сөйлейді. Олар бұл жерде өзінің табиғи интуициясына (сезіміне) сүйенеді.

Логикалық заңға жататындар: анықтық, қарама-қайшылық, жүйеллік, дәлелділік. Логикалық форма – құрылым, ойдың құрылымы. Логикалық тәсілдер – анализ, синтез, абстракциялау, талдап қорыту.

Әдіскерлер мен экскурсоводтар экскурсия жасаған кезде ойлау заңының негізгі әрекеттерімен санасу керек. Олар ойлаудың негізгі төрт заңын қарастырады. Бірінші – тепе-тендік заңы, екінші – қайшылықсыздық заңы, үшіншіні – ескермеу заңы және төртінші – жеткілікті негіз заңы. Бұлар ойлаудың негізгі заңдары деп аталады. Өйткені олар логикалық ойлаудың түпкі қасиеттерін – анықталмағанын, қайшылықсыздығын, аяқталғанын, негізделгенін көрсетеді. Бұл қасиеттер ойлаудың барлық үдерістерінде, оның қандай да болсын формасына қарамастан әрекет етеді. Логикалық заңдар дұрыс ойлаудың міндетті шарты болып табылады.

1. *Tепе-төндік заңы*. Экскурсия кезінде бұл заң экскурсия жүргізушісіне бір объектті әңгімелегендегі басқа объектпен ауыстырып алмай, әңгіме барысындағы түсініктер түрлі мағынада болмауы керек. Тепе-тендік заңы. Қандай да болсын бір затты не нәрсені қарастырғанда, соған тән белгілер туралы ойлау қажет. Сол зат немесе нәрсе туралы ой қайталаңбау үшін анық, тұрақты мазмұнда болуы керек. Бұл ойлаудың ең маңызды қасиеті – оның анықталғандығы – пікір үдерісіндегі қандай да болсын ойдың өзара тепе-тендігі – тепе-тендік заңын айқындаиды. Тепе-тендік заңы – барлық ой қорытындыларының өзара қосылып, бірін-бірі толықтыратын логика заңы. Сырттай қарастырғанда, логикалық заңдар ішіндегі ең қарапайым түрі. Оны былай түсіндіруге болады: егер айтылған пікір шындық болса, ол – шындық. (Мысалы, егер шөп көк болса, ол – көк, ал егер шөп қара болса, ол да қара).

Табиғатта және қоғамда заттар мен құбылыстардың бір-бірімен араласып кетпей, нақты, белгілі ерекшеліктері болатыны сияқты, заттар мен құбылыстар туралы біздің ойларымыз да бір-бірімен араласып кетпеуі тиіс. Болмыстың кейбір құбылысы туралы дұрыс пайымдай отырып, біз өзіміздің ойымызда зерттеп отырған нәрсені ауыстырмаймыз, екішті ойламаймыз. Ойлаудың дәл, анық болуы – дұрыс ойлаудың заңы. Бұл заңың тұжырымдамасын тәмемдегідей келтіруге болады: белгілі бір пікірлесуде, ұғым мен пікір сол бір мағынада ғана қолданылуы қажет, яғни өзіне-өзі тен болуы тиіс.

2. Қайшылықсыздық заңы – экскурсия әңгімесі кезінде бір ой өзінің мағынасынан экскурсия бойы қайтпауы. Бір ой бір уақытта жалған және шынайы болмайды. Тарихи оқиғалар жайлыш әңгімелеген кезде қарама-қайшылықтарды болдырмау керек. Фасырлар бойы жинақталған адамзат тәжірибесінен нәрселер мен құбылыстардың қасиеттері өзара байланыста болатыны байкалған. Мысалы, бір заттың түсі сары болса, нақ сол кезде және сол жағдайда оның түсі қара болуы мүмкін емес екенін, егер құс ұшып келе жатса, нақ сол кезде оның бұтаққа қонып отыруы мүмкін емес екендігін адамдар әлдеқашан байқаған. Заттардың осы сияқты әдетті қасиеттері дұрыс ойлаудың тұрақты белгісі реңінде санасына орнаған. Егер заттың белгілі бір қасиеті нақ сол жағдайда және сол кезде ол заттың өзінде бірден болуы да және

болмауы да мүмкін емес болса, онда дұрыс ойлауда да бір мезгілде, бір мағынада алынған бір мәселе жөнінде қарама-қарсы екі түрлі пікір айтып, ой қайшылықтарын туғызуға болмайды. Дұрыс ойлаудың бұл заңы логикада қайшылықсыздану заңы деп аталады. Демек, бір-біріне қарама-қарсы екі пікір бір мезгілде шындық болуы мүмкін емес, оның бірі жалған болады. Мысалы, «осы өзен Ертіске құяды» және «осы өзен Ертіске құймайды» деген екі пікір бір мезгілде шындық болуы мүмкін емес, егер екі пікір де осы өзенге қатысты болса.

Қарама-қайшылық ойды бұзып, таным үдерісін ауырлатып жібереді. Ойлаудың қайшылықсыз талабы формалды логикалық қайшылықсыздық заңын бейнелейді. Бұл заң мынадай формулада: А және А емес, яғни бір-бірін жоққа шығарып тұрған екі ой бірге ақиқат бола алмайды.

Қайшылықсыздық заңы бір уақытта, бір тұрғыдан айтылған қарама-қарсы екі пікірдің екеуі бірдей ақиқат болуын теріске шығараады. Бірақ бұдан оның екеуі де жалған пікір болуы мүмкін деген түсінік шықпайды. Мысалы, мынадай: «біздің сыныптағы оқушылардың бәрі үздік» және «біздің сыныптағы бірде-бір оқушы үздік емес» деген қарама-қарсы пікірдің екеуі бірдей ақиқат болуы мүмкін емес, бірақ оның екеуі де жалған болуы мүмкін. Мұндай жағдайда: «біздің сыныптағы кейбір оқушылар – үздік» деген ақиқат пікір шығады. Сөйтіп қайшылықсыздық заңы қарама-қарсы екі пікірдің біреуінің немесе екеуінің бірдей жалған екені жайлы сөз қылмайды.

3.Ушіншісі ескермеу заңы – пайымдау мен мойындаудың арасында үшіншінің болмауы. Егер бір ой пайымдалса, екіншісі мойындалмайды, бұл жерде осы екі ойдың біреуі ғана дұрыс болады. Экскурсовод өзі вариант таңдап екінші ойды терістейді. Үшіншіні ескермеу заңы ұстанымсыздыққа қарсы бағытталған. Бұл заң бір мәселе жөнінде бірін-бірі жоққа шығаратын көзқарастарды шатастыруға қарсы бағытталған заң.

Ал үшіншіні ескермеу заңы бірі бірденені қостайтын, екіншісі дәл соны терістейтін екі қайшы пікір бар жерде ғана қолданылады. Жеткілікті негіз заңы. Дұниедегі барлық заттар мен құбылыстар себеп-салдар байланысында болады. Себептен тұған құбылысты әрекет деп атайды, яғни себепсіз салдар болмайды.

Дүниеде себепсіз құбылыс жоқ. Егер бір құбылыс басқа құбылыстардың өткендеғі дамуы арқасында дайындалып жетілмese, табиғат пен қоғамда ешбір құбылыс пайда болmas еді.

Нәрселер мен құбылыстардың объективтік дүниедегі осындағы өзара байланысы адамның ойында жеткілікті негіз заңы туриңде бейнеленген. Жеткілікті негіз заңы – әрбір ақиқат, ой жеткілікті негізделуі тиіс деп тұжырымдалады.

Белгілі бір ақиқат ойды білдірсек, оның ақиқаттығын негіздеуіміз керек, яғни шындыққа сәйкес келетіндігін дәлелдеуіміз тиіс. Мысалы, айыпталушыға белгілі бір кінә таққан кезде айыптаушы өз пікірінің ақиқаттығын негіздейтін қажетті дәлелдер келтіруі тиіс. Олай болмаса, табылған кінә негіzsіз болып шыгады. Бұл заң дұрыс ойлаудың қажетті шарты болып табылады.

4. Жеткілікті негіз заңы – бұл бір ой дәлелді болуын қажет етеді. Тек осы жағдайда ол дұрыс боп саналады. Әрбір ой басқа ойлармен дәлелдену керек. Дәлелсіз ойлардан сак болу керек.

Жеткілікті негіз ретінде қандай жағдайларды алуға болады: ең алдымен, мұнданың негіз ретінде адамның өз тәжірибесін, жеке фактілерді келтіруге болады. «Бұл қылмысты жасаған Н. деген адам» деген пікірдің ақиқаттығы, мәселен, сол қылмыстың жасалғанын көрген адамның тікелей көрсетуі, куәландыруы арқылы дәлелденеді. Адамның жеке басының тәжірибесінің өрісі тар. Сондықтан адам өз қызметінде басқа адамдардың тәжірибесіне, тағы басқа сүйенеді. Мұнданың дәлелдер қылмысты тергеу жұмыстарында, тарих ғылымында тарихи фактілерді анықтауда, тағы басқа жиі қолданылады.

Жеткілікті негіз заңының ойлау үдерісінде аса зор теориялық және практикалық маңызы бар. Біреуді өзіміздің айтқандарымыздың ақиқаттығына сендіру керек. Бір пікірді дәлелдеу дегеніміз – оны негіздеу деген сөз, яғни жеткілікті негіз ретінде ғылымда және практикада дәлелденген ақиқатқа жататын басқа пікір келтіру керек.

Жеткілікті негіз заңы – еш нәрсемен дәлелденбеген пікірге сеніп, оларды қабылдай салатын логикасыз ойларға қарсы, әртүрлі діни нағымдарға, ырымшылдық пен жоқ нәрсеге сенушілікке қарсы бағыт.

Жоғарыда қаастырылған төрт заң дұрыс ойлауга қойылатын айқындылық, қайшылықсыздық, дәйектілік және дәлелділік талаптарының жалпы көрінісі. Сондықтан дұрыс ойлаудың бұл жалпы заңдары ойлаудың ұғым, пікір, ой қорытынды, дәлелдеу сияқты жеке формаларының айрықша ережелерінен көрініп отырады. Мысалы, ұғымдардың арасындағы қатынастарды, ұғымды анықтағанда, пікірлер арасындағы қатынастарды, ой қорытындылар мен дәлелдеулердің жеке түрлерін дұрыс құру ережелерін қаастырганда, тағы басқа бұл заңдарды қолданамыз. Осыған байланысты бұл заңдардың логикалық мәні мен талаптарын меңгеріп, біліп алған жөн.

Логикалық заңдарын пайдалану әдіскерлер мен экскурсоводтарға келесі қисынды проблемаларды шешуге мүмкіндік береді:

- экскурсиялық материалды дәлелді әңгімелегенде, көргеннен әсер алуға, аргументтерді дұрыс пайдаланған арқылы дәлелдеу;
- тарихи оқиғаларды шындықпен түсіндіру, факт пен мысалдарды сипаттау кезінде қисынды жүйелілікті анықтау;
- экскурсияның әңгімелегенде бөлігінің қорытындысының түйінін тұжырымдау;
- көрсетудің, әңгімеледің әрбір методикалық тәсілін пайдаланғанда қисынды схеманы таңдау.

Ор экскурсияда мейлі ол қай тақырыпқа арналмасын, логиканың өзі сүйенетін конструкциясы болады. Бұл жерде біз логикалық ауысу жайлы айтамыз. Экскурсияда қисынды ауысудың екі түрі болады – «көпір» арқылы ауысу жене тікелей ауысу.

Логикалық ауысулардың негізгі ерекшелігі, ол экскурсияның әңгімелегенде бөлігі мен көрсету бөліктерін байланыстырады.

3.2. Экскурсия педагогикалық үрдіс ретінде

Экскурсияның ақпараттық-танымдық және тәрбиелік функциясы ой-өрісінің кеңеюіне, есте сақтау қабілетінің, ойлау қабілетінің, ынтаның дамуына мүмкіндік береді. Экскурсияның эф-

фективтілігі экскурсия соңындағы нәтижесі (алдын-ала аталған психологиялық бөліктерде жоспарланған өргертулер қаншалықты деңгейде жүзеге асты) мен экскурсанттардың қанағаттану дәрежесі сиякты параметрлермен анықталады. Әрбір параметрден жоғарғы көрсеткішке ие болу үшін бірнеше талаптарды сактау керек.

Экскурсия педагогикалық үрдіс ретінде алдын-ала жоспарланған білім беру нәтижесіне алып келетін, экскурсовод пен экскурсант арасындағы кезектілік пен белгілі бір мақсатқа бағытталған өзара қарым-қатынас негізі болып табылады.

Педагогикалық мақсат – экскурсанттың психологиялық құрылымындағы жаңа білім беру және әрбір экскурсовод жүзеге асыруға тырысытын жүйе құраушы компонент.

Педагогикалық мақсат келесідей компонентерден тұрады: тәрбиелік (азаматтылықтың қалыптасуы, патриотизм, адамгершілік, инабаттылық және т.б. қасиеттер); оқу-агартушылық (ой-өрісті кеңейту, дамыту), психологиялық (есте сақтау, ойлау қабілеттерін, ынта және сезім мүшелерін дамыту).

Экскурсиялық тәжірибе негізінде экскурсанттың тұлға ретінде қалыптасуына экскурсия мазмұнына сай алдын ала дайындалған мәтінді әңгімелуе де әсер етеді. Әңгімелуе барысында құбылыстар аяқталған, реттелген бір бүтінді беруі керек.

Экскурсияның табысқа жетуі үшін, экскурсовод экскурсанттармен өзара қарым-қатынастардың жүзеге асуы принциптерін сақтауы керек. Мұндай принциптерге ізгілік бағыттылығы, акпаратты жинау барысындағы шығармашылық ізденіс, мазмұнының вариативтілігі, экскурсанттардың психологиялық ерекшеліктеріне сай экскурсияны жүргізу әдіс-тәсілдерін таңдау, экскурсант пен экскурсовод арасындағы субъект – субъекті қарым-қатынас, диалог ретіндегі негізгі қарым-қатынасқа жатады.

Әрбір принциптерді жеке-жеке қарастырайық.

Экскурсияның ізгілік бағыттылық принципі адамның адам алдындағы жауапкершілігіне негізделеді. Ізгі адам – өзі үшін және қоғам үшін еңбектене алатын адам. Экскурсиядағы ізгіліктің екі жолын бөліп қарастырады. Бірінші жолы – қарастырылып отырған материалға адамгершілік аспектілерін қосу (экс-

курсияны адамгершілік құндылықтар түрғысынан жүргізу, діни сенімдері мен көзқарастарын сыйлау, халықтар арасындағы достастық пен өзара түсінушілікке көніл бөлу). Екінші жолы – экскурсовод пен экскурсант арасындағы қарым-қатынасты демократизациялау, индивидуализациялау, дифференциациялау.

Шығармашылық ізденіс экскурсия мазмұнының дұрыс таңдалуына, экскурсияны жүргізу әдіс-тәсілдеріне және мүмкін болатын максималды педагогикалық нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Экскурсоводтың шығармашылық іс-әрекеті аудитория ерекшеліктеріне сай экскурсияның педагогикалық мақсатында, экскурсия жүргізу жоспарында, экскурсияны жүргізу және эффективті әдіс-тәсілдерді қолдану барысында анық көрінеді.

Мазмұнының вариативтілік принципі қосымша тақырып-шаларды қосуға, экскурсанттардың танымдық қызығушылықтары мен сұраныстарын, интеллектуалды мүмкіндіктерін анықтауга мүмкіндік береді. Ең бастысы экскурсовод экскурсия мазмұны бойынша ең негізгі ақпаратты жеткізуді бірінші орынға қоюы керек.

Экскурсовод пен экскурсант арасындағы субъект – субъект қатынасы бойынша олардың арасындағы тең құқықтылық байқалады. Экскурсанттар экскурсияның мақсатын құруға, формасын және экскурсияны жүргізу әдіс-тәсілдерін тандауга қатысады.

Экскурсиялық тәжірибелі қарау барысында педагогикалық эффективтілігі әртүрлі бірнеше сөйлесу моделдерін ажыратады.

Авторитарлық модель – экскурсовод экскурсанттардан бөлек. Ол ең негізгі тұлға, қалғандары оның әрбір сөзіне ден қоюп тыңдаулары керек. Одан авторитарлық талдау мен аргументтер анық байқалады.

Інталы дифференциалдау модели – экскурсоводқа бүкіл экскурсанттардың бір бөлігі ғана қызықты. Бұл жағдайда бүтін жүйе «экскурсовод-аудитория» бұзылады.

Гипорефлекстік модельде экскурсовод монологтік сөйлесуге негізделген. Әңгімелесу барысында ол тек өзін ғана тыңдайды және тыңдаушыларға ешқандай мән бермейді. Диалог жоқ – тыңдаушы тарапынан қаратпа сөздер айтылса да экскурсовод оған мән бермейді. Ондай экскурсовод эмоционалды ке-

рең жәнге тек өз идеяларына ғана берік. Соның негізінде оның айналасында психологиялық вакуум қалыптасады. Оқу-агартушылық мақсаты тек формалды түрде ғана сақталады. Экскурсовод өз аргументтеріне сенімсіз, экскурсанттарды тындана алмайды, сондықтан экскурсияны басқару экскурсанттарға өтіп кетуі де мүмкін.

Икемсіз әсер ету моделінде экскурсовод қатал түрде бағдарламаны, мақсаты мен міндеттерін, методикасын ұстанады, бірақ аудиторияны сезінбейді, олардың реакциясына мән бермейді. Ол экскурсанттардың құрамын, психологиялық жағдайын, жас, этникалық ерекшеліктерін ескермейді. Идеалды түрде жоспарланған және методикалық таңдалған экскурсия қоғамдық-психологиялық жағдайда өз мақсатына жете алмайды.

Белсенді коммуникативтік қарым-қатынас моделі – экскурсовод әрқашан экскурсанттармен диалогта болады. Олардың көңіл-күй өзгерістерін сезініп, оған тез бейімделеді. Бұл жағдайда рөлдік дистанцияны сақтау негізінде достық қарым-қатынас байқалады. Бұл модель басқа модельдермен салыстырғанда өте тиімді және нәтижелілігі жоғары.

Экскурсия сонында педагогикалық қарым-қатынас нәтижелерін бағалауы қорытынды компоненті болып табылады. Экскурсовод топтан айтылған материал бойынша барлығы түсінікті болды ма, экскурсиямен қанағаттанды ма және экскурсияны құрастыруға катысты қандай ұсыныстар бар екенін сұрап, қорытынды жасау керек.

3.3. Экскурсия әрекетінің психологиялық негізі

Психология – адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да тұа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекеттің зерттейтін ғылым.

Экскурсия жүргізушісінің алдында тұрган негізгі психологиялық міндет, топтың назарын ұйымдастыру арқылы тақырыпқа деген қызығушылықты қалыптастыру және оны экскурсия бойы үзбеу. Экскурсия жүргізушісі топтың кәсіпқой жетек-

шісі педагог, актер және психолог ретінде, топтың және жеке әр экскурсанттың психикалық көңіліне әсер етуді білу керек.

Әңгімесін жүргізген кезде экскурсия жүргізуші қарауындағы бар фактілерді, топтың құрамы, келген жері, жасы, және жыл мезгілі мен тәулік ауытқуын ескеру керек. Жасына байланысты маршрут құрастыру ғана емес, сонымен бірге экскурсанттарға оң психикалық әсер беруге көмектесетін ерекше сөз орамы, сөз сарыны, паузалар қолданылады. Бірінші және неғізгі шарт жақсы психологиялық қатынасқа жағдай жасау – дұрыс таңдалған сөз сарыны мен қарқыны, осы топқа қызығушылық тудыратын қосымша көрсету нысандарын енгізу.

Экскурсияның басында экскурсия жүргізуші ерекше нұсқауларды беру керек, соның арқасында жеке тыңдаушылар бір ұжымға, әңгіме тақырыбымен қызығатын, топқа айналады. Мысалы, экскурсия жүргізуші, бүтін қымбатты қонактар, сіздер үшін ерекше «Сүйікті қала» атты шолу экскурсиясы жүргізіледі деп хабарлауы.

Жақсы психологиялық қүйді қалыптастыруға келесі тәсілдер көмек береді:

- әр топқа барлық факторларды ескере отырып (қатысуышылардың жасы, олардың мамандығы, келген жері) дара тіл табу;
- экскурсияны өткізу кезін ескеру, мысалы топ экскурсияға ұзак сабактан немесе отырыстан келген болса, маңызды, бірақ қала қонақтарына қызықсыз нысандарды қысқартып, көрсетуге мүмкіндігінше қызықты нысандарды енгізу керек;
- шытырман тәсілін пайдалану, мысалы экскурсия жүргізуші экскурсия алдында қала тарихының кейір құпиялары ашылады деп жариялады. Ескеретін жай, бұл уәде орындалуға тиіс, немесе психологиялық көніл орын таппайды. «Құпия» ретінде, мысалы, Собордың астында, жер асты жолдың болуы жайлы әңгімелеу.

Экскурсия кезінде үш психикалық үдерістер байқалады:

- 1) танымдық;
- экскурсанттарда ойлау негізінде әсер пайда болады;

- ойлау сөздік-логикалық, көрнекті-шолу және көрнекті-шынайы; формасы бойынша – түсінік, пікір, ой тұжырымы бола алады;
 - экскурсия кезінде нысандар мен заттарды елестету, алдында бар ақпарат негізінде жаңа білім көмегімен және қиял арқылы құрылады;
- 2) еріктік:
- есте сақтау – жиналған білім байлығын қалпына келтіру, ақпаратты сақтау мүмкіндігі және оны қажеті болған кезде еске түсіру;
 - зейін – адамның әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы. Біраз уақыт өте кез келген оку процесінде зейінде, қонілде жандануды қажет етеді;
 - көргенді және естігенді талдау, оларға баға беру. Ақпаратты баяндау кезінде логикалық тізбекті сактаса экскурсия қатысушылары жаңа білім көлемін алушмен қатар мәліметтердің негізінде оған өз бағасын бере алады. Еріктік процесс ол – экскурсанттардың бүкіл экскурсия бойы белсенділігі.
- 3) эмоционалдық:
- әсерленушілік. Эмоционалды процесс тану процессін то-лықтырады, жандандырады. Тәжірибесі бар экскурсия жүргізуінің арнайы тәсілдерді пайдалана отырып, экскурсанттарды айттылған әңгімесінің кейіпкерлерінің бірі болып сезіну әсерін тудырады.

Оқу іс-әрекетінде психологтар зейіннің үш түрін ажыратады:

- **ырықсыз зейін** еріксіз, күш салмай, рефлекс түрінде пайда болады, әсерлік мұндауда негізгі фактор болады – нысанның көлемі, ажарлығы, экскурсоводтың қатты дауысы, артық қол қымылды, т.б. Басында бұл оң әсер етеді, бірақ уақыт өте сезім органдары шаршай бастайды, әрі қарай топ еш бір жаңалық естімесе зейін төмендейді. Ырықсыз зейін тікелей қызығушылықпен айқындалады;
- **ырықты зейінде** ондай қызығушылық болмағанымен, міндеттіне, мақсатына байланысты, сондықтан зейінді

санасы арқылы бағыттайты. Экскурсияға қатысушылар алдына әдейі мақсат қояды: мұқият бол, тында, ойла. Алдын ала ойластырылған экскурсияны дұрыс жүргізген кезде зейіннің осы түрі пайда болады.

- **үйреншікті зейін** көпшілік жағдайда экскурсанттардың өз зейінін өзі басқаруынан көрінеді. Іс-әрекетке кірісу және соған байланысты қызығушылықтың пайда болуы мақсатқа бағыттылық сақталады, зорлануды жеңілдетеді. Іс-әрекет үрдісінде пайда болатын қызығумен сипатталатын доминанта.

Экскурсияға зейіннің екі түрі қажет – ырықты және үйреншікті зейін.

Психология экскурсанттардың жастық ерекшеліктерін еске алуды талап етеді. Зейіннің ең төменгі деңгейі – 18-21 аралығында болады, ал орташа зейін деңгейі – 22-25 жас аралығында, 26 жастан бастап зейіннің деңгейі өседі.

Экскурсоводтардың психология негіздерін білу, тақырып бойынша ақпаратты дұрыс беру, нақты аудиторияның қызығушылығын, экскурсанттардың көргенге, әңгімеге көзкарасының реакциясын уақытылы байқауға көмек береді.

3.4. Әртүрлі экскурсиялық топтарға қызмет көрсету ерекшеліктері

Экскурсияларға әр алуан топтарға жататын адамдар қатысады. Экскурсовод топтың ерекшеліктерін ескеріп, экскурсияны осыған орай әзірлеуі қажет және әр түрлі топтармен жұмыс жасай білуі тиіс.

Экскурсанттар: жас мөлшері, зиялыштық деңгейі, ой өрісі, көсібі мен білімі, қатысушылар саны, экскурсант тұратын жері бойынша бөлінуі мүмкін.

- **Экскурсанттардың жасына** экскурсия материалымен бірге оны суреттеп беру, нысандарды таңдалу алу, көрсету және т.б. тәуелді болады.

Жасына қарай топтар бөлшектеп (мысалы, мектепке дейінгі балалар, кіші мектеп оқушылары (1-4 сынып), орта жастағы оқу-

шылар (5-8 сынып), жоғары сынып оқушылары, студенттер) әлде жалпы түрде (мысалы, мектепке дейінгі балалар, мектеп оқушылары, жасөспірімдер, жастар, т.б.) бөлінуі мүмкін. Кейде, мысалы, қалалық шолу экскурсияларында экскурсанттардың жасы жастардан бастап зейнеткерлерге дейін ауқымды болады. Дегенмен, топқа жасы жақын адамдардың болғаны ынғайлыш.

Балаларға арналған экскурсиялар белсенді түрде, жылдам қарқынмен өтеді, экскурсиялық әңгіме сұхбаттасу түрінде өткізілгені дұрыс. Ересек адамдар тек қана еріп жүруі тиіс (15 балаға 1 ересек адам). Ересектер, балаларға барлығы көрініп тұруы үшін шетте тұруы, автобуста артында отыруы керек. Балалар жасының айырмашылығы екі жастан аспаганы дұрыс.

Әдетте, балаларға арналған экскурсияларды педагогикалық білімі және балалармен жұмыс істеу тәжірибесі бар адамдар әзірлейді. Экскурсоводтар мектеп оқу бағдарламаларын, балалар психологиясын жаксы білуі тиіс, сондай-ақ олар балалармен қатынас жасай білуі, олардың көңіл-күйін бүкіл экскурсия кезінде баға білуі тиіс.

Оқу экскурсияларын мұғалім мектеп оқу бағдарламасына сәйкес жүргізеді. Экскурсия тақырыбы оқу материалымен байланысты болуы қажет. Экскурсиялар оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың білімін арттыруы тиіс, олардың анық мақсаты және алдына қойылатын нақты міндеттері болуы қажет. Тақырыбы мен жәдігерлері балалардың жасын ескеруі тиіс, оларға түсінікті болуы қажет.

Мектеп оқушыларына арналған экскурсияларда оқушылардың өзіндік жұмысы, белгілі бір тапсырмалар болуы міндетті және осы жұмысы үшін баға қойылуы қажет. Бастауыш сыныптарда экскурсия түріндегі сабакты мұғалімнің өзі жүргізеді, өйткені ол оқушылардың қабілетін жақсы біледі әрі өткен материалға сүйеніп, жаңа мәліметтер бере алады. Жоғары сыныптар оқушылары үшін экскурсиялық бюро немесе мұражай мамандарын шакыруға болады.

Мектептен тыыс экскурсияларды қәсіби экскурсовод сабактан тыыс, демалыс, каникул кезінде өткізеді. Мұндай экскурсиялардың мақсаты – балалардың жалпы мәдени деңгейін арттыру.

Бастауыш сыныптар оқушыларына арналған экскурсиялардың уақыты 45 минуттан аспауы керек, орта жастағы оқушы-

лар үшін – 2 сағат, жоғары сыныптар үшін – 3 сағаттан аспауы тиіс. Экскурсия кезінде өз еркімен қарау және демалыс үшін үзілістер болуы қажет. Әрбір 45 минут сайын санитарлық аялдама жасап, автобусты желдетіп алу керек.

Кіші оқушылар үшін жаяу экскурсиялар кезінде сағатына 2 км жылдамдықпен, жоғары сыныптар үшін – 3 км/сағ. жылдамдықпен жүру керек. Экскурсия басталмай, міндettі тұрде автобуста, көшеде және бір нысаннан екіншіге өткен кездегі жүріс-тұрыс ережелері туралы нұсқау жасау қажет; ата-аналарға балаларын қарсы алуы үшін экскурсия аяқталатын уақыты мен жері туралы міндettі тұрде хабарлау керек.

Балаларды тасымалдайтын экскурсиялық автобустың алдынғы және артқы терезелерінде арнайы тақтайшалар, сондай-ақ дәрі-дәрмек қобдишасы болуы міндettі. Егер экскурсияға бірнеше автобус қатысса, колоннаны полицей патрулі ертіп жүреді.

Нысандардың алдында экскурсовод балаларды барлығына көрінетіндей қылып бойына қарап, орналастырады.

Экскурсовод балаларды қызықтыруы керек. Қын әрі ауқымды материал балаларды қатты шаршатып жібереді, сондықтан әңгіме арасында үзіліс жасап, ойын ұсыну қажет, әсіре-се, экскурсия қаладан тыскары жерде өтсе. Алайда, экскурсияны жайғана ойын-сауыққа да айналдыруға болмайды.

Жастар үшін экскурсиялар психологиялық, әлеуметтік жағдайға (қала әлде ауыл тұрғындары, жұмысшылар, студенттер, т.б.) байланысты өткізілуі тиіс.

Студенттер – ерекше әлеуметтік топ. Өмір тәжірибесі мол болмаса да, логикалық ойы терең, зияллылар тобына жақын, өмірге сын көзben қарай біледі. Сондықтан да бұл жастардың қандай да бір мәселе болмасын, олардың сол мәселе туралы өз пікірлері мен ұстанымдары болады. Алайда, олар белгілі топтың да көңіл-күйіне еліктеп те кетуі мүмкін.

Студенттер әдепте экскурсия сапасына жоғары талап қояды, экскурсоводтың білімі мен эрудициясын жоғары бағалайды, қателер мен олқылықарды бірден-ақ байқап қалады. Жастармен жұмыс істегендеге менмендік, тәрбиешілік сарын кешірілмейді.

Зияллылық деңгейі, ой өрісі. Жоғары зияллылығымен ерекшеленетін топтарға объектілерді шығармашылықпен, терең, әр-

түрлі күрделі әдістерді қолданып көрсету қажет. Басқа топтар үшін экскурсовод әңгімесі түсіну үшін оңай болғаны дұрыс. Кейде қайталау, логикалық түсіндірме сияқты әдістерді пайдалануга болады.

Кәсіби дағдылар мен білім деңгейін әсіресе, экскурсанттардың мамандығына қатысы бар тақырыптық экскурсияларды әзірлеген кезде ескеру қажет. Мысалы, әдебиеттанушы үшін жазушы туралы бәріне белгілі мәліметтер кызықты емес; тарихи-биографиялық экскурсия кезінде мұндай экскурсант автордың өміріне қатысты объектілерді, ұсақ-түйектерді, фактілерді көріп, білгісі келеді. Әрине, экскурсовод материалды тиісті кәсіби деңгейде ұсынуы қажет.

Ауыл тұрғындарына арналған экскурсиялар әдетте, қараша мен наурыз айларының аралығында, ауылшаруашылық жұмыстарында үзіліс болған кезде өткізіледі. Ауылда театrlар, мұражайлар, филармониялар болмағандықтан, экскурсиялық бағдарламамен бірге мәдени орталықтарға барған дұрыс. Осында топтармен жұмыс істейтін экскурсовод ауылшаруашылық жұмысының ерекшеліктерін, ауыл мәселелерін білуі қажет. Ауылды жерде жетіспейтін тауарларды сатып алу үшін қосымша уақыт ескеру керек.

Қатысушылар саны экскурсия жүргізу әдістеріне, экскурсовод жұмысына әсер тигізеді.

Экскурсант тұратын жері. Экскурсанттарды жергіліктілер мен сырттан келгендеге, қала және ауыл тұрғындарына, басқа қаладан келгендеге, шетел экскурсанттарына белуге болады. Әрине, жергілікті тұрғындар кызықты жерлерді өздері де біледі, оларды белгілі назар аударапарлық жерлерден басқа объектілер бойынша тақырыптық экскурсиялар кызықтыруы мүмкін, ал сырттан келгендегерді қаланың, өлкенің, елдің ең атақты объектілері кызықтырады.

Шетел туристерімен ерекше түрде жұмыс істеу керек. Осында топ қатысушыларының саны әдетте, жетіден кем емес және қырықтан аспайды (автобус сыйымдылығына байланысты). Әрбір топта жергілікті немесе ағылшын тілін білетін жетекшісі (тур-лидер) болады. Ол жергілікті фирмалар өкілдерімен бірігіп жұмыс істейді. Қала және мұражайлар бойынша экскур-

сияларды әдетте, жергілікті гид-аудармашы өткізеді. Қонақтар стандартты емес немесе сирек болатын тақырыптық экскурсияларға тапсырыс беруі мүмкін. Сондықтан гид-аудармашы әртүрлі тақырыптарды суреттеу және импровизациялау үшін шетел тілімен бірге қала тарихы мен қазіргі өмірінің барлық егжетегжайлерін білуі тиіс.

Шетел тобымен жұмыс істегендеге экскурсанттарды қала географиясымен, аялдамалар және қозғалыс маршруттымен жете таныстыру қажет. Туристер қонақүй атауы, мекенжайы, орталық көшелер мен аландардың жергілікті транскрипциясын гидпен бірге жаттап алуы керек. Туристерге ақшасы мен құжаттарынан айырылып қалмау үшін сак болуы туралы ескеरту қажет.

Экскурсанттардың ерекше тобы – **санаториялардағы демалушылар**. Әдетте, олар әртүрлі аурулармен ауырған және мамандандырылған дәрігерлік мекемелерде сауықтыру арқылы денсаулығын қалпына келтіріп жүрген адамдар. Олар үшін емделу мен демалыс бәрінен де маңызды болғандықтан экскурсиялық жұмысты дәрігерлер кеңестері мен талаптарын орындап, жасау керек.

Экскурсиялық топтың түрі стандартты экскурсияларда ерекше маңызды. Экскурсанттар тобына олардың саны, әлде жасы бойынша шектеулер қойылады немесе топ түрі белгілі талаптарға сәйкес болуы қажет. Мысалы, қала шатырлары бойынша экскурсияларда топ мүшелерінің саны бестен аспауы тиіс; рафтингке балалар жіберілмейді; су астына аквалангпен сұнгу (дайвинг) экскурсияларына денсаулығы мықты адамдарға қатыса алады және т.с.с.

Экскурсиялардың классикалық нұсқаларында мұндай шектеулер әдетте болмайды. Шолу және тақырыптық (автобустық немесе жаяу) экскурсияларға шағын топтар да, саны 40-тан асатын үлкен топтар да қатыса алады.

3.5. Экскурсиялық көрсету мен әнгімелену

Бірдей экскурсия болмайды, оларды бір-бірінен әрқашанда тақырыбы арқылы ажыратуға болады. **Тема** (тақырып) деген сөз

грек тілінен аударғанда «негізіне қойылған нәрсе» деп аударылды. Тақырып түсінігі, бір нәрсенің мазмұнына қатысты.

Мақсат – мақсат және идея түсініктерімен байланысты, берілген материалды айтып берумен қатар, соның нақты идеялық ұстанымдарын белгілеу. Идея – экскурсияның түпкі ойы, оның өзегі.

Әр экскурсияның нақты белгіленген тақырыбы болу қажет. Экскурсияда тақырып – көрсету мен әңгімеледің заты. Нысанды қалай көрсету керектігін, ақпараттың қандай бөлігін экскурсанттарға беру қажеттігін экскурсияның тақырыбы анықтайды. Кейбір нысандар бірнеше экскурсияларда көрсетіледі. Бірақ әрқайсысында, тақырыпқа байланысты, бір нысан жайлы ақпарат түрлі көлемде беріледі.

Әр тақырып бірнеше тараулардың жиынтығы. Әр тарауда толықтылық және логикалық аяқталуы болу керек. Дұрыс құрастырылған тарау экскурсанттармен басқа тараулармен композицияда қабылдану керек. Композиция деп тараулардың бір-бірімен байланыстырын, негізгі сұраптардың, кіріспе мен қорытындының ретімен орналасуын атайды. Экскурсияның композициялық орталығы – жетекші тарау, ол экскурсияның мазмұнын терең ашуға жағдай жасап, оны сенімді және есте қалатындей қылады.

Экскурсияда көрсету. Көрсету – көрnekілік қагидатын іске асыру процесі, экскурсиялық нысандармен көру арқылы танысу (мысалы, сәулет ескерткішімен). Экскурсияда көрсету – нысандан көру ақпаратын шығару көп жоспарлы процесс. «Көрсету» арнайы термин ретінде экскурсионист ғалымдармен енгізілген. Экскурсиялық әдістемелік әдебиетінде кең пайдаланады. «Көрсету» және «демонстрациялау» бір мағынаны білдіреді.

Нысандарды көрсету – ол экскурсовод пен экскурсанттардың бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеттер жүйесі, кәсіби бар маман басшылығымен нысандарды бақылау.

Көрсету – заттарды демонстрациялау, түсіндіру, экскурсанттар алдында көріп түрганды түсінікті қылу, олардың іс-әрекетін бағыттау.

Көру мен көрсетудің айырмашылығы бар, көруде нысаннан үстірт, жоспарсыз танысу болады. Көру кезінде адам тек қана ескерткіштің сыртқы түрін қабылдайды, ал көрсету кезінде

нысанның түрлі жақтарын, бөліктерін, сыртқы ерекшеліктерін ажыратып, экскурсиялық талдауға қатысады.

Экскурсияда көрсету үш элементтердің қосындысы:

- экскурсанттар назар аудараптық жерді өз бетінше бақылайды;
- экскурсанттарды «экскурсовод портфеліндегі» экспонаттармен таныстыру;
- экскурсовод басшылығымен басқа тәсілдерді көрсету (мысалы, тарихи экскурсияда көрсету нысаны болып түрлі кезеңдерде салынған ғимараттар табылады. Бұл жерде тек қана қабырғасы мен терезе, есіктері, балконғана емес, сол қабырғаның аржағындағы сатылар, бөлмелер, сол уақыттағы адам түрмисы да көрсетіледі. Экскурсовод көрсету мен әңгімеледің әдістемелік тәсілдердің көмегімен ғимаратпен осында болған оқиғаны байланыстырады).

Көрсетудің міндеттері:

- 1) экскурсанттарға алдында тұрған экскурсиялық нысанды көрсету;
- 2) жойылған (тек қана суретте сақталған) нысандарды көрсету;
- 3) осы жерде болған тарихи оқиғаны елестету арқылы көрсету;
- 4) осы жерде болған тарихи қайраткердің (жазушының, суретшінің, қолбасшының) іс-әрекетін көрсету;
- 5) нысанды бейнелеп жатқан кезде қандай болғанын көрсету.

Көрсетудің шарттары

Экскурсиялық нысандарды тиімді көрсету үшін, келесі жағдайларды ескеру керек:

- 1) көрсетудің дұрыс нүктелерін табу;
- 2) көрсетудің тиімді уақытын таңдау;
- 3) тақырыпқа қатысы жоқ нысандардан экскурсанттардың көңілін бұры;
- 4) нысандарды көрсеткенде экскурсанттардың қымыл-әрекетін әдістемелік тәсіл ретінде пайдалану;
- 5) экскурсия жүргізуісінің білімі мен біліктілігі;
- 6) экскурсанттардың нысандарды бақылауға дайындығы.

Сәүлеттік нысандарды көрсетудің ерекше шарттары бар. Мысалы, архитектуралық ескерткішті көрсеткен кезде оның алдында тұру дұрыс болмайды, себебі құрылыштың тек бір бөлігі ғана көрінеді.

Экскурсанттар нысанның көлемін, биіктігін байқау үшін оны нысанның қасындағы басқа бір нысандармен салыстырады (тал, үй, адам, т.б.). Экскурсовод тек қана негізін анықтайды.

Экскурсовод өз түсініктерімен экскурсанттарға көз алдындағы затқа дұрыс қарауга көмек береді.

Көрсетудің түрлері

Автобус экскурсиясында көрсетудің 4 түрі бар:

1) сағатына 50-60 км жылдамдықпен жүріп бара жатқан автобустың терезесінен көрсету. Мұндай көрсету экскурсиялық жол ақпаратына тән;

2) жай жүріп бара жатқан автобустың терезесінен бақылау жүргізу. Бұл тарихи және мәдени ескерткіштерді қарап, олар жайлы үстірт әсер алуға мүмкіндік береді. Көп жағдайда ол қосымша нысандармен танысқанда пайдаланады;

3) тұрған автобустың терезесінен, автобустан шықпай, көрсету. Нысандармен, естелік орындармен толығырақ танысуға мүмкіндік береді. Әдістемелік тәсілдерді пайдалану мүмкіндігі шектеулі;

4) аялдамада, автобустан шығып көрсету. Терен көрсету жүргізіледі. Көрсетудің әдістемелік тәсілдері, нысанның экскурсиялық талдау түрлері пайдаланады.

Экскурсиядан тыс уақытта, адам мен нысандардың арақатынасының нұсқалары болады.

Бірінші нұсқада нысанға үстірт көз салады, мысалы адам жұмысқа асығып бара жатқанда. Қызығушылық пайда болғанмен танысуға уақыты да, біліктілігі де жоқ.

Екінші нұсқада көру толығырақ болады. Мұндай қарау адам демалыс уақтысында, қалада серуенде жүрген кезде болады. Нысандармен өз бетінше танысады, бірақ олармен одан да терен танысуға, нысан туралы білімі және онымен байланысты оқигаларды білмегендік, бақылауға дағдысы, білікті маманның болмауы мүмкіндік бермейді.

Үшінші нұсқа. Нысандарды көру қалада топпен қызырып жүргенде байқауға болады. Бір қатысушы арнайы білімі жоқ болса да өзінің шала білімімен экскурсовод қызметін атқарады. Оның әңгімесі жүйесіз болады, сондықтан өзінің құрылымы бойынша жол ақпаратына ұқсас болады.

Экскурсияда әңгімелеу. Әңгіме шартты түрде қабылданған экскурсияның ауызша айтылатын бөлігі, немесе экскурсоводтың топқа беретін түсініктері мен мәліметтері. Ол ескерткіштер, тарихи оқығалар, тарихта із калдырған нақты тұлғалар жайлы бейне ақпарат. Экскурсия лекция емес, сондықтан ол ұшы-қысыз болмау керек. Экскурсиядағы әңгіменің рөлі жайлы экскурсионист ғалымдардың ойы әрқашанда бір пікірлі, олар әңгімені көрсету материалына қосымша деп санайды. Экскурсоводтың әңгімесі екі міндетті атқарады:

а) түсінік береді, көргенді толықтырады, комментарий береді;

б) экскурсант қазіргі уақытта көре алмайтынды ойша алғашқы қалпын елестету арқылы көреді.

Экскурсоводтың әңгімесінен басқа, экскурсияда ауызша айтылатын бөлік сұралқка жауап бергенде, экскурсоводтың қақпа сөзі (репликасы) мен сол қақпа сөзге экскурсанттардың жауабы кезінде, кіріспеде, корытынды бөліктерінде және экскурсовод портфелінің экспонаттарын көрсеткенде болады.

Әңгіме – ол экскурсоводтың ауызекі тілге қойылатын барлық талаптарды сақтай отырып жасалған дыбысталған жеке мәтін, монолог сөздің үлгісі. Ұзақ теориялық түсініктер экскурсияда қажетсіз, себебі экскурсия лекция емес. Бұл жерде көрсету жағы басым болады. Ен жиі кездесетін қате, ол көрсетуден сөзге айналып кету, сонымен экскурсанттардың өзіндік жұмысын сөндіреді. Экскурсовод нысанды көрсетіп, сол көрсетуді терең талдаумен, түсініктермен, тарихи анықтамалармен қоштайтын. Әңгіменің тереңдігі нысанның маңыздылығына, оның ерекшелігіне, ақпараттық көлеміне байланысты. Экскурсияда әңгіме уақытысы экскурсияның жалпы ұзақтылығының аз уақытын алып, алдын ала дайындалады, аяқ астынан сөз тауып әңгімелеу дұрыс емес. Бірақ сол алдын ала дайындалған әңгіме арасында тосын айтуға болады, мысалы жақын арада қала өмірінде бір айтарлықтай оқыға болса, ол туралы айтып кетуге болады.

Әңгімеге қойылатын талап: тақырыптылық, нақтылық, логикалық байланыстылық, қысқалық, сенімділікте болуы және көрсетумен байланыстылығы. Әңгіменің ерекшелігі ол монолог, тәжірибесі бар экскурсоводттар эксперсияның кейбір бөліктерін ашық және білінбейтін диалогқа айналдырады. Экскурсанттар мен экскурсоводтың арасындағы диалогы арқылы көргенді, естігенде қабылдауы тиімдірек болады. Монологтан диалогқа көшкенде маңызды орынды сұраққа жауап беру және экскурсоводтың қақпа сөзімен жұмыс істеуі алады.

Эксурсанттың қақпа сөзі дегеніміз – бір нәрсе туралы оның пікірі. Эксурсанттардың қақпа сөзін жауапсыз қалдыруға болмайды, онымен жұмыс істеудің арнайы әдістері бар. Қақпа сөзге жауапты әңгіменің мазмұнына ебін тауып кіргізу керек. Кейде қақпа сөздің ұнамсыздығына қарамастан, көтерілмей, экскурсанттармен ерегіспей, әдепті жауап беру керек.

Экскурсияның келесі түрлерінде – экскурсия-кеңес және экскурсия-жариялауда, экскурсоводттың әңгімесі кеңес түрінде құрылады. Кейде кеңестер сұрақ-жауап әдіспен құрылады, ондай жағдайда сұрақтар экскурсоводпен де экскурсанттармен де қойылады. Экскурсоводттың әңгімесіне қойылатын міндеп: экскурсанттарға дұрыс көруге, түсінуге, нысанға баға беруге, көргендері арқылы керекті қорытынды жасауға көмектесу.

Экскурсиялық әңгіменің ерекшелігі.

Іс кезінде әңгіменің алты ерекшелігі бар:

1. Әңгіменің экскурсанттардың жүру жылдамдығымен байланыстылығы. Әңгіме жүру ырғағына бағынады. Мысалы балаларға арналған экскурсияны, өзгертусіз ересектерге пайдалануға болмайды, себебі олардың жүру жылдамдығы әр түрлі. Оның үстінен жаяу экскурсиясымен автобус экскурсиясының тақырыбы бір болғанымен әңгімесінде айырмашылық болады, берілген мәліметтердің көлемі өзгереді.

2. Әңгіменің көрсетуге бағынуы. Әңгіменің мазмұны нысанды зерттеуге байланысты, әңгіме экскурсанттардың көргенін қоштайды, толықтырады. Әңгіменің мазмұны зерттеу нысанымен белгіленеді (табиғат, мұражай, тарихи ескерткіш, т.б.).

3. Әңгімеде көрнекілік дәлелдемелерді пайдалану. Әңгіменің бір ерекшелігі, ауызша дәлелдігінің жоқтығы, оның ролін

көрнекілік орындарды. Көрсетумен байланыстырылмаған әңгіме дәріске ұқсап кетеді.

4. Әңгіменің атаулылығы (адресность) – нақты нысанмен байланыстырылуы. Әңгімені құрган кезде экскурсовод нақты нысанды еске ала отырып, ғимарат, архитектуралық ансамбль, инженерлік құрылым, табигат ескерткіші, т.б. туралы айтады. Әдістің ерекшелігі экскурсанттармен нұсқауды тұжырымдау: неге көніл аудару керек, экскурсовод әңгімесі неге арестейді, үй болса қай бөлігін (балкон, терезе, қабаты) ойда сактайты, қандай өсімдік көрсетіледі. Егер көрсету бірнеше ұқсас үйлер түрған көшеде өтетін болса, экскурсовод оның түрін, түсін, оның сыртқы белгісін атайды, қанша қабат екенін, конструкциясының ерекшелігін, экскурсанттар қай үй туралы айтылып түрғанын түсінген кезде ғана экскурсовод әңгімесін жалғастырады.

5. Экскурсия әңгімесінің нақтылығы. Нақтылық – ол тақырыптың тұжырымдамасы ғана емес, ол фактілер, оларды түсіндіру. Нактылық ол – экскурсия кезінде тек қана тақырыпты аштын материалды колдану. Нақтылыққа көп фактілік материалдың болуы жатпайды, ол дәлелді түрде берілген фактілер.

6. Әңгіменің макұлдануы. Бір тарихи оқиға туралы айтқан кезде экскурсовод осы жерде, осылай, оның қатысуышылары басқа емес, осылар деп айтады. Оғиғаны объективті факт ретінде ұсынады.

Әңгіме көрсету кезінде әр уақытта айтылады: көрсетуге де-йін, көрсету кезінде, көрсетіп болғаннан кейін.

Көрсету мен әңгімені байланыстыру

Әрбір экскурсия екі негізгі элементтерден құрылады – экскурсиялық нысандарды көрсету және олар туралы әңгімелуе.

Көрсету мен әңгімелуе экскурсиялардың барлық түрлері мен тақырыптарында бірдей мөлшерде болмайды. Көрсету мен әңгімеледің арақатынасы өзгере алады және өзгеруге тиіс. Тақырыбы, оған жұмсау уақтысы әртүрлі экскурсияларда бірдей болуы мүмкін, көрсету көлемі, өткізу әдістемесі әртүрлі бола алады. Осында өзгерістер әңгімеге де тиісті. Ол толық немесе кемдеу және азды-көпті бейнелі болуы мүмкін.

Бұл айырмашылықтың себебі – экскурсияның мазмұнының өзгеруіне байланысты: аудиторияның ерекшелігі, тақырыптың насандармен қамтамасыздығы, көрсетілетін нысандардың түрі, олардың сакталу дәрежесі, экскурсоводта бар фактілік материалдың көлемі, бақылаудың қындығы және экскурсанттармен нысандарды туғызып.

Экскурсия даму тарихы бойынша өзгерді, байытылды, әсіреле, әдістеме жағынан. Бірақ оның негізгі элементтерінің арақатысы өзгеріссіз қалды. Экскурсияның қалыптасуын оның құраушы элементтерін – көрсетудің және әңгімеледі, қарастыру арқылы бақылауга болады. Көрсету рөлінің артуын, оның тақырыпты ашу кезінде негізгі орынды алу бойынша бес деңгейді бөліп көрсетуге болады.

Бірінші дәреже – қарапайым экскурсия, көрсету өте аз. Нысандарды қарау жүргізіледі, көрнекілік фрагмент түрінде экскурсовод әңгімесін қоштайды. Бұл дәрежеде «экскурсовод портфелиндегі» көрнекілік кең пайдаланады. Осындағы жағдай жол ақпаратына тән. Экскурсиялық әдістеме пайдаланбайды.

Екінші дәрежеде әңгіме басым болады, көрнекілік аз, әңгіме лекция түрінде болады. Экскурсовод сөзін тақырыпты ашуға мүмкіндік беретін оку-көрнекілік құралдарымен қоштайды – суреттер, сыйбалар, гербарийлер, т.б.

Көрсету әңгімеге бағынады, әңгіме өзінің маңызы және аудиторияға әсері бойынша көрсетуден басым болады. Экскурсовод әңгіменің әдістемелік тәсілдерін пайдаланады.

Үшінші дәрежеде – әңгіме мен көрсету тепе-тен болады. Көрсетудің салмағы едәуір өседі. Экскурсовод көрсету элементтерін пайдалана бастайды. Қатысуышылардың да рөлі өзгереді, олар енді тек қана тыңдаушы емес көруші де болады. Әдістемелік нұсқаулардың көмегімен экскурсовод топқа жетекшілік жасайды, экскурсанттармен нысандарды бақылауын белсендендеріді.

Бұл дәрежеде нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді. Автобустан шығатын аялдамалары белгіленеді. Тақырып кіші тарауларға бөлінеді. Көрсетудің жеке әдістемелік тәсілдері қолданыла бастайды.

Төртінші дәреже. Көрсету мен әңгімеледі экскурсиялық түрде бола бастайды. Көрсету басты рөлді атқарып, әңгіме екін-

ші кезекте болады. Көрсету мен әңгімеледің әдістемелік тәсілдері және экскурсиялық талдау белсенді қолданылады. Тараулардың араларында логикалық ауысулар, сөз көпірлеріне айналады. Экскурсия біртұтас бола бастайды. Экскурсанттардың іс-әрекеттері белсендендіріле бастайды, олар тарихи, мәдени ескерткіштерді терендеу зерттейді. Экскурсияның кіріспесі, қорытындысы жеке, өз бетінше бөліктөр болып бөлінеді, жетіспейтін тізбекті «экскурсовод портфели» толықтырады.

Бесінші дәрежеде көрсету мен әңгіменің байланысы оптимальды болып табылады. Көрсетудің көлемі кеңейеді, басты орынды алады, әңгімені өзіне бағындырады. Әңгімеде басты рөлді нысандарды көріп қабылдау талдауы алады. Әңгіме экскурсиялық формаларда жүргізіледі: комментарий, анықтама, туңсіндіру түрлерінде, нысандарды көрсетудің кіріспе сөзінде немесе оларды көрсетіп болғаннан кейін қорытынды бөлігінде. Экскурсия жүргізуінде әдістері мен техникасы жоғары түрде жетіледі, экскурсиялық талдаудың көптеген түрлері толығымен пайдаланады. Нысандарды көрсетудің әдістемесі жоғары белсенді күйіне жетеді. Материалды қабылдау процесінде экскурсоводтың рөлі өседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Экскурсия негізінде педагогикалық қағидаттар
2. Экскурсиядағы психологияның міндеттері
3. Экскурсиялық топтың құрамына қарай қызмет көрсетудің ерекшелігі
4. Балаларға арналған экскурсиялардың ерекшеліктері
5. Экскурсиядағы логикалық ауысулар
6. Экскурсияда көрсетудің міндеттері мен шарттары
7. Экскурсияда әңгімеледің міндеттері
8. Экскурсиялық әңгімеге қойылатын талаптар
9. Көрсету мен әңгіменің байланысы

4-тaraу

ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ

4.1. Экскурсиялық әдістеме

Экскурсиялық іс, заман ағымының өзгеруіне байланысты, мақсатына, экскурсия талаптарына, экскурсанттардың қажеттіліктеріне сәйкес ұзақ мерзімді кезенде қалыптасты. Бұл, әсіресе оны құраушы бөлігі – методикаға қатты әсер еткен.

Методика деген сөз грек тілінен пайда болған «метод» – бір нәрсеге жол деп аударылады. Әдістеменің жалпы ұғымы – алдына қойған мақсатқа жету.

Әдістеме кең ауқымды мағынада, кез-келген білімді, процестерді, іс-әрекеттерді онтайлы бағындыруға бағытталған, нұсқаулықтар мен тәсілдер қатарынан тұратын, жүйелендірілген ілім ретінде қарастырылады. Жалпылай алғанда, әдістеменің неғізі болып – нақты қойылған мақсаты мен міндепті бар *оқыту* болып табылады. Әдістеменің онтайлы болуы, қолданылатын нұсқаулар мен тәсілдерінің эффективті болуына сәйкес.

Кез-келген методиканың өзінің зерттеу объектісі, анықталған бағыты бар. Сондыктан, әр білім шенберіне сәйкес нақты, тайыз, арнайы бағытталған әдістеме құрастырылуы қажет. Мысалы, экскурсиялық методика – экскурсиялық істе ең тиімді болып келетін, экскурсияны құрастыру мен откізудегі құралдар жиынтығы.

Жалпылай түсініктеме бойынша экскурсиялық әдістеме дегениміз: экскурсия откізу шеберлігін жетілдіруге бағытталған және де сапалы, әрі жоғары тиімді өнім (экскурсия) жасауға, ал ол өз кезеңінде тұтынушыларға (экскурсанттарға) тікелей әсер етуге арналған тәсілдер, нұсқаулар мен құралдардың кешенді жүйесі.

Бұл анықтамада көрсетілгендей, экскурсиялық методика үш құрамдас бөліктерге бағытталған – экскурсия, экскурсия жүргізушісі және экскурсанттар. Аталмыш үш құрамдас бөліктер өзара ерекшеленеді, алайда, олар бір-бірімен тығыз байланысып, экскурсиялық іске тұластылық, үйлесімділік танытады. Бұл байланыс экскурсиялық тәжірибеде де жүзеге асады, экскурсо-

вод арнайы дайындалған экскурсияны экскурсанттарға өткізу немесе экскурсиялық өнімді құрастыруда да көрініс табады.

Экскурсиялық іс-әрекет алғашқыда педагогиканың колданбалы келбетінің бірі ретінде қалыптасады.

Экскурсиялық іс-әрекеттің қалыптасуы мен дамуында айтарлықтай орынды *психология* алып жатыр. Психология және оның тәсілдері объектілер мен білімнің экскурсанттарға тиімді әсер алуына ықпал етеді. Мысалға, кей жағдайда, ақпаратты қабылдауда сезім мүшесі ойлау мүшесіне қарғанда тез, әрі мықты болады. Сонымен қатар, психология әртүрлі экскурсанттар типіне оңтайлы тәсілдерді қолдануға көмектеседі.

Экскурсиялық әдістеме – практикалық түрғыда, қоршаған орта объектілерін тікелей қабылдау арқылы жүзеге асырылатын, жаңа мәліметтерді белсенді ұғынуға бағытталған, тәсілдер жиынтығы. Экскурсиялық істе ақпаратты тарату, таныстыру, ой-өрісті көңейту және тәрбие мен білім беру міндеттерін шешудің негізі болып, экскурсиялық методика табылады.

Оз кезегінде экскурсиялық әдістемені үш бөлікке бөліп, қарастыруға болады: экскурсияның жаңа тақырыбын таңдау мен құрастыру әдісі, экскурсияны дайындау әдісі, экскурсияны өткізу әдісі.

Экскурсия өткізудің әдістемесі. Педагогикада – ережелер жүйесін, ғылымдарды оқытудың әдістерін, оқушыларға білім беруді, сондай-ақ жастаңдарды оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдер жүйесін әдістеме деп атайды.

Экскурсияға негізінде әрқашанда педагогикалық талаптар қойылуы қажет: оқыту мен тәрбиенің байланысы, жүйелілік, анықтық және қол жетерлік, көрнектілік, эмоционалдық және экскурсанттың жастық ерекшелігін ескеру.

Жоғарғы сапада жасалған экскурсия тек өткізу әдістемесі өте жоғары болған кездे ғана тиімді болады.

Экскурсиялық әдістеменің негізгі ережелері: экскурсантқа біріншіден көруге, тыңдауға және сезуге көмек беру; екіншіден экскурсантқа объектті көрудің, түсінудің практикалық дағдысын беру; үшіншіден тақырыпқа, әңгімелеге, көрсетуге бүкіл экскурсия бойы тұрақты назар аударуды қамтамасыз ету.

Бұл ережелерді іске асыру үшін экскурсоводтан тек қана экскурсия мазмұнын ғана білу емес оны өткізу және жүргізу әдістемесін білуін қажет етеді. Экскурсиялық әдістеме екі бөліктен тұрады – экскурсия дайындау әдістемесі және оны өткізу әдістемесі.

Экскурсияның маршрутын жасағанда экскурсиялық топтың қозғалған кезінде уақытты үнемді пайдалануды еске сақтау керек. Бір қалыпты объектілерді көрсете беруден сақ болу, мысалы қалалық шолу экскурсия тақырыбын тек қана монументалды мұсіндік ескерткіштер арқылы ашуы. Экскурсия уақытын түгел көрсетумен, әңгімелемен және паузалармен толтыру қажет.

Әдістеменің талабы көрсету мен әңгімелемеудің арасында байланыстың болуы.

Көрсету мен әңгімені пайдаланудың төрт варианты белгілі, олар барлық белгілі экскурсияларға тән.

1) әңгіме мен көрсетудің бірге жүріп отыруы – экскурсанттар бейнеленіп жатқан объектті зерттейді;

2) Тек қана әңгіме айтылады – қалаға сипаттама бергенде, тарихи оқиғалар әңгімеленгенде, т.б;

3) Тек қана көрсету жүргізіледі – объектті экскурсовод көмегімен зерттеу;

4) көрсетуде, әңгімелемеуде жоқ – экскурсанттардың өзіндік жұмысы: бақылау, алған білім мен әсерді менгеру.

Экскурсия кезінде тек қана әңгімелей берсе біраз уақыттан кейін экскурсияға деген қызығушылық төмендейді, одан кейін тіпті жоғалады. Сондықтан нысандарды көрсетудің, әңгімелемеудің арасында паузалар (үзілістер) болуы тиіс. Экскурсия жасаған кезде үзілістерді жоспарлайды, ол маршрутқа байланысты. Қала сыртына жасалған экскурсияда үзілістер ұзақтау болады. Үзілісті де дұрыс пайдалана білу керек. Үзілісте пікір алысуға, көргенді талқылау дұрыс емес, өйткені кейіннен аудиторияның қызығушылығы төмендейді. Лекция тыңдаушылардың зерттеуі бойынша 14-ші, 25-ші, 34-ші минуттарда тыңдаушылардың назары төмендейді еken. Экскурсиялық әдістеме осы уақыттарда жаңа нысанды енгізеді, тағы да басқа назар аудараптық тәсілдерді пайдаланады: жазылған дыбысты тыңдау; диапозитив, бейне

фильмдарды, слайдтарды, суреттерді көрсетеу. Негізінде экскурсанттардың тақырыпқа қызығушылығын әңгіме, көрсете басталмастан бұрын тудыру қажет, ол экскурсоводтың кіріспе сезіне байланысты. Экскурсиялық әдістемелік экскурсанттардың назары тұрақты болу үшін түрлі әдістерді қолданады: топқа сүйену; күтпеген сұрақ қою; ескерткіштің қызықты бөлігін табу, т.б. Әрбір экскурсияда бір нысаннан екінші нысанға көшу сәттері белгілену керек.

Экскурсия өткізуін әдістемесі, экскурсоводтың мимикасы, дene қимылды, топты нысан қасында орналастыруы, микрофонды пайдалануы сияқты тәсілдердің бәрі даланың у-шуын білдіртпеуі үшін қолданады.

Әдістеменің маңызды талабы: барлық негізгі нысандар және солар арқылы ашылатын тақырып тармактары біртұтас болуы, логикалық жүйеліліктен басқа, логикалық ауысулардың болуын, маршрутта нысандарды дұрыс орналастыру, ең қызықтысын, әсер беретінін кейінге қалдырып бірте-бірте көрсетеу. Бір нысаннан екінші нысанға көшкен кезде барлық анықтамаларды тақырыппен байланыстыру қажет.

Әдістеменің талабына қарай әңгімеленетін бөлігі де жасалады. Оның мазмұны, ұзақтылығы, формасы, көрсетумен байланыстырылады. Бұл жұмыстың өз қыындығы бар. Мысалы көрсете нысаны белгіленгеннен кейін әңгіменің әдістемесіне қалай көшу керек? Әңгімені неден бастап, оны қалай құрастыру керек? Нысанды бақылауды қалай ұйымдастыру сияқты сұрақтар туындаиды. Оның бәрі нысанның сыртқы бейнесіне, оның сақталу дәрежесіне, онымен байланысты оқиғаларға байланысты.

Көрсете мен әңгімеледін арақатынасы (байланысы) жайлар әдістеме бір мағыналы: көрседен әңгімеледеуге көшу.

Экскурсиялық әдістемені жетілдіру жолдары. Экскурсиялық әдістемені жетілдірудің алғашқы жолы – басқа ғылым салаларында қалыптасқан білім мен тәсілдердің арқасында, экскурсиятанудың әдістемелік базасын теориялық және практикалық түрғыдан жүйелі кеңейту. Сонымен қатар, әдістемені тәсілдерді кеңейтуді экскурсиялық тәсілдерді құрастырумен де дамытуға болады. Бұл орайда экскурсовод тұлғасы алдыңғы

орынға шығады. Экскурсия жүргізушісі экскурсиялық нысанды көрсету тәсілін қолданарда немесе экскурсия тақырыбын жаңа қырынан ашатын амалдарды қолданған кезде, өзіндік ерекшеліктерге, сол уақытқа, тек сол ғана экскурсиялық топқа ғана бейімделген әдістемелерді қолдануы мүмкін. Аталмыш әдіс экскурсоводтан шығармашылық кең өрісті, жете ойлауды талап етеді. Сондықтан да, экскурсоводтың тұлғалық қасиеттерінің дамуы, өзінің білімін көнектізуі, жаңа ақпараттармен жұмыс істей алуы, экскурсиялық әдістемені жетілдірудің бірден-бір жолы болып табылады.

Экскурсиялық әдістемені жетілдірудің екінші жолы заманауи қоғам сұранысына икемділігімен байланысты. Экскурсоводтар жаңа амалдар мен тәсілдерді қаншама көп құрастырғанмен, олардың көбісі тұтынушылардың сұраныстарына сай, қазіргі заман талаптары мен тенденцияларына сәйкес болулары қажет. Мысал ретінде, экзотикалық орындарға экскурсиялардың көбеюін келтіруге болады. Экзотикалық орындар туристер тарапынан үлкен қызығушылық пен тартымдылыққа ие. Бұрынғы жылдары экзотикалық орындар қолжетімсіз жерлерде болса, қазіргі таңда, көлік жолдарының дамуы, жаһандану процесінің өсуі, экскурсиялық топтардың кез келген армандаған жерлеріне баруына ықпалын тигізді. Экскурсия жүргізушілері экзотикалық объектілерді көрсетудің амалдар мен тәсілдер қолданысын, олардың табиғи ерекшеліктеріне, спецификасына қарай жүргізе-ді. Тағы да мысал ретінде іскерлік экскурсияларды атисақ, қазіргі заманда, іскерлік қатынастардың орнықты дамуымен қатар, іскерлік экскурсияларға деген сұраныс та өсіп келуде. Искерлік туризм жыл санап даму үстінде, осыған орай, экскурсияның ролі айтартықтай жогарлауда. Осыған қоса, ғылыми экскурсиялардың да маңыздылығы арту үстінде. Егер бұрындары тек ғылыми экспедициялар ғана болатын болса, қазіргі кезде, ғылыми орталықтарда арнағы даярланған ғылыми мамандармен бірге экскурсиялар ұйымдастырылады.

Экскурсиялық әдістеменің жетілдірудің үшінші жолы – экскурсиялық істі жетік менгерген, экскурсия жүргізушісі тұлғасымен тікелей байланысты. Өз жұмысын жетік менгермен экскурсовод, маман ретінде өсу деңгейін жоғалтады, өз білі-

мін практикалық тұрғыда көрсете алмайды. Экскурсиялық теория мен практика, өзінің дамуы барысында, көптеген жағымды амалдар мен тәсілдерді бойына сінірген, сондықтан да, экскурсия жүргізушілеріне «жаңа» тәсілдерді қайтадан ойлап табулары қажет емес, тек соларды орынды, тиянақты қолдана алса болғаны. Білімі жетік, тәсілдерді дұрыс қолдана алатын экскурсовод, әрқашанда тығырықтан шығатын жолды таба алады, бұл оның кәсіби шеберлігінің көрінісін айқындаиды.

Экскурсиялық әдістемені жетілдірудің төртінші жолы – экскурсиялық іс айласында экскурсия жүргізушісіне жиып-терген тәжірибелеріне байланысты. Экскурсиялық практикада кез-келген тәжірибе үлкен маңыздылықта ие. Экскурсия жүргізушісінің ойлап тапқан тәсілдері мен амалдары, әрқашанда экскурсиялар мен маршруттарда тексеріледі. Тек сонда ғана экскурсия жүргізушісі өзінің ойлап тапқан тәсілдерінің орындылығын, артықшылығын, экскурсанттар қажеттіліктерінің қанағаттандырылғандықтарын байқай алады. Уақыт өте келе, экскурсия жүргізушілерінің білімі мен тәжірибесі оседі, олар өздерінің шеберліктерін шындаиды, бұл өз кезегінде экскурсиялық әдістемені жетілдіруге септігін тигізеді. Алайда жиып-терген білім, әдістеме тек экскурсовод меншігінде ғана болады, бұл қолайсыз жағдай. Жиналған тәжірибе мен білімді әдістемелік нұсқаулар, ғылыми еңбектер, комментарийлер ретінде сақтап тұрған дұрыс. Өсіресе, әртүрлі деңгейдегі мамандар, ұжым болып экскурсия құрастырған кезде орынды болады. Қазіргі танда, тәжірибемен алмасу – жаңа білімдер мен жетілдірулерге апаратын жолдардың бірі болып табылады. Бір-бірімен тәжірибе алмасудың түрлері көп. Осындай мақсатта экскурсия жүргізушілеріне арнап көптеген конференциялар, кездесулер, практикалық сабактар, дөңгелек үстелдер, жиындар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мамандармен байланысты орнату үшін, интернетті қолдануға болады. Жаңа технологиялардың арқасында экскурсия жүргізушілер бір-бірімен ақпараттармен алмаса алады, жаңалықтарды тани алады, заман талабына сай сұраныстарды көріп, экскурсиятанудың өсуіне, өркендеуіне, тұтынушылар сұранысын өтеуіне септігін тигізеді.

4.2. Жана экскурсия дайындаудың әдістемесі

Қазақстанда экскурсия дайындауды 28681. 1-95 «Туристік-экскурсиялық қызмет көрсету. Туристік қызметті жобалау» Мемлекеттік стандарты реттейді. Бұл құжатта «экскурсия» қызметтерін жобалау оның тақырыптық бағытын анықтау, көру нысандары, ұзақтылығы, ақпарат қолемі, маршрут бойынша жүргізу, т.б. қамтылған. Жобалау нәтижесінің құжаттары: технологиялық карта; экскурсияның бақылау мәтіні; «экскурсовод портфелінің» материалдары; көліктік экскурсияның маршрут трасасының сұлбасы.

Кез келген тақырып бойынша экскурсия дайындау, бір топ жұмысшылардың белсенді қатысуын қажет ететін күрделі үдеріс. Болашақ экскурсияның мазмұны, оның танымдық құндылығы, экскурсия жүргізушілерінің, әдіскерлердің, педагогикадан және психологиядан білімдерінің болуымен, аудиторияга әсер етудің тиімді тәсілдерін пайдалана білуіне тікелей байланысты.

Экскурсия – ол екі негізгі процестің нәтижесі: оны дайындау және өткізу. Олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Жана экскурсияны дайындауды шығармашылық топка табыстайды. Шығармашылық топтың саны тақырыптың күрделілігіне байланысты, оған 3-7 адам қатысуы мүмкін. Көп жағдайда ол мекемеде жұмыс жасап жүрген экскурсия жүргізушилері болады. Ең тәжірибесі мол экскурсия жүргізуісіне топты басқару жүктеледі. Шығармашылық топ арасында мәтін құрастыру, әдістемелікті жасау, т.б. міндеттері бөлінеді. Кеңесші ретінде мұражайдың ғылыми жұмысшылары, жоғарғы оқу орындарының мұғалімдері, түрлі салалардың мамандары шақырылады.

Жана экскурсияны дайындаудың екі негізгі бағыты бар:

- экскурсиялық мекеме үшін мұлдем жана экскурсия;
- жаңадан келген, немесе жұмыс істеп жүрген экскурсовод үшін жана экскурсия. Мекемеде ол экскурсия бүриннан жасалып өткізіліп жүрген.

Жана экскурсия дайындауды **үш сатыға** бөліп қарастыруға болады:

Алдын ала жұмыс – келешек экскурсияға материал жинау, оны зерттеу (тақырып бойынша білім жинақтау, мақсаты мен

міндеттін анықтау). Сонымен қатар экскурсияға катысты нысандарды таңдау.

Экскурсияны тікелей дайындау сатысы – экскурсиялық маршрутты құру; жиналған мәліметтерді өңдеу; бірнеше негізгі сұрақтардан тұратын экскурсияның негізгі бөлігінің мазмұнын құрастыру; бақылау текстін жасау; экскурсияның әдістемесін анықтау; әңгімеледің, көрсетудің тиімді әдістемелік тәсілдерін анықтау. Жаңа экскурсияның әдістемелік құралын дайындау, әңгімеледің және көрсетудің тиімді тәсілдерін таңдау, экскурсоводтардың өзіндік жеке мәтінін дайындау.

Корытынды сатысы – экскурсияны маршрутта қабылдау; мекеменің басшысымен жаңа экскурсияны бікіту; тақырыпты қорғаған экскурсия жүргізушілеріне жаңа экскурсияны жүргізуіне рұқсат беру.

Экскурсияда оқыту, тәрбие беру, насиҳаттау сияқты өзінің құрылымы болады. Сонымен бірге оның өзіндік ерекшеліктері бар. Композиция бойынша экскурсия үш бөліктен тұрады. Яғни композиция дегеніміз – құрастыру, жеке бөліктерді біртұтас қылу.

1. **Kіріспе.** Кіріспенің ұзақтылығы 3-15 минутқа дейін болады. Ол экскурсияның тақырыбына, түріне, бірінші нысанның орналасуына (топ жиналған жерден жақын немесе қашық болуы) байланысты. Мәліметтерді жүйелестіру жағынан кіріспе 2-ге бөлінеді: ұйымдастыру және ақпараттық бөліктері.

а) ұйымдастыру бөлігі экскурсия туралы мәлімет береді. Оның ұзақтылығы, маршруттың ұзындығы, өткізу ерекшелігі, экскурсияның міндеттерімен, қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Қауіпсіздік ережелерінде көлік ішінде, су жағалауында, тауда өзін ұстая туралы, жүріп бара жатқан көлік ішінде орнынан тұрып жүрмеуі, тазалықты, тыныштықты сақтау, автобусқа кіріп-шыққанда асықпауы, көшелерді өткенде сақ болуы жайлы мәліметтер беріледі. Экскурсия қай жерде аяқталатыны да осы бөлімде айтылады;

б) ақпараттық бөлігінде экскурсанттардың назарын экскурсияға аударады, оның бөліктеріне, мазмұнына қысқаша шолу жасайды. Қызықты нысандарды, маршруттың бөліктерін, кіші тараулардың тақырыптарын айта кету қажет.

2. Негізгі бөлім. Бірнеше кіші тараудан тұрады, олар арасында бір-біріне көшу кезінде логикалық ауысуды қолданылады. Әрбір кіші тақырып бір, немесе бірнеше нысандар арқылы ашылады. Ол экскурсияны сапалы өткізіп есте сақталуына көмек береді.

3. Қорытынды. Қорытынды екі бөліктен тұрады:

- а) негізгі мазмұны бойынша қорытынды жасау, тақырып бойынша қорытынды жасау;
- б) басқа экскурсиялар туралы ақпарат беру.

Кез келген экскурсия қорытындымен аяқталады, ол уақыты бойынша 1-3 минут. Экскурсияға қысқаша қорытынды жасап, тағы да басқа көрген нысандарға, естігендеріне назар аударады. Соңында ұнады деп үміт білдіре отырып, басқа тақырып бойынша өткізілетін экскурсиялармен таныстыру қажет. Қорытындының да, кіріспе мен негізгі бөлік сиякты маңызы өте зор.

Экскурсия жасаудың негізгі кезеңдерін сипаттасық, олардың да өзіндік реті мен жүйесі болады. Яғни экскурсия тәжірибелінде қалыптасқан жүйелілік бойынша қарастырамыз.

Ең алғашы «экскурсия дайындау кезеңдері» деген түсінік 1976 жылы енгізілген. Сол кезде негізгі 15 кезең аталған:

1. Экскурсияның мақсаты мен міндетін анықтау.
2. Тықырып таңдау.
3. Әдебиеттерді реттеу және библиография жасау.
4. Экскурсиялық мәліметтерінің деректерін анықтау. Тақырып бойынша мұражай экспозициясы және фондыларымен танысу.
5. Экскурсиялық объектілерді іріктеп алу және зерттеу.
6. Экскурсияның маршрутын жасау.
7. Маршрутты аралап шығу.
8. Бақылау мәтінін жасау.
9. «Экскурсовод портфелин» іріктеп жинақтау.
10. Экскурсияны жүргізу методикалық тәсілдерін анықтау.
11. Экскурсияны жүргізу техникасын анықтау.
12. Технологиялық картаны жасау.
13. Өзіндік жеке мәтінді құру.
14. Экскурсияны өткізу (қабылдау).
15. Экскурсияны бекіту.

**Экскурсия дайындаудың осы кезеңдеріне жеке тоқталайық.
Экскурсияның мақсаты мен міндетін анықтау.**

Кез келген жаңа экскурсияны дайындау, оның нақты мақсатын анықтаудан басталады. Себебі үлкен көлешекте экскурсия авторларына жұмыстарын ұйымдастып жасауына көмек береді. Экскурсияның мақсаты – экскурсанттарға тарихи мәдени-ескерткіштерді және басқа да нысандарды көрсету. Экскурсоводтың әңгімесі осы мақсатқа бағынады. Экскурсияға қойылатын мақсаттар: патриоттық тәрбие беру, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, басқа ұлттарды қадірлеу, эстетикалық тәрбие беру, ой-өрісін кеңейту, ғылымның және мәдениеттің түрлі салаларынан қосымша білім алу, т.б. Экскурсияның міндеттері – тақырыпты толық ашу арқылы мақсатын іске асыру.

Тақырып таңдау.

Тақырып таңдау сұранысқа немесе белгілі тақырыпта экскурсияларын жасауға байланысты. Әрбір экскурсияның нақты белгіленген тақырыбы болу керек. Тақырып барлық нысандарды, кіші тарауларды біртұтас қылатын өзегі. Тақырыпты толық және сендейре ашу үшін, нысандар тақырыпқа сәйкес іріктеледі.

Әдебиеттерді реттегу және библиография жасау.

Жаңа экскурсия жасалған кезде, тақырыпқа қажетті кітаптарда, брошюраларда, газет және журналдарда жарияланған мақалалардың тізімі жасалады. Үлкен тізімнің мақсаты – әдебиет деректерін зерттеудегі болашақ жұмыстың мүмкіндік шегін анықтау, тексті дайындаған кезде экскурсоводтарға қажетті фактілік және теориялық материалдарды пайдалануда көмек беру. Топтың жұмысы жасауы ыңғайлы болу үшін әдебиет тізімі бірнеше данаға көбейтіліп топ мүшелеріне таратылады. Осы тақырыпқа қатысы бар әдебиет тізімінде авторы, аты, басылып шыққан жылы, және тараулар мен беттері көрсетіледі. Әдебиет деректерінің тізімі ете үлкен болса, оны «негізгі әдебиет» және «қосымша әдебиет» деп бөлуге болады. Басылымда жарияланғаннан басқа деректер де пайдаланылады. Экскурсия тақырыбы бойынша материалдар мұражайларда, мұрағатта болуы мүмкін және хроникадан, деректі фидымдерден, ғылыми-танымдық, көркем фильмдерден алуға болады. Әңгіме үшін тек қана анықталған, текстерілген фактілер мен мәліметтер ғана таңдалу керек. Материалдарды іздеу және жүйелеуде үлкен көмекті электрон-

ды энциклопедиялар, мультимедиялық дереккорлар, интернет көрсете алады.

Сонымен, барлық экскурсия текстіне кіретін теориялық және фактілік материал шығармашылық топ мүшелерімен жете зерттеледі, конспект жасалады, түпнұсқа құжаттардан көшірме, дайектемелер көшірмесі жасалады. Экскурсия текстінде таңдалған материал нысанды қаруа кезінде толығымен ашылу керек.

Экскурсиялық мәліметтерінің деректерін анықтау.

Тақырып бойынша мұражай экспозициясымен және фондыларымен танысу.

Шығармашылық топ мүшелерімен экспозиция экспонаттары, мұражайдың қоймасында сақталған түпнұсқа құжаттар зерттеліп, мұражайдың ғылыми қызметкерлерінің экскурсиясы тыңдалу керек. Осының бәрі экспозицияны жақсы қабылдауды ғана емес және оны көрсетудің әдістемелік тәсілдерін де қабылдап, болашақ экскурсияда мұражай материалдарын толық пайдалануга көмек береді. Экскурсия бөлігі ретінде мұражаймен танысу, шолу, экскурсиясының соңында ұйымдастырылады. Ондай кезде экскурсияны басынан аяғына дейін бір экскурсоводтың жүргізгені дұрыс.

Экскурсиялық нысандарды ірікте алу және зерттеу.

Тақырыпты ашу кезіндегі маңызы зор нысандарды іріктеу қажет. Себебі экскурсияда көрсету басым болғандықтан, дұрыс таңдалған нысандар, олардың саны, көрсету кезектілігі экскурсияның сапасына әсер етеді.

Нысан болып бір оқигамен байланысты естелік орындар, ғимараттар, түрлі құрылыштар, археология ескерткіштері, өнер туындылары, т.б. саналады.

Нысанды көрсету, алдында айтылып кеткендей, экскурсияда басты орынды алады. Соңдықтан да нысан ретінде төмендегілерді айтуымызға болады:

- біздің халқымыздың өмірінде болған тарихи оқигалармен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен байланысты естелік орындар;
- ғимараттар мен құрылыштар, мемориалды ескерткіштер, белгілі адамдардың өмірі мен қызметіне байланысты орындар. Архитектуралық ансамбльдер, қоғамдық, инженерлік құрылыштар (көпір, бекініс, мұнара), мазарлар,

- мәдениет саласындағы ғимараттар, т.б. көптеген құрылыштар;
- табиғи обьектілер – ормандар, саябақтар, өзендер, көлдер, қорықтар мен қорықшалар және жеке ағаштар мен реликт өсімдіктері (мысалы Алтын-Емелдегі 500 жыл жасаған ағаш, Шарындағы шетен орманы);
 - мемлекеттік және халық мұражайларының, сурет галереяларының экспозициялары, тұракты және уақытша көрмелер;
 - археология ескерткіштері – ежелгі тұрактар, жер дуалдары, қоныстар, қорғандар, киелі орындар;
 - өнер ескерткіштері – бейнелеу өнерінің туындылары, қолданбалы өнердің, мұсін, бау-бакша өнері, т.б.

Экскурсиялық нысандар келесідей топтастырылады:

- мазмұны бойынша – бір жоспарлы (бейнелеу өнерінің туындылары, өзен, өсімдік, жануар, үй) және көп жоспарлы (архитектуралық ансамбль, орман, дала, көше, қала алаңы);
- функционалды белгісі бойынша – негізгі, жеке тарауларды ашып көрсетуге қызмет етеді және қосымша, қозғалыс кезінде, негізгі нысандар арасында, әнгімеледің логикалық аудиосистемалары кезінде көрсетілетіндер;
- сақталу дәрежесі бойынша – толық сақталған, біздің уақытымызға дейін біраз өзгірістермен жеткендер, жарымжартылай сақталған және жоғалтылған.

Экскурсия қызметкерлерінің алдында экскурсия жасаған кезде келесі міндеттер қойылады – көптеген нысандардың ішінен сыртқы бейнесі, акпараттылығы бойынша ең қызықтыларын таңдау. Дұрыс таңдалған нысандар экскурсиялық материалды, тақырыпты тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Бұл жұмысты, нысандар бір экскурсиядан екінші экскурсияға көшіп отырмауы үшін дұрыс үйімдастыру керек. Мүмкіндігі бойынша әр экскурсияның өзінің нысандары болуы қажет. Мүмкіндік болмаса, ондай жағдайда қайталаңған нысандар ерекше ашылу керек.

Экскурсияға кіргізілген нысандарға баға беру үшін келесі ережелерді пайдалану ұсынылады:

Танымдылық құндылығы – нысанның бір нақты оқиғамен, айқын дәуірмен, белгілі ғылым, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен, шығармашылығымен байланыстылығы. Ескерткіштің көркемдік құндылығы мен оның эстетикалық тәрбие беру мүмкіндігі қарастырылады.

Нысанның әйгілілігі – оның халық арасындағы танымалдылығы. Мысалы Қызыл алаң, Эйфель мұнарасы, Өулие Вознесен соборы, т.б.

Нысанның әдеттегіден тыс болуы (экзотикалық). Нысаның қайталанбас ерекшелігі, бір аңызбен, немесе тарихи оқиғамен байланыстылығы. Экзотикалығы табиғи жағдаймен де байланысты болуы (мысалы, Шарын каньоны) мүмкін.

Нысанның айқын көрінуі – сыртқы айқындығы, қоршаған ортамен – ғимараттармен, құрылыштармен, табиғатпен өзара байланыстылығы.

Нысанның орналасқан жері – нысанды таңдаған кезде ескерткішке дейінгі арақашықтықты, оған әкелетін жолдың ыңғайлылығы, автокөлік үшін жарамдылығы, топты бақылау үшін орналастыру орнының болуын ескеру керек.

Уақытша нысанды көрсетудің шектелуі – нысанды бақылау мүмкіндігінің болмауы, нашар көрінген жағдайда немесе маусымдық шектелуі.

Нысанды экскурсияға енгізу алдында, оны алдын ала қарап шығып, ол туралы барлық мәліметтерді жинау қажет. Ол мәліметтерді, экскурсовод үшін негізгі анықтамалық материалды құрайтын, арнайы карточкаларға енгізеді. Ол карточкаларды кейе нысан паспорты деп те атайды, оған келесі мәліметтер енгізіледі:

- 1) нысанның атауы (бүрінғы және казіргі);
- 2) осы нысанмен байланысты болған тарихи оқига мен оқиғаның болған уақыты;
- 3) нысанның нақты орналасу жері, оның мекенжайы;
- 4) нысанның сипаттамасы (автор, салынған кезі, құрылыш материалы, т.б.);
- 5) ескерткіш туралы мәліметтер көздері: кітап, мақала, мұрағат құжаты, т.б.;
- 6) сақталуы, реставрация жасалған уақыты;
- 7) корғалуы кімге жүктелген, қай уақыттан бері;

- 8) қандай экскурсияларда пайдаланады;
- 9) карточка жасалған уақыты, экскурсоводттың аты-жөні;

Карточкага нысанның бір-екі суреті тіркеледі. Өлкеде орналасқан барлық экскурсиялық нысандарға карточкалардың болуы, жаңа экскурсиялық тақырыптарды құрастыру жұмысын жылдамдатады.

Экскурсияда танысатын нысандардың тым көптігі дүрыс емес, 2-4 сағаттық қалалық шолу экскурсиясында қызығушылықпен 15-20 нысан қабылданады.

Нысан карточкаларының ұлгілері



1	Нысанның аты	Абылайхан ескерткіші
2	Осы нысанмен байланысты тарихи оқиға	<p>Алматы-2 вокзала алаңының орталығында бұрынғы М. Калинин ескерткішінің орнына ірі мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат, Қазақ мемлекетінің ұлы ханы – Абылайдың (1711-1781) образын бейнелейтін монумент 2000 жылы 16 желтоқсанда бой көтерген. Даналығы мен әділеттілігінің арқасында Абылайхан халықтың шынайы құрметіне ие болды. Жеңімпаз қолбасшы, көреген саясаткер XVIII ғасырда казақтың үш жүзінің басын қосып, жат жерлік басқыншыларға қарсы шешуші күрес үйымдастырды.</p> <p>Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Батырларымен тізе қосып, қашармандақтың тамаша үлгілерін көрсеткен, сейтіп халықтың ұтқысы болған. Абылайханның ерліктері сонау қатал заманда қазақ рухын қайта тұледүдің бір алтын діңгегіне айналды» деп атап көрсеткен болатын.</p>
3	Нысанның орналасу жері, оның мекенжайы	Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, Алматы-2 теміржол вокзала аланы
4	Сипаттамасы	<p>Монумент авторы, мұсінші К.К. Сатыбалдин. Шығармашылық ұжымның жетекшісі сәүлетші С.Қ. Баймағамбетов, сәүлетшілер Т. Ералиев, З.С. Баймағамбетов, В.И. Сидоров, М.Е. Еркінов.</p> <p>Абылайханның скульптурасы хандық қымбат киімді киген, ат үстінде әскери жасакталып, он қолындағы таяғын (жезлін) ұндеуші әрі өктемші жоғарыға созып отыргандай бейнеленіп коладан жасалған. Монумент сұрғылт-қоңыр шлифтенген граниттен көп яусты сегіз қырлы туғырдан жасалған.</p>

		Төрт шеткі бағаналар атты скульптураны ұстаушы негіз болып табылады. Тұғырдың алдыңғы жағында метал тақтайшада «Абылай хан (1711-1781)» деген жазу жазылған.
5	Ескерткіш туралы мәлімет көздері	Алматы аласының Мәдениет басқармасы Алматы жолсерігі. Алматы: Credos, 2009
6	Сақталуы, реставрация жасалған уақыты	2000 жылы 16 желтоқсанда Калинин ескерткішінің орнына орнатылған. Жақсы сақталған.
7	Қорғалуы, кімге жүктелген	Қалалық әкімшілігінің қарамағында
8	Қандай экскурсияларда пайдаланады	қалалық шолу, тақырыптық (сәулет, тарихи, өнер-зерттеу экскурсияларында)
9	Карточка жасал -ған уақыты, экскурсоводтың аты-жөні	07.05.15 ж. Тағай Арайлым



1	Нысанның аты	«Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры»
2	Осы нысанмен байланысты тарихи окиға	<p>Театр 1934 жылы 13 қантарда М. Әуезовтың либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклімен ашылды. Қойылым барысында Иван Коңыктың өңдеуімен жазылған қазақ халқының халық әндері мен күйлері орындалды. Спектаклің кол жеткен табысы орасан болды, барлық ел жаңа театрдың ашылғанынан хабардар болды.</p> <p>Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры – қазақтың тұңғыш кәсіби музыкалық театры, 1937 жылдан Қазақ опера және балет театры деп аталады. 1941 жылы академиялық мәртебесі, 1945 жылы Абай есімі берілді. Композиторлар Е.Г. Бруслиловский, А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, режиссер Ж. Шанин, әншілер Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов, К. Байсейітова, М. Ержанов, Ф. Құрманғалиев, Ү. Тұрдықұлова, биши Ш. Жиенқұлова, т.б. ұлттық опералық музыканың негізін қалады. 1934 жылы Бруслиловскийдің халық музыкасының негізінде жазылған тұңғыш ұлттық операсы «Қызы Жібек» қойылды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдары Алматы қаласына келген орыс музыка өнерінің қайраткерлері (әншілер М.Д. Михайлов, С.Ф. Большаков, дирижер В.И. Пирадов, балет артисті Г.С. Уланова, т.б.) қазақтың опера және балет өнері кадрларының шығармашылық жағынан өсіп, жетілуіне, классикалық музыка дәстүрін игеріп, үйренуіне тікелей ықпал етті. Жұбанов пен Хамиидидің «Абай» (1944) операсының қойылуы ұлттық опера өнерінің елеулі кезеңі болды. Театрда А.В. Селезнев, Ю.П. Ковалев, Д.Т. Әбіров сияқты балетмейстерлер,</p>

		<p>И.И. Зак, Ф.Н. Догашев сынды дирижерлер жемісті еңбек етті. Опера театры Қазақстанда музикалық шығармашылық пен ұлттық әншілік-орындаушылық өнердің дамуында үлкен рөл аткарды. Театр – Еуразия аймағындағы классикалық өнердің ең ірі орталықтарының бірі болып табылады. Оның қабыргасында қазақстандық көрнекті орындаушылар – Р. Жаманова, Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, А. Днишев, Р. Бағланова, М. Мұхамедқызы, Н. Үсенбаевалар ән салды.</p>
3	Нысанның орналасу жері, оның мекенжайы	Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі 110 , Қабанбай батыр мен Панфилов көшелерінің киылсысында орналасқан.
4	Сипаттамасы	<p>Театр ғимараты 1941 жылы (сәүлетшілер Н.А. Круглов, Н.А. Простаковтың жобасы бойынша) ірге көтерген театр тек сәүлеттің ғана емес, тұтастай алғанда, ұлттық мәдениеттің кезеңдік ғимараты болып табылады. Архитектура ескерткіші болып табылады. 1996 – 2000 жылдары күрделі жөндеуден өткен ғимарат қазақтың ұлттық сәүлет өнері жетістіктеріне негізделе отырып, орыс классикалық архитектурасымен үйлесімді өзіндік тың архитектуралық шешімін тапқан. Ғимарат құрылышының композициялық орталығы – 1170 орынды көрмермендер залы. Сахна жақсы көрінеді, дыбыс естілуі анық. 2-қабатта ғимарат интерьерін көріктендіре түсетін кең фойесі бар. Капительді бағаналар, қабырга өрнектері оюлы басқыш қоршаулары, жалпы ғимараттың ішкі еңсесін сәүлеттеуде негізгі рөл атқарған қазақтың дәстүрлі ою-өрнек үлгілері (кошқармұйіз, ыргак, жапырақ гүл, сынар мүйіз, т.б.) ғимарат архитектурасында кеңінен қолданылған. Оның екі қапталы мен алдыңғы жағындағы бак, хауыздар ғимарат әсемдігін әрлендіре тускен. Театрдың екі қапталындағы</p>

		бактарға М.О. Әуезов (1967, мұсіншісі Т.С. Досмағамбетов) пен Ж. Жабаевтың (1971, мұсіншісі Х.Е. Наурызбаев, екеуінің де архитекторы М. Мендіқұлов) ескерткіштері қойылған. Қазақ опера және балет театры Ленин орденімен марапатталған (1959)
5	Ескерткіш туралы мәлімет көздері	1. www.gatob.kz атты ресми сайт 2. Алматы жолсерігі. Алматы: Credos, 2009
6	Сақталуы Реставрация жасалған уақыты	Жақсы сақталған Театр ғимараты 1941 жылы архитектор Н.А. Простаков, Т.Қ. Бәсеновтың жобасы бойынша ірге көтерген. 1996 – 2000 жылдары күрделі жөндеуден өткен.
7	Корғалуы, кімге жүктелген	Қазақстан Республикасы мемлекетінің қарамағында
8	Қандай экскурсияларда пайдаланады	Қалалық – шолу, такырыптық (архитектуралық, тарихи, әдебиет, өнер-зерттеу экскурсияларында)
9	Карточка жасалған уақыты, экскурсоводтың аты-жөні	07.05.15 ж. Тағай Арайлым



1	Нысанның аты	Қазақстан Республикасы Бірінші Президент атындағы саябағы
2	Осы нысанмен байланысты тарихи оқиға	Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті атындағы саябағы (дендропарк) 2010 жылдың шілде айында ашылды. Оның құрылышы 2001 жылы басталған жылдан бастап жоспарланған элементтер – аллея, бульварлар мен дендрарлық участокерінің құрылышы және дендрарлық жоспар бойынша жасыл желек отырғызу жұмысы жүргізілді. «Пекин – 2008» олимпиадалық алау эстафетасына Алматы қаласының қатысу құрметіне саябаққа 100-ден аса атаулы қайындар мен шыршалар отырғызылды. 2011 жылы 100 тұп тянь-шань шыршасы отырғызылған. Саябақ аумағында 2001 жылы КР Бірінші Президенті Н. Назарбаевтың өз қолымен отырғызған емен ағашы өсіп тұр. 2011 жылы 11 қарашада КР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Қазақстан» монументалды сәулет композициясының ашылу салтанаты болды.
3	Нысанның орналасу жері, оның мекенжайы	Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Науай көшесі мен Әл-Фараби данғылының қылышында
4	Сипаттамасы	Дендропарктің жалпы аумағы 73 гектарды құрайды. Саябақтың кіре беріс ортасында қала ішіндегі ең үлкен биіктігі 21 м., кешкісін сәуле шашып әуен шығаратын су бұрқақ орын алған. Жалпы су сыйымдылығы 2820 текше метр, диаметрі 52 метр, 8 сорғы топтамасынан және түрлі жарықтандырыштан құралған. Бұл су бұрқақ әр түрлі диаметрлі 13,5 м; 37 м; 48 м; 53 м көлемді дөңгелек кесе тәріздес. Субұрқақ ортасында жұлдызнама белгілеріндегі медальдармен қоршалған

		<p>тәж тәріздес архитектуралы бейне орын алады. Тәж ортасынан 30 метр биіктікке дейін ағатын 70 мм диаметрлі су бұрқақтың басты су ағысы ағады. Бас су бұрқақ форсункаларының жалпы саны 302 дана. Субұрқақтың жоғары жағында галерея үйимдастырылған. Қабырғада салынған суреттер де әр алуан. «Қазақстан» монументалды сәулет композициясы қола, гранит және мәрмәр тастан бүркіт тәріздес құйылған. Ескерткіш ортасында Бірінші Президент бейнесі кескінделген. Бүркіттің қанатында Алматы және Астана қаласының символы орын алған, ал символикалық картада Қазақстандағы елеулі сәулеттік және тарихи нысандар бейнеленген.</p> <p>Саябақтың бас жоспарында 9,5 гектарлы су кешені мен 4,8, гектарлы тау сілемінің құрылышы бар. Саябақтың оңтүстік бөлігіндегі 24 метрлі жер аумағына тау өзені мен жасанды тау ландшафты композиция жоспарланған. Басқа таулы бөлімшелеріне жасанды су өзендері мен көлшіктер қарастырылған. Саябақтың орталығында жабық-климатрондар оңтүстік және солтүстік жартышар флорасының құрылышы жоспарланып қарастырылған. Қазіргі уақытта болашақ климатрондар құрылышы орнында алты су бұрқақтар, гүлзарлар мен демалыс аландары орын алған.</p>
5	Ескерткіш туралы мәліметтер көздері	Алматы жолсерігі. Алматы: Credos, 2009
6	Сақталуы, реставрация жасалған уақыты	Жақсы сақталған, абаттандыру жұмыстары әлі күнге дейін жүргізілуде
7	Корғалуы, кімге жүктелген	Қалалық әкімшілік қарамағында

8	Қандай экскурсияларда пайдаланады	қалалық шолу, тақырыптық (табигаттану) экскурсиялары
9	Карточка жасал-ған уақыты, экскурс馊одтың аты-жөні	07.05.15 ж. Рысбек Жания

4.3. Экскурсиялық маршрутты құру және аралап шығу

Экскурсия маршруты – нысандарды көрсету үдерісімен байланысты, тақырыптың ашылуына мүмкіндік беретін экскурсиялық топтың жүріп өтетін жолы. Маршруттың міндетінің бірі – тақырыптың толық ашылуына мүмкіндік туғызу.

Маршрутты құрастырудың тәжірибесінде қалыптасқан нұсқалары: хронологиялық, тақырыптық және тақырыптық-хронологиялық. Маршрутты хронология бойынша құрастыру – әйгілі адамның өмірі мен іс-әрекетіне арналған экскурсияларда пайдаланылады. Тақырыптық қағидатта нысандарды экскурсияның тақырыбы немесе оның тарауларының ашылуымен сәйкес көрсетеді.

Тақырыптық-хронологиялық қағидат көп жағдайда қалалық, көп жоспарлы шолу экскурсияларында пайдаланылады, мұнда хронология тек қана тараулардың ішінде сақталады.

Маршрутты құрастыру – жоғарғы квалификацияны қажет ететін, жана экскурсия жасаудың технологиялық элементі болып табылатын көп сатылы рәсім. Автобус маршрутын жасағанда «Жол ережелері», «автомобиль көлігінің Жарғысы», «Жолаушыларды тасымалдау ережелері», т.б. нормативтік құжаттарды пайдалану қажет.

Жалпы маршрутқа койылатын талаптар:

- қауіпсіздік;
- қозғалудың ыңғайлышы;
- қөлікті нысан қасында ыңғайлыш орналастыру;
- санитарлық орындар мен демалу орындарының болуы;
- жол ережелеріне сәйкестігі.

Маршрут нысандарды қараудың дұрыс жүйелілік қағидаты арқылы құрылады:

- нысандар кисынды жүйелілікпен көрсетіледі;
- маршрут бойынша бір өткен жерден қайтып өтпеу (көшемен, аландардан, көпірден);
- нысанмен танысатын алаңның болуы;
- нысандар арасында қозғалу уақыты 10-15 минуттан аспау керек.

Көліктік экскурсияны дайындаған кезде көлік маршрутының бірнеше нұсқасын дайындауды, оның себебі жол кептелісі, қала магистралдарында ремонт жұмыстарының жүргізілуі. Автобус маршруттың құрастыру маршрут кестесін және паспортын бекітумен, километражды, көлікті пайдаланатын уақытын есептеумен аяқталады. Маршрут толық жасалып болғаннан кейін оны аралап шығады.

Маршрутты аралап шығу козғалас трассасын, экскурсиялық нысанның орналасу жерін, оларға бару жолын, аялдамаларды айқындау мақсатында өткізіледі. Маршрутты аралап шығу, экскурсия жүргізуге қажетті уақытты анықтауға мүмкіндік береді. Маршрутты аралап шығу, экскурсия ұзақ уақыт өткізілмеген жағдайда, қалада белсенді құрылыш немесе реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, нысандарға жол күтпеген жерден жабық болып, немесе көрсету нысаны реставрацияға алынып, жан-жағы қоршалып, оны көрсетуге мүмкіндік болмауында өте қажет. Маршрутты айналып өткеннен кейін, барлық түзетулер, айқындалған жағдайлар, өзгертулер картага енгізіледі. Соның көмегімен соңында маршруттың ақырығы нұсқасы дайындалады, оған топ болып жүріп өтетін барлық көшелер мен аландардың атаулары, көрсету объектілері (шартты белгілер арқылы) және экскурсанттар автобустан шығатын жерлері көрсетіліп, қай жerde кандай тарау қарастырылатыны енгізіледі. Сұлбада автобустың жүру жылдамдығы да корсетіледі: жай – сағатына 30 км, орташа – 40-45 км, жылдам – 60 км. Автобустың жылдамдығын көрсету өте-мөте жаңа экскурсоводтар экскурсияны игерген кезде маңызды. Экскурсиялық маршруттың дайын сұлбасы бекітуге беріледі, содан кейін жергілікті көлік инспекциясымен бекітіліп көбейтіледі.

Сұлба туристік мекемелерінің методистеріне, экскурсо-водтарға, диспетчерлерге, экскурсиялық автобус жүргізушілеріне таратылады. Бұл барлық тізбектердің жұмысын нақты ұйымдастыруға көмек береді, жақсы құрастырылған маршрут экспуроводқа көрсету және әңгімелегенде жүргізушіге қалай жүр-уін көрсету үшін, қай көшеге бұрылуын, қандай ескерткіштің қасында тоқтау керектігін, автобусты қай жерге, қалай токтату сияқты мәселелерге алаңдамай жұмыс жасаудың мүмкіндік бере-ді.

Маршрутты аралап шығу жаңа экспуроводтың тақырыпты дайындау кезінде маңызды кезендердің бірі. Маршрутты аралап шығуды ұйымдастырылған кезде шығармашылық топтың мүшеслерінің алдына келесідей міндеттер қойылады:

1. Экскурсия маршруты өтетін қала көшелерінде және алаңдарында болып жатқан жағдайлармен танысу. Егер жолдарда жөндеу жұмыстары жүріп жатса, немесе автокөлік өте көп болған жағдайда қосымша жұру жолдары қарастырылады.

2. Нысан қай жерде орналасқанын анықтау, сонымен бірге автобус немесе топтың тұратын орнын да анықтау.

3. Нысанға автобуспен баратын жолды және тұратын орнын анықтау, экспуроводтың көрсетудің аландарын тандау.

4. Сонымен қатар хронометраж өткізіледі: бір обьектіден екінші обьектіге бару, әрқайсысын көрсету және суреттеу, автобустың обьектілер арасына кететін уақыты анықталады. Экскурсияның жалпы ұзақтығын, оның ұзындығын километрде есептеп шыгару.

5. Таңдалған методикалық тәсілдердің тиімділігін және пайдалылығын тексеру.

6. Объектілерді көрсететін және экспуроводтың топты орналастыратын жақсы нұктелерді тандау. Объектілерді көрсететін және экспуроводтың топты орналастыратын негізгі және резервті нұктелерін тандау қажет, резерв нұктесі, негізгі нұктеде басқа экспуроводтың топ тұрып, бос болмаган жағдайда қажет.

7. Экскурсанттардың қауіпсіздігі үшін, маршруттың потенциалды қауіпті жерлерін анықтау, жолдардың жағдайын тексеру және сактық шараларын колдану.

Бақылау мәтінін дайындау

Маршрут бекітілгеннен кейін, экскурсияның тексті құрылады. Шығармашылық топпен жасалған мәтін бюро (фирма) мәтіні немесе бақылау мәтіні деп аталады.

Бақылау мәтінінде материал экскурсияның мақсатына орай, тақырыбына сәйкес баяндалады, хронология сақталады, бірақ маршруттағы көрсету нысандардың реттілігі есепке алынбайды. Бақылау текстінде әдебиеттен үзінділер, статистикалық мәліметтер, оларды алған деректер және экскурсияның кіріспесі, мазмұны, қорытындысы, логикалық ауысулары толық жазылады.

Бақылау мәтініне маршрутқа байланысы жоқ мәліметтер де кіреді, олар осы экскурсияның басқа нұсқауларын жасауға қажет болады. Бақылау мәтінінің қолемі 3 сағаттық автобус эксперсиясына 40-50 басылым бет, ал жаяу эксперсияларында 25-30 беттен кем болмау керек.

Әрбір топ мүшесімен жасалатын өзіндік, жеке мәтініне қойылатын талап осы бақылау мәтініне сәйкес келуі, бұл жерде бақылау мәтіні этalon болып саналады.

Экскурсоводтың жеке мәтіні. Бақылау мәтінінің негізінде әрбір экскурсовод өз мәтінін құрастырады. Материал экскурсия құрылымы бойынша баяндалады (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) және маршрут бойында нысандар ретімен көрсетіледі.

4.4. «Экскурсовод портфелі»

«Экскурсовод портфелінің» негізгі мақсаты көрсетудің жетіспейтін тізбесін көз алдына келтіру. Экскурсиада кейбір қажетті нысандар толық сақталмаған жағдайда, оның алғашқы қалпы қандай болғанын анықтау үшін суреті көрсетіледі. Не болмаса келешекте бұл жерде не болатынын көрсету үшін болашақ құрылыштың жобасымен таныстыру қажет.

Нысанға қатысы бар жеке адамдардың суреттері, құжаттардың, колказбалардың түпнұсқаларының көшірмелері жинақталады. Портфельге, сонымен қатар географиялық карталар, сұлбалар, сыйбалар кіреді. Портфель жиынтығы әрбір тақырыпқа арналады. Оларды пайдаланған кезде ыңғайлы болуы үшін қалың қағазға жапсырып, қолемі тиімді, автобустың арты-

нан көре алатында болу керек. Саны да көп болмау керек, әрқайсының түсінік параграфы қыстырылады. Әр экспонатқа – фотосурет, сурет, сұлба, құжат көшірмесіне рет саны қойылады. Ол экспонаттарды экскурсанттарға көрсетудің ретін анықтайды. Оларды пайдалану әдістемесі маршрут аралаған кезде тексеріледі. «Экскурсовод портфелінің» материалдарын жинауға үлкен көмекті мұражайлар, мұрағаттар, көрмелер береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жаңа экскурсия құрудың қанша сатысы бар?
2. Экскурсияның қанша бөлігі бар?
3. Жаңа экскурсия құрудың кезеңдері.
4. Экскурсия тақырыбына қойылатын міндеттер.
5. Нысандарды іріктеу қағидаттары.
6. Нысан карточкасы қамтитын мәліметтер.
7. Экскурсия маршрутын құруға қойылатын талаптар.
8. Маршрутты аралап шығудың мақсаты.
9. Бақылау мәтінінің түсінігі.
10. «Экскурсовод портфелі» түсінігі.

5-тaraу

ЭКСКУРСИЯНЫ ӨТКІЗУ

5.1. Экскурсиялық көрсетудің әдістемелік тәсілдері

Көрсету әдістемесі – экскурсиялық әдістеменің маңызды және ең күрделі бөлігінің бірі. Көрсету тәсілдері нысанды тек көрсету емес, оның мазмұндық ерекшелігін білдіреді.

Көрсету тәсілдері бірнеше тәсілдерден тұрады: обьектіні бақылауды ұйымдастыру (зерттең тану), қоршаған ортадан қажетті обьектіні бөліп көрсетуге мүмкіндік беру; обьектіні көркөті түрде көруге мүмкіндік беру; нысанның ерекшелігін, бір көз тастағанда білінбейтін бөліктегін табу, т.б.

Алдын ала көрсету тәсілі экскурсанттар ескерткіштің орналасқан жерінде болған кезде қолданылады. Алдын ала оларды көру үшін 1,5-2 минут уақыт бөлінеді. Экскурсовод әңгімесімен қошталмайды. Экскурсанттар өз бетінше нысанмен танысады. Осыдан кейін экскурсовод экскурсанттардың назарын нысанның тарихына, оны қоршаған ортасына сипаттама береді.

Бұл тәсілді пайдаланудың екінші нұсқасы болады – экскурсовод басында нысанды бақылау кезінде, оның қандай сапалық және нақты ерекшеліктеріне көніл аудару керек екеніне назар аударады.

Панорамалық көрсету. Бұл тәсіл көбінде қала панорамасын, архитектуралық ансамбль, әсем ландшафты көрсеткенде пайдаланылады. Ол үшін мұнара, бекініс дуалдары, төбелер сияқты биік жерлер қолайлар. Осы биік нүктелер арқылы қаланың шайқас аланы, жазықтар, өзендер панорамасын, таулар орографиясын көрсетуге болады. Сонымен экскурсанттардың алдарынан ашылған панорамалық суреттемелерді тез қабылдауын жақсарту үшін, олардың зерттелетін обьектілерінің композициялық ортасын тауып топтың назарын аудару қажет. Объектілерді тек алдын ала таңдаған ретімен көрсету керек.

Мысалы, Алматыда Көктөбеден бүкіл қала панорамасын көруге болады. Экскурсанттардың алдында ашылған кеңістікті қабылдаудың белсендендіру үшін, бақылау панорамасында композициялық орталықты анықтап топтың қөнілін соған аудару керек. Экскурсовод тақырыпты ашатын объектілерді көрсетеді, жалпы панорамадан жекеге көшеді.

Экскурсиялық анализ. Осы тәсілдің көмегімен объектілерді детальды бақылау жүргізіледі. Экскурсиялық анализдің тарихи, көркемөнерлі, жаратылыстану ғылыми түрлері бар.

Көрермен реконструкция тәсілі (қайта құру) сыртқы бейнесі өзгертілген объектілерді көрсеткенде қолданылады. Бұрынғы қалпын экскурсанттар экскурсовод әңгімесінің көмегімен ойында қайта құрып елестете алады. Бұл тәсіл ұмытылмас орындарды, әскери шайқас, халық көтерілісі, ереуіл (забастовка) орындарды көрсеткенде қолданылады. Тәсілдің міндеті – экскурсанттарға ұмытылмас орындарды, ғимараттарды, құрылыштарды бұрынғы қалпында елестетуге мүмкіндігін береді. Реконструкциялық әдіс көбінесе архитектуралық, тарихи, әдеби экскурсияларда кеңінен колданылады.

Локализация тәсілі қоршаған ортадан көруге қажетті объектіге экскурсанттардың қоңілдерін тарту үшін қолданылады. Оның мағынасы – болған оқиғаларды нақты бір жермен ұштастыру. Локалды деген сөз – «жергілікті, өзінің бір белгілі орны» деген ұғымды білдіреді.

Материалды бергенде бұл тәсіл жалпыдан жекеге ауысу қажет. Мысалы «осы цехта алғашқы автомобиль жасалған».

Салыстыру тәсілінің міндеті – ерекше тек осы объектіге тән бөліктерін табу, оның қайталанбайтын оригиналдығын көрсету. Экскурсанттарға объектінің нагыз көлемін (ескерткіштің биіктігін, қамал дуалының ұзындығын, көшениң енін) елестетуге мүмкіндік береді.

Көрермен монтажы – бұл реконструкция әдісінің бір бөлігі болып табылады. Экскурсовод көрермен монтажын қолдана отырып, бірнеше құрылыштардың немесе бірнеше ескерткіштердің сыртқы түрін, сонымен қатар олардың бөлек элементтерінен қажетті образ құрады. Көру монтажында әртүрлі сызуулар, «Экскурсовод портфеліндегі» суреттер қолданылуы мүмкін.

Мемориалды тақтанаы көрсетеу тәсілі. Экскурсиялық маршрутта мемориалды тақта болса, әңгімені нысанның талдауынан, осы жерде болған оқиғалардан бастайды.

Қимыл-қозғалыс методикалық тәсілі экскурсанттардың нысанды (ғимарат, құрылыш, көше, алан) айнала жүріп танысуы үшін қолданылады. Экскурсанттар нысанның жан-жағын қарап, биіктігін, терендігін, арақашықтығын анықтайды.

Нысандарды жүріп бара жатқан автобустан көрсету. Объектілер жайлы оны көрмей тұрып алдын ала жалпы сипаттама береді, объект көрінгенде экскурсанттардың назарын оған аударады.

Айтылған тәсілдерден басқа да көптеген тәсілдер бар. Айта кететін болсақ, абстрактілік, интеграциялық, аналогия тәсілдері. Экскурсоводтың тәжірибесі мол болған сайын ол өзінің практикасында әдістемелек тәсілдерін көбірек қолданады, оларды тиімді пайдалана отырып, көздеген нәтижеге жетеді.

Сонымен, экскурсиялық көрседілік үлкен мағынасы бар. Әңгімеледің мазмұны нысанға, оның сакталуына байланысты. Көрсетеу тәсілдері нысанды тек көру ғана емес, оның мазмұндық ерекшелігін білдіреді.

5.2. Экскурсиялық әңгімеледің негізгі әдістемелік тәсілдері

Экскурсияда жі қолданылып жүрген әңгімеледің бірнеше тәсілдері бар. Экскурсиялық әңгімеледің әдістік тәсілінің негізгі мақсаты: фактілерді, оқиғаларды, т.б. әңгіме нысандарын елеестету. Экскурсияда жі қолданылып жүрген әңгімеледің бірнеше тәсілі бар.

Әңгімеледің тәсілдері екі топқа бөлінеді:

1. Әңгімеледің формаларымен байланысты (анықтама, бейнелеу, репортаж, дәйексөз пайдалану) бұл тәсілдер айтылғанды еске сактауға, ойша қайталап, бір жүйеге келтіруге көмектеседі.

2. Сипаттама тәсілдерін түсіндіреді, сұрап-жауаптар, көргенге сүйену, тапсырма тәсілдерін біріктіреді. Бұл тәсілдер сыртқы оқиғаларды, нақты кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелейді.

Экскурсиялық анықтама тәсілі – көруді реконструкциялау, локализация мен абстракция тәсілдерімен бірге пайдаланады. Экскурсовод көріп жатқан объект туралы қысқаша сипаттама береді: салынған уақыты, авторы кім, қолемі, салынған себебі, т.б. ақпарат береді. Мазмұны және құрамы бойынша бұл тәсіл экскурсиялық жол ақпаратына ұқсас болады.

Суреттеу тәсілінің маңытасы – экскурсанттардың сана-сында көрсетілетін нысанды дұрыс кейіптеу (форма, қолем, қандай материалдан жасалынған, қасындағы объектілерге қарағанда орналасуы). Бұл тәсіл нысанның сипатты белгісін, сыртқы түрінің ерекшелігін, реті бойынша баяндауды талап етеді. Ол әдетте екі-үш минуттан аспайды және көбінесе, жалпы шолу экскурсиясында қолданылады.

Суреттеу тәсілі тек ескерткіштерді ғана көрсету үшін емес, сонымен қатар тарихи оқигаларды сипаттау үшін қолданылады. Тарихи оқиганың суреттемесін қалпына келтіру үшін көру реконструкциясы әдістемесін басшылыкка алу керек. Автобуспен экскурсия жасағанда суреттеу тәсілі автобустан шыққан кезде де, шықпай терезеден қарап отыrsa да, барлық көрсетілүдерде қолданылады.

Сипаттама тәсілі – нысанның басқадан айырмашылығын көрсету арқылы жузеге асырылыды. Нысанның ерекшелігіне, қасиетіне тоқталады. Суреттеу тәсіліне қарағанда сипаттама беру тәсілі арқылы экскурсанттарға берілген нысанды жақсы түсіндіріп, оның өзіндік ерекшелігін көрсетуге болады. Сонымен бірге, сипаттау жағынан басқа ұқсас нысандардың қатарында өз орнын алады, немесе керісінше оның қасиеттерін сипаттау, басқа нысаннан өзгешелігін көрсетеді. Суреттеу тәсілі нысанның тек қана сыртқы жақтарын сипаттап, оның ішкі, көзге көрінбейтін қасиеттеріне мән бермесе, сипаттау тәсілі нысанның сапалы жақтарына баға беріп, танымдық, көркем құндылығына, автордың біртума шешіміне, айқындылығына, сақталу дәрежесіне тоқталады.

Түсіндіру тәсілі – мұнда материалды ұсынған кезде тарихи оқигалардың негізі мен оның болған себебіне тоқталады. Бұл тәсіл барлық экскурсияларда қолданылуы мүмкін. Ол көбінесе, өндірістік-экономикалық, табиғи экскурсияларда, әңгімеледің

ішкі байланыс үрдісінде түсіндіріледі. Түсіндіру тәсілі ескерткіш, сурет, мұсін сияқты өнер туындылар көрсетілетін экскурсияларда кеңінен қолданылады. Түсіндіру тәсілі өзінің дәйектілігімен, дәлелділігімен ерекшеленеді.

Дәйексөз пайдалану тәсілі – шығармалардан өзгертилмей келтірілген сөздер, немесе біреудің сөзін бұзбай қайталау. Дәйексөз қысқа, дәлме-дәл, анық болуы шарт және орынды келтірілпі, уақытында айтылуы керек. Дәйексөзді келесі жағдайда пайдаланады:

- өзінің ойынды нақтылау үшін, тілдің ерекшелігін сактау үшін және біреудің беделді пікірімен танысу үшін;
- біреудің пікірімен таныстыру үшін. Дәйексөз келтіруде поэзияның төрт шумағын, прозаңың 6-8 сөйлемін пайдаланған дұрыс әрі тиімді болмақ.

Комментарий беру тәсілі мерзімді басылымда екі түрде пайдаланылады – оқигалардың мағынасын, құбылыстарды, текстерді түсіндіру кезінде немесе оқырмандарда қызығушылық тудыратын бір нәрсе жайлы сынап айтылған сөз кезінде.

Экскурсияда комментарий беру тәсілі экскурсанттар бақылап тұрган нысан жайлы экскурсовод оқиганың мағынасы немесе тарихи және мәдени ескерткіштің авторының түпкі ойы туралы материалды баяндаған кезде пайдаланады.

Кейде комментарий сәулет тақырыптарында ғимараттардың сыртқы түрін, оның конструкциясын, инженерлік құрылышының ерекшелігі жайлы сынап айтылған сөзде пайдаланады. Комментарий тәсілін мұражай экспозициясын көрсеткенде және көрмелерде экспонаттарды түсіндіру кезінде кеңінен қолданады.

Дискуссия тәсілі – ашық диалог арқылы экскурсанттардың белсенділігін арттыруға бағытталады. Осы тәсіл экскурсияның кейбір бөлімдерін, мазмұнның монологтық формасын диалог мәліметтеріне айналдыруға мүмкіндік береді. Екі-үш экскурсант өз пікірлерін айтады. Содан кейін экскурсовод корытындылай келе, шешім қабылдайды.

Сұрақ-жасаудың тәсілі – экскурсанттарға сұрақ қою арқылы белсенділігін арттыру үшін қолданылады. Мұнда әңгімелуе барысында тыңдаушыларды ынталандыру үшін әр түрлі сұрақтар қойылады.

Репортаж тәсілі – бұл тәсілдің ерекшелігі алдын ала дайындалмайды, экскурсовод экскурсанттармен бірге бір оқиғаның күәгері болған кезде қолданылады. Мысалы, зауыттар мен фабрикаларда жұмыс істеп тұрған конвейерді көрсету кезінде жүргізілетін әдіс. Экскурсовод көз алдында өтіп жатқанга қысқаша түсініктеме береді, репортаж жүргізеді.

Әдеби монтаж тәсілі – белгілі бір оқиғаны немесе белгілі адам бейнесін көз алдына келтіргендегі етіп көрсеткісі келсе, экскурсовод әдеби монтаж тәсілін қолданады. Оның мәнісі бір немесе бірнеше авторлардың шығармаларынан үзінділер іріктеліп алынады да, олардан біртұтас композиция жасалынады. Үзінділердің мазмұны экскурсия тақырыбын, негізгі сұрақтардың мағынасын ашады. Бұл тәсіл көбіне әдеби, әсіреле әдеби-көркеменер тақырыптарындағы экскурсияларды өткізген кезде пайдаланылады. Әдеби-монтаждың экскурсанттарға эмоциялық әсер ету дәрежесі жоғары болады.

Арнайы әдістемелік тәсілдер

Қарастырған экскурсиялық тәсілдер негізгі тәсілдер болып саналады, бірақ олардың басқа да тәсілдері бар, олар арнайы тәсілдер деп аталады, себебі түрлі экскурсияларды өткізген кезде, кейбір жағдайларда негізгі тәсілдер жарамайды. Тәжірибелі экскурсовод мақсатына жету үшін көптеген әдістемелік тәсілдерді пайдаланады, солардың бірі – *оқиғага қатысуышылармен кездесу*. Экскурсия мазмұнын толығырақ зерттеу үшін жазушылармен, әртістермен, галымдармен, өндіріс озаттарымен, т.б. кездесуді үйімдастыруға болады. Бұл тәсілдің талабы – шақырылған оқиға күәгерінің сөзі ұзакқа созылмауы және экскурсоводтың әңгімесіне сәйкес келуі. Кездесу кезінде пайдаланатын тәсіл – әңгімелесу. Әңгімелесу қын тәсілдердің біріне жатады, экскурсовод пен басқарылмаса, қойылған мақсатына жетпейді.

Үн таспаға жазылған дыбыстарды тыңдау – бұл тәсілді экскурсоводтар жиі қолданады. Әйгілі композиторлардың, жазушылардың тұрған жеріне бару, әдебиеттік, өнер зерттеу экскурсияларында өткізіледі. Жазылған дыбыс ұзакқа созылмау керек, себебі бұл тәсіл эмоция тудыру, экскурсия арқылы әсер алу үшін пайдаланады. Бірақ экскурсияның логикасын бұзбау керек.

Салт жоралары элементтерін пайдалану тәсілі – әскери-тарихи тақырыбына өткізілетін экскурсияларда, мемориалды орындарда, отанымыздың тәуелсіздігі үшін курескендердің жерленген, мәнгі от жанып тұрған естелік орындарында қолданылады. Экскурсанттар гүл шоқтарын қойып, үнсіздік минутына қатысып, құрметті қарауыл ауысуын көреді.

Зерттеу тәсілі – көптеген жағдайларда балалар топтарымен жұмыс істегендеге қолданылады. Бұл тәсіл қарапайым зерттеулерді жүргізу арқылы іске асады, мысалы құдықтың тәрендігін анықтау үшін оның ішіне жанып тұрған қағазды тастайды, от алғашы қабырғаларына жарық түсіреді, кейіннен құдықтың түбіне жарық түсіп тәрендігін шамалап анықтауға мүмкіндік береді. Өндіріс орнында окушылар қызығып белгілі уақытта қанша өнім шыгаратынын санайды. Зерттеу тәсілі экскурсанттардың белсенділігін арттырады.

Тапсырма беру тәсілі – зерттеу тәсілінің бір түрі. Оның негізі экскурсоводттың топқа тапсырма беруі – мемориалды тақтаниң жазуын оқу, шырша мен қарагайдың инелерінің ұзындығын салыстыру, жазушының немесе суретшінің басқа туындаларын еске түсіру болып табылады. Экскурсанттарға осы сияқты тапсырма бергенде, ойламаған жерден экскурсанттар оларды осы арада орындауға тырысады. Бұл әдістемелік тәсілдің мәні – экскурсанттарды қызықтыру, ойландыру, олардың ойлау қабілетін арттыру. Тапсырманың жауабы әнгімелеу кезінде айттылады.

5.3. Экскурсияның технологиялық картасы

Экскурсияны құру кезінде шыгармашылық процестің аяғында жасалатын қорытынды құжат, яғни оның соңғы кезеңі – сыйнамалық экскурсияны өткізу барысында қабылдау комиссиясына тапсырудың алдында құрылады. Ол құжатта экскурсоводтың әнгімелеу барысында қолданатын тақырып, мақсат, экскурсия тапсырмалары, маршруттың қолайлы нұсқасы, оның ұзактығы мен ұзындығы, көрсету объектілері, аялдау орындары, тақырыпшалар, ұйымдастырылған және методикалық нұсқаулықтар, көрсету мен әнгімеледің методикалық тәсілдері көрсетіледі.

Технологиялық карта нақты объектілер бойынша экскурсияның мазмұнын экскурсанттарға көрсетеді. Оның мақсаты – экскурсоводқа экскурсияны жүргізу барысында позитивті нәтижеге жетудің дұрыс жолын көрсету.

Сонымен қатар экскурсоводтың технологиялық картасы экскурсиялық қызметтің жүргізуіне үміткер болып табылатын туристік-экскурсиялық ұйымды сертификаттау барысында талап етілетін негізгі күжат.

Технологиялық карта экскурсия секілді 3 бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспе мен қорытындының экскурсиялық нысандармен байланысы жоқ және картада графикалық рәсімделген негізгі бөлімге дейін және одан кейін орналастырылады. Бұл екі бөлімдерде экскурсовод міндепті түрде топқа экскурсия туралы мәліметтер беруі қажет, яғни топтың көрсету объектілері мен экскурсиялық әнгімелердің мазмұнына назарын аудару үшін арнайы нұсқаулықтар болуы қажет. Кіріспеде экскурсилиқ топқа тәуелді нұсқаулықтар көрсетілуі мүмкін.

Бірінші баған – «маршрут». Бұл бағанда экскурсиялық топ жүріп өтуі тиіс көшелер, қылышы данғылдар, гулзарлар, тас жол, аландар көрсетіледі. Содан соң экскурсовод технологиялық картага сай экскурсияның алғашқы тақырыпшасын, яғни көрсету объектісіне дейінгі жолдың үзіндісін атайды. Әрі қарай алдыңғы объектіден келесі объектіге дейінгі жолдардың үзіндісі жазылады.

Екінші баған – «аялдама орындары». Бұл бағанда маршрут нұктелері көрсетіледі, яғни автобус аялдамасы мен объектті одан шықпай көру немесе автобус аялдамасы мен одан шығу, сонымен қатар жаяу экскурсия барысындағы аялдамалар көрсетіледі. Аялдамаларды нақты және дәл көрсету қажет, мысалы, «Республика алаңы. Тәуелсіздік монументінің сол жағында», «Абай алаңы. Абай Құнанбаев ескерткішінің оң жағында». Бұл бағанда мақсатқа сәйкес автобустан шығудың қысқы және жазғы нұсқаларын көрсетуі тиіс. Қыс уақытында қатты аяз болса, шығулар азайып, экскурсиялық нысан көліктен шықпай көрсетіледі. Технологиялық картада сонымен қатар жаңбыр немесе басқа да қолайсыз метеорологиялық жағдайларға ұсыныстар берген жөн.

Үшінші баған – «көрсету нысандары». Бұл бағанда экскурсанттарға аялдамада, автобустан түспей аялдамасыз жүріп өту немесе топпен жаяу жүріп өту кезінде нақты экскурсиялық объектілер көрсетіледі. Қосымша объектілермен қатар негізгі объектілер де бірге көрсетілуі мүмкін. Көрсету барысында нысанның атауы, авторлар, яғни мүсіншілер мен сәулетшілердің аты-жөнін сипаттау қажет.

Төртінші баған – «ұзақтылығы». Бұл көрсету объектісі мен экскурсиялық әңгімелерде қажетті уақыт бағаны. Дәл осы уақыт аралығында экскурсанттарға өздері көріп шығуға беріле-тін (егер экскурсияның жалпы жоспарында талап етілсе) уақытты да ескеру қажет. Төртінші бағанда көрсетілген уақыт үзінділері экспурсияның жалпы ұзақтығын құрайды.

Бесінші баған – «ақпараттың негізгі мазмұны». Бұл бағанда маршрутқа сәйкес қысқаша түсініктемесі бар тақырыпшалардың атаулары жазылады. Тақырыпша экспурсия тақырыбының құрамадас бөлігі. Ол құрамындағы ақпаратқа сай бір немесе бірнеше объектілер де болуы мүмкін, сонымен қатар экскурсанттар категориясына да байланысты болып келеді. Тақырыпшалар экспурсия мәліметтерінің ішкі қисынына сай тақырыпты дәйекті түрде ашады.

Жоғарыда аталып өткен тақырыпшалар аздаған өзгерістермен кез келген ірі қаладағы экспурсия үшін қолданылуы мүмкін.

Алтыншы баған – «үйымдастыру бойынша нұсқау». Экскурсиялық топты нысан жанында орналастыру мен орын ауыстыру тәртібі, олардың қауіпсіздігі, ескерткіш орындары мен тарихи-мәдени ескерткіштері жанында өзін-өзі ұстай ережелері, табигатты қорғау талаптары, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына байланысты барлық сұралқтар алтыншы бағанда жазылады. Ұсыныстарды нақтылап берген жөн. Мысалы, «Автобусты Гоголь көшесіндегі 28 Панфиловшылар саябағының кіре-беріс жеріне тоқтату», «Топты Данқ мемориалының алдына орналастыру», «Цехқа кірер алдында нысандарды көру тәртібін, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру» және т.б.

Жетінші баған – «әдістемелік нұсқаулар». Бұл бағанда экскурсоводқа көрсету мен әңгімелеге байланысты маңызды көрсеткіштер жазылады. Және бұл бағанда көрсету барысында экскурсовод назар аударуға тиісті нысандардың нақты бөлшектері, оларды талдау жүйелілігі іріктеліп жазылады, сондай-ақ көрсету мен әңгімеледің методикалық тәсілдері және оларды қалай қолдану керектігі, «экскурсовод портфелиндегі» мәліметтерді қолдану бойынша кеңестер, логикалық ауысулардың бірнеше нұсқалары, дәйексөз үшін мәліметтер ұсынылады.

Әдіснамалық зерттеулерді құрастырып болғаннан кейін арнайы мамандардан оның сапасы туралы қорытынды және туристік-экскурсиялық мекеме басшысының бүйіріғын растау қажет.

Технологиялық картаның титул бетінде келесі мәлімет көрсетіледі

«БЕКІТЕМІН»

Туристік ұйымның жетекшісі

(қол қою)

(күні, мөр)

«.....» тақырып бойынша экскурсияның технологиялық картасы

Экскурсия түрі (топтастыруға сәйкес) _____

Ұзақтығы (с.) _____

Ұзындығы (км) _____

Экскурсияның мақсаты _____

Экскурсияның міндеттері _____

Экскурсияның маршруты (негізгі нүктелері) _____

Құрастырған күні _____

Құрастырушының аты-жөні _____

Технологиялық картаның екінші бетінде экскурсияның мақсаты, міндеттері, маршрут және экскурсияның тараулары көрсетіледі.

Технологиялық картанды толтырудын үлесі

Маршрут	Аялдама орындары	Көрсегү нысандары	Ұзак тылғы	Акпараттың негізгі мазмұны	Ұйымдастыру бойынша нұсқауларды	Әдистемелік нұсқауларды
28 Панфиловшылар паркі. Парк-ті айналып автобус Казыбек би көшесінде, Достық дарнұльына жетпей тоқтайды	Паркке орталық кіру	Кафедралды собор	10	28 Панфиловшылар паркінің тарихы. 1887, 1911 жылдардағы жер сілкіні. Кафедралды собор, А.П. Зенковтың гажап туындысы.	Собормен танысқан кездे топ парктін батыс жағындағы саяжолдар ко-сылған жерде, ағаштар көлен-кесінде орналасады. (Гимаратка толтыру пушкалар артында орналасқан кигаш саяжол-мен алыш барады)	Собордың нақты ерекшеліктеріне көніл аудару үшін алдын-ала карау және локализация тәсілдері колданады. Соборды көрсеткендеги иллюстрациялық ымдауды колданады. Әңгімаде бейнеслеу, дәйек-сөз көліптуру тәсілдерін колдану керек. Жер сілкінісін күшін көрсету үшін «екскурсовод портфелин-дегі» Покровский шіркеуін жер сілкініске дейін және жер сілкіністен кейнгі суреттерін көрсету.

... Кабанбай батыр көшесінен онға Панфилов көшесіне бұрылу	Аялдама Панфилов көшесінің алдында Кабанбай көшесін-де. Авто-бустан шық-пайды	Абай атындағы опера балет театры, «Алматы» конак үйі	8	Тараулар. «Алматы Қазақстанның мәдени орталығы» Театр өнері, ОБГ республиканың жекең театры	Автобус Кабанбай батыр көшесіне бұрылыш, светофор алдында токтайды	Сілтегуш ыммен театрға көnl аудару, оған сипаттама беріледі тарихы, репертуары, жетекші ергисігері жайлы әнгімени сипаттау тәсілі арқылы жүргізу.
--	---	--	---	---	--	---

5.4. Экскурсия жүргізудің техникасы

Әрбір экскурсияның нәтижесі көп жағдайда оның жүргізу техникасына, әдісі мен арақатынасына байланысты.

Экскурсия жүргізу техникасына бірқатар талаптар қойылады, олар: экскурсоводтың топпен танысуы; экскурсанттардың автобустан шығып қайта кіруі; экскурсоводттың микрофонды пайдалануы; экскурсияға берілген уақытты сақтау – жалпы және оның жеке тарауларына берілген уақыт; экскурсанттардың сұрақтарына жауап беруі, т.б.

Экскурсияның сюжеті, тақырыбы экскурсанттарға белгілі болу керек.

Әр экскурсияның өз кіріспесі болады, топ құрамына қарай тақырып бірдей болғанымен, кіріспе әртүрлі болады. Экскурсовод кіріспенің қалай айтылатынына аса көніл бөлу керек, себебі кіріспе экскурсанттарға нақты нұсқау береді, олармен байланыс орнатуға септігін тигізді.

Экскурсоводтың топпен танысуы. Экскурсовод автобусқа кірген бетте топпен амандасып, өз аты-жөнін айтады. Экскурсиялық мекемесін атап, автобус жүргізушісімен таныстырады.

Экскурсияның басынан экскурсовод өзінің топпен араласу әрекетін қалыптасқан ережелерге бағындырғаны маңызды, ейткені экскурсовод басынан бастап топпен дұрыс қарым-қатынас құра бастайды. Кіріспені бастау алдында экскурсовод 10-20 секунд үнсіз тұрып топтың көнілін өзіне аударады, осы кезде топпен алғашқы танысу өтеді, экскурсовод пен экскурсанттардың арасында контакт пайда болады.

Экскурсияның желісі экскурсанттарға алдын ала таныс болу керек. Экскурсанттар тақырыпты білу керек. Әрбір тақырыптың кіріспесі әртүрлі болады. Кіріспе туристік топ құрамына байланысты болады.

Экскурсанттардың автобустан шыгуы. Шыгуға алдын ала дайындалу керек. Оған көніл бөлмесе, топтың бір бөлігі автобуста қалып кетуі мүмкін. Онымен бірге олар объектімен танысу мүмкіндігінен айырылады. Аялдама саны кіріспе сөзде айты-

луы тиіс, нысандардың ерекшелігімен экскурсанттарды қызықтырып шығудың қажеттілігін түсіндіру керек.

Аялдамаларда экскурсовод автобустан бірінші шығып, нысанга қарай экскурсанттарды жетектеп апарады.

Экскурсанттарға берілген уақыт регламенттің сақтау туралы ескерту жасайды, өзгерістер болса, ол туралы қосымша хабарлайды. Басқа себептермен тоқтаған кезде (санитарлық аялдама, сувенир алу, т.б.) тұратын уақыты айтылады, уақыт тәртібін сақтауын сұрайды.

Топты объект алдында орналастыру. Экскурсияны жасаған кезде, нысанды қарау үшін, нысанның қасында топты орналастырудың бірнеше варианты анықталады. Оның себебі әдістемелік нұсқауы бойынша белгіленген орынның бос болмауы, немесе күн сәулесінің көруге кедергі жасауы керек. Басқа да кедергі жасайтын себептер болады. Күн ыстық болған кезде көлеңкеге, жауын кезінде талдың, немесе шатыр астына тұргызу қажет.

Егер нысанды қоршаған ауласымен бірге көрсететін болса, онда алыстау түру қажет, ал нысанның жеке бөліктері көрсетілсе, жақын тұрады. Осы ерекшеліктер әдістемелікте «Ұйымдастыру нұсқаулары» графасында айтылып кетеді. Нысан қасында бірнеше топ тұрғанда, топтар арасында арақашықтықты сақтау қажет, бір экскурсоводтың әңгімесі екіншіге кедергі жасамау керек.

Экскурсанттардың бір нысаннан екінші нысанға жаяу қозғалысы. Экскурсовод журу бағытын көрсетіп, топтың ортасында болады. Экскурсоводттың әңгімесі естілу үшін алдыңғылар мен сонғы экскурсанттың арасы 5-7 метрден аспау керек, себебі экскурсоводтың әңгімесі, нұсқаулары естілмей қалады. Журу жылдамдығы жер бедеріне, топтың құрамына, ауа райына байланысты.

Жаяу экскурсиясында журу жылдамдығы баяу болады, экскурсанттар асықпайды жүреді себебі көрсету нысандары бір біріне жақын орналасады. Автобус экскурсиясында журу жылдамдығын белгілеу қыындау болады. Экскурсовод нысан алдында топтың толық жиналуын күтеді, топ толық жиналғанда ғана әңгімесін бастайды.

Уақытты қадағалау. Экскурсияны жүргізу кезінде, әр нысанды көрсетуге нақты өлшенген уақыт беріледі. Кейде экскурсоводқа байланысты емес себептерден (автобустың кешігіп келуі, топтың ұзак жиналуы) экскурсия кешірек басталуы мүмкін. Автобус экскурсия аяқталатын белгіленген ауқыттан кешікпей қайту керек, сондыктан ондай жағдайда экскурсия уақытын қысқартпай-ақ, қосымша мәліметтер көлемін азайту керек. Қалай да болса, барлық негізгі нысадар көрсетілуі тиіс.

Автобустың қозғалысы кезінде көрсету және әңгімелу. Экскурсиядағы әңгімелу объектіні көрсетуден басталады, экскурсант қандай объект немесе оның қандай бөлігі туралы айтылатынын нақты білуі тиіс. Экскурсовод өз әңгімесін барлық экскурсанттар объектіні көріп түрғанына көзі жеткеткеннен кейін ғана бастайды. Әңгімеде дәйексөзді (цитата) пайдалану тәсілі маңызды рөл атқарады. Цитаталарды кішкене карточкаларға (көлемі 10x15 см) жазып, экскурсия алдында дайындалу көю керек.

Экскурсанттардың сұрағына жауап беру. Жол үстінде экскурсанттар экскурсоводка сұрақ қояды. Кейде тақырыпка байланысы бар объектісі туралы, кейде оған қатысы жоқ сұрақтар болуы мүмкін. Экскурсовод кіріспе сезінде, экскурсия соңында барлық сұрақтарға жауап беріледі деп топпен келісіп алу керек.

Автобустағы экскурсоводтың орны. Экскурсовод нысады да, топты да, олардың реакциясын байқау үшін, көріп отыру керек. Бүкіл экскурсия бойы экскурсовод топ алдында тұрып сөйлейді, немесе жиі автобустың алдыңғы жағындағы айналмалы креслода отырып, топқа қарай бұрылып әңгімелейді.

Үзілісті пайдалану. Экскурсовод үнемі сөйлеуге тиісті емес, яғни сезім эффектісін күшету немесе тақырыпшаларды бөлу, қысқа демалыс жасау үшін үзіліс керек. Үзілістер қала маңы экскурсияларында, алыс жол жүргенде, санитарлық тоқтаулар үшін де керек.

«Экскурсовод портфелі» экспонаттарымен таныстыру. Көрсетумен бірге экскурсовод көрнекті құралдарды пайдалану техникасын да игеруі тиіс. Көрнекті құралдар, баяндау мате-

риалдары қажет еткен кезде көрсетіледі. Көрнекті құралдар – карта, сыйбалар, суреттер, макеттер, археологиялық, палеонтологиялық жәдігерлердің, этнографиялық бұйымдардың суреттегі, жойылған нысандарды ойда жақсы елестетуге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, экскурсия жүргізудің барлық аспектілері дұрыс ойластырылмаса, бақылауға жағдай жасалмаса, ешбір нысан жайлы қызықтыратын әнгіме, ешбір ескерткішті көрсететін әдістәсілдер нәтижеге жеткізе алмайды.

Жаңа экскурсия жасаудың соңғы кезеңі – **маршрутты өткізу және бекіту**.

Дұрыс жасалған маршрут көп жағдайда экскурсияның соңғы нұсқасының ойдағыдан болуына ықпал етеді.

Маршрут логикалық негізделген қафидатта, келесі талаптар арқылы құрылады:

- экскурсиялық объектілер арасында жүрген кезде нысандар, белгіленген логикалық жүйе арқылы көрсетіледі, бір өткен жерлер қайталанбайды (қайталап өту, «ілмек жасау»);
- объектінің көруге қолайлы орналасуы (оны көруге ыңғайлы алаңның болуы);
- объектілер арасында жүріп өту уақыты, көрсету мен әңгімеледің ұзак паузаларын алып тастағанда, 10-15 минуттан аспау керек;
- маршрут жақсы жабдықталуы тиіс, яғни санитарлық аялдамалар мен көлік тоқтайтын орындар болуы қажет.

Маршрутты кұрастыру жұмысы топ жүріп өтетін көшелердің және аландардың атаулары, объектілер орналасқан орындары, экскурсанттар көліктен түсетін жері, қай жерде қандай тақырыпшалардың ашылатыны белгіленген экскурсия маршрутының желісін жасаумен аяқталады. Ақырғы жасалған маршрут желісі жол полиция Департаментінің бөлімімен келісіледі. Осыдан кейін көлік инспекциясы бекіту үшін маршрут А 4 форматында жасалады және көшірмелері экскурсияны өткізетін экскурсоводтарға, автобус жүргізушилеріне, жол полиция қызметкерлеріне таратылады. Сонымен қатар, көлікті пайдаланатын

уақыты мен километражы көрсетілген маршрут паспорты бекітіледі. Көлік кептелісі болып, айналып өтуге мәжбүр болған жағдайда қосымша нұсқаулары болу қажет.

Маршрут «сыналатын экскурсия» кезінде тапсырылады. Оны шығармашылық топтың жетекшісі немесе топтың бір мүшесі өткізеді. Экскурсияға шақырылған комиссия мүшелеріне **тыңдау карточкасы таратылады**, онда келесідей мәліметтер көрсетіледі:

1. Экскурсияның атауы.
2. Экскурсияның түрі.
3. Экскурсияның ұзақтығы.
4. Экскурсияның мазмұны: берілген тақырыпқа, мақсатына, міндеттерге сәйкестігі.

5. Экскурсия жүргізу әдістемелігі: экскурсия құрылымы (кіріспе, негізгі бөлігі, қорытынды), нысандар қасында уақытты дұрыс пайдалану, экскурсоводтың топпен жұмыс жасауы, логикалық аудиосистемалар, методикалық тәсілдерді пайдалану.

6. Экскурсия жүргізу техникасы.
7. Экскурсоводттың сейлеу мәдениеті: сауаттылығы, нақтылығы, түсінікті болуы, эмоционалдығы.
8. Тыңдау бойынша қорытынды: экскурсия мазмұнының бақылау мәтініне, технологиялық картасына сәйкестігі.

9. Экскурсоводқа кеңес.

Экскурсия аяқталғаннан кейін талқыланады, сапасына, жүргізу техникасына, сейлеу мәдениетіне, т.б. баға беріледі, кемшиліктері анықталады. Кемшиліктермен басқа карточкаға экскурсияның жақсы жақтары жазылып, басқа экскурсоводтарға көмек әлде кеңес ретінде беріледі.

Қабылдау комиссиясының ескертүлері бойынша экскурсия материалдарына, оның ішінде маршрутқа өзгерістер енгізіледі. Шығармашылық топқа маршрутты өндөу үшін уақыт беріледі, дайын болған кезде маршрут қайтадан қабылданады.

Қабылдау комиссиясының шешімі оң болған кезде, туристік-экскурсиялық мекеменің басшысымен маршрутты қабылдау және бекіту жайларын шығарылып, аталған маршрут мекеменің жұмыс жоспарына енгізіледі.

Экскурсияның әр тақырыбына қажетті құжаттар

N п/п	Құжаттың аты	Құжат мазмұны
1	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	Экскурсияны дайындау барысында пайдаланылған кітаптар, брошуралар, макалалар, т.б.
2	Маршрутқа енгізілген нысандар карточкасы (паспорт)	Экскурсиялық нысандарды сипаттайтын мағлұматтар. Ескерткіш түрі, оның атауы, онымен байланысты болған оқиға, орналасқан орны, қысқаша сипаттамасы, авторы, нысанның салынған уақыты, дереккөздері.
3	Экскурсияның бақылау тексті	Тақырыпты ашатын, дереккөздерінен таңдалып және тексеріліп алынған материалдар. Мәтіннің мазмұны мен кіші тараулардың маңызды сұрақтарын ашып көрсетеді. Мәтін кіріспе, негізгі бөлім, корытындыдан, логикалық аудысадан түрады.
4	Экскурсоводтардың жеке мәтіні	Экскурсияның құрылымы мен маршрутты көрсетілген, әдістемелік тәсілдерге сәйкес дайындалған экскурсоводтың өзіндік материалы.
5	Маршруттың сызбасы (карта)	Жеке парақта топтың жүрер жолы көрсетіледі. Маршруттың басы мен соны, көрсету нысандары, оларды бақылау орындары, нысандарға шығу аялдамалары белгіленген.
6	«Экскурсовод портфелі»	Суреттер, фотосуреттер, сызба, карта, репродукциялар, графиктер, құжат көшірмелері, кәсіпорынның өнімдерінің улгілері, т.б. көрнекілік куралдары бар папка.

7	Тақырып бойынша әдістемелік құрал	Экскурсия жүргізуге арналған нұсқаулар. Қөрсету мен әңгімеледің әдістемелік тәсілдері, нысандарды қөрсету реті анықталады және экскурсанттардың құрамын ескере отырып, экскурсия жүргізу техникасы анықталады.
8	Экскурсия мәліметтері	Тақырып бойынша мәліметтер – реферат, анықтама, кесте, сандық мағлұмат, құжат көшірмелері, әдеби шығармалардан алынған үзінділер.
9	Экскурсия тақырыбы бойынша өткізетін экскурсоводтардың тізімі	Экскурсия жүргізуге рұқсаты бар экскурсоводтардың тізімі. Бұл тізім экскурсияға жіберілген жаңа экскурсоводтармен үнемі толықтырылып турады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Әдістемелік тәсіл» түсінігі, әдістемелік тәсілдер не үшін қажет?
2. Әдістемелік тәсілдердің топтастырылуы.
3. Әңгімеледің тәсілдері.
4. Қөрсетудің тәсілдері.
5. Ерекше әдістемелік тәсілдер.
6. «Экскурсия жүргізу техникасы» түсінігі.
7. Экскурсоводтың топпен жұмысын үйімдастыру.
8. Микрофонды пайдалану, миқрофонсыз жұмыс істеу.
9. Топтың қозғалыс жылдамдығы мен оның мағынасы.
10. Экскурсанттардың сұрақтарына жауап беру.
11. Қөрнекілік құралдарын пайдалану техникасы.

6-тaraу

ЭКСКУРСОВОДТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

6.1. Экскурсоводтың жеке қасиеттері

Заманауи экскурсовод – жеке гармониялық дамыған, рухани қасиеттерге өте бай (мейірімділік, ашық мінезділік, шынайылық) тұлға, моральдық қасиеттерге (шыншылдық, ұқыптылық, батылдық, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстau тәртібі) және сыртқы келбет тартымдылығына сай болу керек.

Кез келген адам психология белгілі бір тип түріне жатқызытын әртүрлі жеке тұлғалық қасиеттерге ие:

- шығармашылық, бақылаушылық, байқағыштық, ой жұмсақтығы – интеллектуалды тип;
- темпераменттік, әзілқойлық, сыпайылық – эмоционалды тип;
- қырсықтық, шешім қабылдаушылық, өзіне ие болу – еріктік тип.

Кез келген жеке қасиеттер өзіндік ерекшеліктерге ие. Негізгі ерекшеліктерді үш топқа бөлуге болады.

Экскурсоводтың тұлғалық қасиеттері өмір бойы қалыптасады, білім алуынан бастап, тәрбиесінен басталып, кәсіби іс-әрекетімен жалғасады.

Кәсіпқой экскурсоводты белсенді өмірлік ұстанымынан, пайдалану мүмкіндіктері мен жағдайларына байланысты жеке көзқарас қалыптастыра алуынан, кәсіби қабілеттерінен тануға болады. Әрбір адамның өмірлік мақсатымен, оның арман-тілектерімен және оны жүзеге асыруымен тығыз байланысты өзіндік өмірлік позициясы бар.

Белсенді өмір ұстанымы кез келген адамда мақсатқа талпынушылық пен еңбекке қабілеттілікте, берілген тапсырмаға жауапкершілігі арқылы көрініс береді.

Психология өмірлік ұстанымның үш деңгейін бөліп көрсетеді:

- төменгі (өмірлік тәжірибелің жетіспеушілігі, ары қарай дамуға, білім алуға, өмірдің әртүрлі жақтарынан жаңа қырын тануға ниеттенбейу, талпынбау);
- орташа (коршаған ортада әрекет етудегі нақты бір жинақталған тәжірибе мен оны орындауды пассивтік қатынас);
- жоғарғы (ортада болып жатқан барлық өзгерістерге белсенді әрекет ету, бейім болу, түсіну мен дамуға деген талпыныс).

Экскурсоводқа қажетті тұлғалық қасиеттер төменде қарастырылған.

1. Туа біткен қабілеттер, табиғатынан адамдардың бойында 2 түрі болуы мүмкін:

- жалпы қасиеттер – интеллект, жұмысқа қабілеттілік, мән беру мен дамыған есте сақтау қабілеті. Жалпы қабілеттер барлықтарында ұқсас болып келеді;
- арнайы қасиеттер – әр адамда әр түрлі; олар үш деңгейге бөлінеді: шығармашылық (әдеби, музикалық, бишілік), гуманитарлық (жақсы сөйлеу мәнері, жазбаша жазу қабілеті) және математикалық (аналитикалық ақыл-ой мен техникалық қабілеттіліктер).

Экскурсовод үшін жақсы есте сақтау қабілеті, аналитикалық қабілеттер, ұйымдастырушылық және т.б. қабілеттерге ие болуы өте маңызды.

2. Темперамент. Дұрыс құрастырылған сөз және кең ғылыми білімділік өз сөзіне сенімділікті ауыстырамайды, әдемі дауыс ырғағы, аудиторияны өзіне қаратса алу, нақты әрі қатты дауыстап айту қабілеті.

Кез келген экскурсовод экскурсия кезінде темперамент түрлерінің ерекшеліктерін ескеру қажет, яғни экскурсанттарға эмоция арқылы жағымды әрекет жасау мүмкіндіктерін білуі тиіс. Адамдарды енжар қалдырмайтын театрлық қойылымдар, көркем фильмдер көп жағдайда темперамент ерекшелігіне негізделген. Экскурсия тындаушыға үлкен эмоциялық әсер қалдыруы керек.

Экскурсия қатысушыларына экскурсовод әңгімесі де, көрсету нысаны да әр келкі әсер тигізетіні белгілі, бұл әрбір адамның

индивидуалдық ерекшеліктеріне, темперамент типтері мен мінез-құлықтарына байланысты. Сондыктан да экскурсовод экскурсияны темпераменті әртүрлі адамдардың барлығына қызығушылық тудыратындай етіп құрастыруы тиіс.

Экскурсоводтар темпераменті бойынша кез келген басқа адамдар сияқты сангвиник те, холерик те, флегматик те, меланхолик те болуы мүмкін.

Экскурсовод-сангвиник тез әрі қатты дауыстап сөйлейді, үнемі қозғалыста болады, экскурсанттардың өтініштері мен ұсыныстарына жылдам назар аударады.

Экскурсовод-холерик тез ренжігіш, экскурсия көрсету мен айту барысында тез асығыстық танытып, өз эмоциясын артық көрсетіп алуы мүмкін.

Экскурсовод-флегматик жайбасар, керісінше қымылдары мен жесттері де бірқалыпты жай болады. Жеткізуі баяу әрі бәсен. Бұл топқа жататын экскурсоводтар топтың әрбір мүшесімен сөйлесуге, олармен байланыс орнатуға тырыспайды.

Экскурсовод-меланхолик темпераментті адамдардың қызықты экскурсия өткізуге мүмкіншіліктері тәмен: өте түйік, экскурсанттардың жеке өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау қабілеті тәмен. Меланхоликтердің қозғалыстары түйік, белсенділігі жеткіліксіз, босаң адам.

Ішкі психологиялық ерекшеліктеріне байланысты:

- интроверт – өзінің ішкі әлемімен өмір сүретін және басқа адамдардың ойы мен тілек-өтініштерімен келісе бермейтін адам;
- экстраверт – тез байланыс орнатқыш, қоршаған ортаға ашық, мейірімді әрі түсінетін адам.

Темпераментің көрінуі – жалпы мәдениет пен адами тәрбиесінің сөзсіз нәтижесі, еріктік қасиеттеріне бағынуы мен өзінің эмоциясын басқара алуына байланысты. Экскурсовод өзінің жағымсыз эмоцияларын – өзін нашар сезінуі немесе көңіл-күйінің жоқтығын, шаршағандығын немесе көңілі толмайтындығын білдірмеуі тиіс. Экскурсоводтың кәсіби шеберлігі – жағымсыз қасиеттерін ішінде сақтап, оны айналасындағылар тек мейірімді әрі күлімсіреп тұрган адамды көрсете алуы болып табылады.

3. Интуиция (лат. тілінен аударғанда intuitio – intueor – «болжамдап қарау») – тұзу акпаратқа дәлелдер арқылы жету жолын түсіну мен өз ойларының негізінде құрастыру қабілеттілігі. Интуиция – экскурсоводтың адамдармен жұмыс істеуде үнемі қажетті психикалық белгі. Тәжірибелі экскурсовод, өзінің интуициясына сүйене отырып, экскурсантардан алдын ала сұрауларының олардың қызығушылығын анықтай алады және бұл негізде анықтауға кіріспе әңгіменің бір бөлігін қысқартып немесе ұзартуға, тақырыптан тақырыпқа логикалық өтудің мазмұнын өзгерте алады. Интуиция кейбір адамдарда туа бітті пайда болады, ал кейбір адамдарда жұмыстың бірнеше тәжірибелік жылдарынан кейін ғана туындаиды.

Экскурсовод дамыған интуиция арқылы топтың көңілін жақсы түсінеді және соның арқасында керекті сөз ыргағын таңдайды, экскурсия уақтысын қысқарту немесе біраз ұзарту, маршрутты дәлдеу, көңілді нақты нысандарға акценттеу шешімдерін қабылдайды. Интуиция шиеленіс жағдайды да шешуге көмектеседі.

4. Оптимизм, өмірге қызығушылық, белсенділік, қоршаған ортада кез келген нәрсенің және адамдардың тек жақсы жақтарын көре алу. Экскурсовод-оптимист әртүрлі әлеуметтік топ адамдары мен әртүрлі жастағы адамдар арасында барлық экскурсиялық микроұжымда қатты қиналмай-ақ жағымды орта қалыптастыра алады. Өзінің экскурсанттарын шынайы күлкімен қарсы алып, алғашқы бір минут ішінде топ арасында он қүй әсерін тудырып, ең байыпты адамдардан көніл күйін көтеруге тырысады.

Экскурсоводка топ мүшелерінің барлығын оптимистік күйге келтіруге шынайы мейірімді жымиою, шынайылығы, ерекше дауыс ыргағы, айтылған сөзге сенімділігі, өз жетістіктіктеріне сенуі көмектеседі.

5. Кәсіби маман ретінде беделі. Экскурсоводтың беделі оның жеке тұлғалық қасиеттеріне, біліміне, практикалық іс-әрекеттеріне, моральдық құндылықтарына, белсенді өмірлік ұстанымына байланысты.

Экскурсовод өзін топқа таныстыру барысында-ақ экскурсия жетекшісі ретінде топ арасында белгілі бір беделі қалып-

тастырады. Ал экскурсия барысында экскурсовод беделі оның білім деңгейі, кәсіби қабілеттері, топпен байланыс орнатуы, адами қасиеттері арқылы қалыптасады. Кәсіби деңгейдің жетіспеушілігі немесе топпен дұрыс қарым-қатынас орната алмауы экскурсовод беделін төмендетуге немесе тіпті жоққа шығаруға әкелуі мүмкін.

Экскурсоводтың жеке кәсіби қасиеттерін экскурсоводтың өзіндік қайталаңбас стилі арқылы, экскурсия сценарийінің құрылымын, топ мүшелерімен байланыс орнатумен, жүргізу манерасымен және т.б анықталады. Экскурсияның жекелілігі әртүрлі цитаталарды, мақал-мәтедерді пайдалануы, қызықты логикалық аудысулар, әртүрлі методикалық айту және көрсету амал-тәсілдерін пайдалану, әзіл әңгімелерін қосу, салыстыру мысалдарын пайдалану арқылы анықталады. Тәжірибелі экскурсовод, өзінің экскурсия жүргізу стилін үнемі өзіне жеке баға беру арқылы жетілдіріп отырады.

Экскурсоводтың табиғи қабілеттері практикалық дағды қалыптастыру мен орындау іс-әрекеті кезінде дамиды. Тәжірибе арқылы экскурсиятану бойынша терең білім қалыптасады, адам өзінің мамандығына қажетті біліктілікті мен дағдыны менгеріп алады, бастауыш маманнан жоғары деңгейдегі кәсіпқойға айналады.

Экскурсоводтың имиджі. Қазіргі таңда «имидж» термині адамның сыртқы мінез-құлқы мен өзін ортада ұстаяу, киім кио мен шаш қою үлгісі, құзіреттілігі сияқты жиынтықтары деп түсіндіріледі.

Экскурсоводтың киім кио үлгісі стилді әрі сәнді, алайда объектіні әңгімелуе мен көрсету барысында назар аудартпайтындағы қарапайым болуы тиіс. Оның киім кио үлгісі жыл мезгіліне сай, заманауи, ауа райына және экскурсия өту орнына лайықты болуы қажет.

Экскурсоводтың шаш қою үлгісі ыңғайлы әрі киім кио үлгісінен сәйкес болу керек.

Экскурсоводтың манерасы – оның имиджін қалыптастыратын негізгі қасиеті. Алғашқы минуттан-ақ топ мүшелері экскурсоводтың өзін-өзі ұстаянын, сөйлесуін, ақпарат беруін бағалайды және бұл бағалауға байланысты топпен қарым-

қатынас орнатуға мүмкіндіктер береді. Экскурсовод үнемі экскурсанттар назарында болады, және оның барлық әрекеттері, сөздері, мимикалары, қымылдары бақылаусыз қалмайды. Экскурсовод манерасы топпен сәлемдесуінде, жүргізуімен әңгімелесуінде, аз уақыт аралығында топпен қарым-қатынас орнату мен қолдау барысында көрініс табады. Жағымсыз манералары (кітті дауыстап немесе өте бәсен сөйлеу ырғағы, біреудің сөзін бөлу, т.б.) топ мүшелерімен байланыс орнатуға және бүкіл экскурсия өткізуінде барлық кезеңінде кедергі туғызады. Экскурсовод өз еркімен топты қабылдап, өзін дұрыс әрі шынайы етіп көрсете алуды тиіс.

Бойын тік ұстауы – экскурсоводтың имиджін қалыптастыру үшін өте маңызды. Яғни экскурсовод топқа қараса немесе артқа қарап отырса да, топ алдында тұрып немесе топпен бірге қозғалса да, ең басты шарт – тұлғасын тік ұстауы – оның табиғалылығы болмақ.

Этикет ережелерін сақтау – орнатылған тәртіп реті. Бұл жерде әдемі әрі уақытылы айтылған сәлемдесу, әйел адамдар мен жас үлкендігіне байланысты сыйластық қарым-қатынасы, экскурсанттармен әңгімелесу барысында ортак сөз тіркестерін таңдай білуі, мейірімділік пен тактикасына байланысты. Экскурсовод экскурсантты толық әрі мән беріп тындауға тиісті, бірақ топ қатысушыларының қоپтеген сұраптарымен экскурсияның уақытын созбауы керек.

Тәжірибелі экскурсовод толыктай сөйлеу этикасына ие, яғни белгілі бір нормадағы сөйлеу стилі мен жеткізу, қолжетімді әрі жеңіл ситуациялық қатынас орнату үшін нақты сыпайы сөйлеу формулаларын пайдалана біледі. Мысалы, топпен әңгімелесу барысында қажетті «Қайырлы таң», «Қайырлы күн», «Сіздермен танысқаныма өте қуаныштымын», «Қызықты әңгімелеріңіз үшін рахмет», «Назарларыңызға рахмет» сияқты сыпайылық фразаларын қолданады. Паразит-сөздерді, әдеби емес сөздер айтылмауы тиіс. Сөйлеу этикасы экскурсоводқа жылдам әрі жеңіл топпен жақсы байланыс орнатуға әсер етеді, өзінің беделін көтереді.

Іскерлік этикет тұтынушылармен қарым-қатынас құрудың үш С ережесін ұсынады: соответствие профессиональному уров-

ню (кәсіби дәрежеге сәйкес келу) – сдержанность (ұстамдылық) – спокойствие (сабырлылық).

Шетел туристер тобымен жұмыс істейтін экскурсоводтар үшін шетел тілін, халықаралық этикетті білу ғана емес, сонымен қатар сол елде немесе басқа елдердегі этикет ерекшеліктерін білуі қажет.

Әрбір экскурсовод өзінің мамандығына сұранысын арттыру үшін ол өзінің имиджімен ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана төмөндегі мақалдағыдан нәтиже бермек: «Ең алдымен өз имиджіне қызмет етесің, ұзақ уақыттан соң ол саған қызмет етеді».

Экскурсоводтың психологиялық күйі. Экскурсиялар сәтті ету үшін экскурсовод адамдардың психикалық күйін жақсы деңгейде білу керек. Көп адамдардың көңіл-күйі болып жатқан өзгерістерге (біздің жағдайда өзін ұстауды мен экскурсиялық шеберлігі), сонымен бірге деңсаулық жағдайына, топ арасындағы қарым-қатынасқа, ауа райына және т.б. байланысты.

Мамандар адамның психикалық күйін 4 негізгі топқа бөледі:

- жалпы психикалық күй (деңсаулық, темперамент түрі, мінез-құлышы);
- көңіл-күй (эмоционалдық);
- шығармашылық күй (казіргі кезде шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу қабілеті);
- ерікті күй (белсенді әрекеттерге дайындық).

Дұрыс құрастырылып өткізілген экскурсия адамның психикалық көңіл-күйіне жағымды әсер еткенде ғана экскурсоводтың кәсіби шеберлігі туралы әңгіме қозғауға болады.

Адамдармен жұмыс істейтін кез келген маман, өзінің іс-әрекетінде ерекше психологиялық дайындық қажет екендігін білеңді. Біріншіден, экскурсовод экскурсияның қатысушылары ұзақ еңбек күндерінен кейін немесе ұзақ отырыстардан (негізінен іс-керлік туризмге қатысты) кейін жиі келетінін ескеруі қажет. Екіншіден, экскурсовод экскурсияға топтың көзқарасын біле алатындај жақсы дамыған интуицияға ие болуы қажет.

Экскурсанттардың барлығы ұзақ әңгімені тыңдауга дайын емес, кейде көңілі толмайтындығын іс-кимылдары арқылы ғана емес, сөзбен де айтып салуы мүмкін. Көңілі толмайтындарға

мән бермеуі немесе бірінші сезінен-ақ экскурсияға қатысушылардың барлығын қызықтыратындей етіп жеткізе алуы қажет.

Психологиялық көңіл-күйдің екінші жағы – экскурсоводтың өзінің көңіл-күйіне байланысты. Экскурсовод мамандығы үнемі физикалық және моралдық формада болуын міндеттейді, себебі экскурсиялар кез келген уақытта болып қалуы мүмкін. Егер экскурсовод өзін комфорттылығын жақсы сезіне алмаса, жұмыстан бас тартқаны дұрыс, бірақ оны алмастыратын адамды табуға уақыт болу керек.

Көптеген экскурсиялардың жетістігі экскурсоводтың психологиялық көңіл-күйіне байланысты. Мәдени іс-шараға қатысушылар, акпаратты экскурсоводтың көзқарасымен қабылдайды, сондықтан оның көңіл-күйін де қабылдайды, ол экскурсиядан алған жалпы әсерге ықпал етеді.

Экскурсантардың жағымды психологиялық көңіл-күйін қалыптастыру үшін экскурсовод өзінің әңгімелегендегі эмоционалдық және психикалық сезінү жағына көңіл бөліп, қимыл іс-әрекеттерін қолдана білуі тиіс. Эмоционалды сөйлеу адамды жаһықтырмайды, керісінше айқын және ауқымды бейнені қалыптастырады.

Тек оптимистік, тек жақсы көтеріңкі көңіл-күй мен шынайы әзіл-әңгімелер ғана экскурсоводқа экскурсияны жоғары деңгейде өткізуіне, ал оның қатысушыларына іс-шарадан демалып, тынығына мүмкіндік береді.

6.2 . Экскурсия жүргізушісіне қойылатын талаптар

Қазіргі кезде экскурсовод өз жұмысының басты маманы болып есептеледі.

Экскурсовод қоғам мұддесіне сай, мемлекеттік талапқа сәйкес, ұлттық ерекшеліктерге сүйеніп, жаңа ғылыми технологияны пайдалана отырып, экскурсияны сапалы да, қызықты өткізуге міндетті.

Оз мамандығының білгірі ретінде экскурсоводқа тәжірибелік біліктілік пен көптеген жан-жақты білім қажет. Экскурсовод мамандарын дайындаудың 4 деңгейі болады:

1. Болашақ экскурсоводттың қалыптасусы.

2. Белгілі бір мамандық орнында – жоғары оқу орнында, колледжде, т.б. білім деңгейін жетілдіру.

3. Экскурсияны жүргізу мен өткізу әдістемесін үйрену. Мұны көбіне арнайы экскурсоводтарды дайындайтын курсарда үйренеді.

4. Экскурсия жүргізу кезінде көпжылдық тәжірибелік, шеберлікті иемдену, білім деңгейін көтеру.

Экскурсоводтың квалификациялық деңгейі, оның мамандығының міндеттерін атқаруында, және де оның өзінің білім деңгейі мен білімділігін көтерудегі белсенділігіне байланысты.

Экскурсоводтың шеберлігін үнемі жетілдірудің түрлі жолдары бар:

- методикалық жұмысын ұйымдастыру шеберлігін жақсарту;
- сапалы методикалық құжатты дайындау. Уақытылы көректі қосымша, жаңа материалдарды бақылау текстіне енгізу;
- экскурсия тақырыбының ерекшелігіне қарай әңгімеледің, көрсетудің технологиялық картасын дайындау;
- экскурсияны жүргізу техникасын және ұйымдастыру сұрақтарын жетілдіру;
- аудитория мен экскурсоводтың арасында қатынасты орнатып, оны ұзак уақыт сақтау.

Экскурсоводқа қойылатын мамандық талаптар

Откізілген экскурсияның жоғары дәрежеде өтуі экскурсия жүргізуінің шеберлігіне байланысты. Қазіргі таңда экскурсовод – білікті мамандық, сонымен қатар ол педагог, журналист және т.б.

Экскурсоводтың тұлғалық қасиеттері мынадай болуы тиіс:

- іздептік;
- даралық;
- жауапкершілік;
- белсенді өмірлік айқындаама.

Экскурсовод шеберлігінің негізі логиканың, психологияның, педагогиканың, гуманитарлық, техникалық немесе жаратылыстануғының белгілі салаларын білу болып табылады.

Экскурсовод шеберлігінің тағы бір бөлігіне мыналар жатады:

- білімділік, парасат, мәдениет деңгейі;
- экскурсиялық қызметтің әдістемелігін білу;
- экскурсия дайындау және өткізу әдістемесін білу;
- экскурсия жүргізу техникасын игеру.

Экскурсовод өз шеберлігін ұдайы жетілдіріп тұруы қажет, ол үшін ең алдымен оның міндеттерінің шеңберін анықтау керек. Экскурсовод мамандығына міндетті талаптар қойылады.

Экскурсоводтың қасіби міндеттеріне:

- өткізілетін экскурсияның мазмұнын және жолдық экскурсиялық ақпараттарды жақсы білу;
- экскурсияның бақылау мәтініне және технологиялық картасына (жолдық ақпаратқа) сәйкес экскурсия жүргізу дің методикасын менгеру;
- экскурсияның бақылау және жеке мәтінін дайындау, экскурсияның технологиялық картасы мен басқа да әдістемелік материалдарын құрастыру;
- экскурсияның бақылау мәтініне жаңа заманауи жаңартулар және өзгертулер мен толықтырулар енгізіп тұру;
- жаңа экскурсиялық тақырыптар мен маршруттар құрастырып, іздестіру;
- халықтың түрлі топтары үшін басқа да жаңа тақырыптар мен экскурсиялар нұсқаларын ұсыну;
- маршрутта экскурсовод өзін тындана алуы және экскурсия мәтініне пікір сараптау;
- маршрутты экскурсияда тексеру, экскурсанттарды экскурсия кезіндегі ережелермен таныстыру;
- экскурсанттар мен туристердің экскурсия кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіп жағдайларын алдын алу;
- экскурсиялық қызмет көрсету кезінде құжаттарды белгіленген тәртіппен безендіру жатады.

Экскурсоводтың біліктілік міндеттері:

Экскурсовод:

- экскурсиялық теорияның маңызды сұрақтарын;
- өз жеріндегі экскурсиялық ресурстарды;
- экскурсиялық маршрутты құрастырудың қагидаларын;

- экскурсиялық нысандардың топтастырылуын;
- экскурсия дайындау әдістерін;
- тақырыптық және шолу (көпжоспарлы) экскурсияларының жүргізу тәсілдерін *bilgi miic*;

Экскурсовод:

- белгілі бір тақырыпқа керекті материалдарды жинап, бақылау мәтінін *құра bilgi*;
- экскурсияның технологиялық құжаттарын *жасай bilgi*;
- экскурсия жүргізу барысында керекті әдіс-тәсілдерді *қолдана bilgi*;
- жолдық ақпарат мәтінін *құрып*, оны *жүргізе bilgi*;
- «экскурсовод портфеліндегі» көрнекті материалдарды *қолдана bilgi*;
- туристік (экскурсанттар) тобын *басқара алуы miic*.

Экскурсовод мамандығын игеруінде негізі – қабілеттілік.

Тәжірибелен бірге экскурсоводта сындарлы (конструктивті), ұйымдастырушылық, коммуникативтік икемдіктер қалыптасады.

Сындарлы (конструктивті) икемділігі – экскурсоводтың ойлау әрекетінің негізі, экскурсиялық материалды таңдап, дұрыс жасау, түсінікті және сендіріп, ұсыну, қажеті болса экскурсия жоспарын қайта жасаудына мумкіндік береді.

Ұйымдастырушылық икемділігі – топка басшылық жасау, экскурсанттардың назарын қажетті обьектіге аудару, бағдарламаны орындау істерін қамтамасыз етуді талап етеді.

Коммуникативтік икемділігі – топпен, маршрутта көлік жүргізушімен, мұражай, көрме қызметкерлерімен, саяхат ұйымдастырушыларымен қарым-қатынас орнатуды талап етеді.

Экскурсоводқа қойылатын квалификациялық талаптар:

1. Кәсіби білім, шеберлік және кәсіби дағдыларын игеру.
2. Экскурсия жүргізудің әдістерін игеру.
3. Экскурсия дайындаудың әдістерін игеру.
4. Экскурсия жүргізудің техникасын игеру.
5. Экскурсиялық менеджментті игеру.
6. Экскурсия тақырыбымен бірге басқа да жанама тақырыптар бойынша да максималды білімдерді игеру.
7. Экскурсиялық этикетті менгеру.

6.3 . Экскурсоводтың тіл мәдениеті

Ауызекі сөз. Танымдық үрдіс ретінде экскурсия қабылдаудың екі негізгі түрін – көзбен көру және дыбыс арқылы қабылдау түрлерін пайдаланады.

Экскурсия кезінде экскурсовод бір уақытта:

- ауызекі тіл зандарына сай өз әңгімесін жүргізетін баяндаушы;
- тындаушыларға экскурсия тақырыбына кіретін көрсету нысандары, қала тарихы, оқиғалар туралы ақпарат жеткізуші;
- экскурсия кезінде көрген-білгендердің барлығын түсіндіруші;
- экскурсанттармен әңгімелесе алатын сұхбаттас;
- экскурсанттарды қызықтыратын барлық тақырыптар бойынша кеңес беруші;
- көрсету нысандарын, мәселелер мен оқиғаларды талдай алатын жалынды жүргізуші болуы тиіс.

Филолог мамандары сөзді ішкі және сыртқы сөзге бөледі.

Сыртқы сөз деп адамдардың өзара қарым-қатынас құруын айтамыз. Экскурсовод сөзі толығымен сыртқы сөзге негізделеді. Сыртқы сөз арқылы экскурсовод топқа жаңа ақпараттарды, қызықты мәліметтерді жеткізеді, өзінің пікірін көрсетеді, көрсету нысандарын түсіндіреді. Сыртқы сөз экскурсоводқа ақпараттарды жеткізу және тиісті психологиялық көңіл-күй қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шартты турде сыртқы сөзді екі бөлікке жіктеуге болады:

- белгілі бір нысандар, табиғи және тарихи қызықтыратын объектілер, оқиғалар мен тұлғалар туралы хабар беру;
- айтқан ақпараттар туралы өз пікірін жеткізу.

Ішкі сөз деп адам өз ойында айтатын сөздер мен сөйлемдерді түсінеміз. Адам психикасына сай ол өз-өзімен ұзақ уақыт үнсіз диалог жүргізеді, өйткені адамның ойлау үрдісі осылай үйимдастырылған. Ишкі сөз адамның біліміне, тәжірибесіне және дағдыларына негізделеді. Экскурсия кезінде экскурсовод алдымен өз ойында сөйлем құрып, осыдан кейін ғана оны дауыстап

айтады. Бұл өте жылдам өтетін үрдіс. Сөйтіп, ішкі сөз толық сөйлемдер мен қорытындылардан тұратын сыртқы сөздің дайындық кезеңі болып табылады.

Экскурсоводтың сыртқы сөзі мен естігенін қорытып тұрған тындаушылардың ішкі сөзін жасырын диалог әдістемелік тәсілі деп айтуға болады.

Сөз мәдениеті дегеніміз – бұл сөйлемді құрастыру, әңгімені жүргізу қисыны, сөздің дұрыс реңкі мен дыбысы, әсершіл грамматикалық тәсілдерді пайдалану, жесттер мен ым-ишараны үйлесімді түрде пайдалану. Сөз мәдениетінің элементтері – грамматика ережелерін орындау, дұрыс екпіндер, түсінікті сөйлемдер, қисынды әңгімеледеу, тіл байлығы. Сондай-ақ, тіл мәдениеті – дұрыс таңдалған сөз накышы, тілдің психологиялық мәдениеті, тілдің коммуникативтік мәдениеті.

Сөздің *психологиялық мәдениеті* – оның қолжетімділігі, мазмұндылығы, бейнелеу байлығы мен әсерлілігі. Сөздің осындағы қасиеттеріне сүйеніп, тындаушыларға белсене әсер етуге: кенес беруге, тыйым салуға, қолдау жасауға, сөгуге, марапаттауға болады. Экскурсияда әдістемелік тәсілдерді пайдалану тілдің дәл осы психологиялық мәдениетіне негізделген.

Сөздің *коммуникативтік мәдениеті* – экскурсовод пен аудитория арасындағы қарым-қатынас орнату.

Экскурсовод нағыз ділмарға айналуы тиіс. Ораторлық, яғни сөз шеберлігі өнері – бұл қысқа әрі әдемі сөйлеу, сөз байлығы, тындаушылардың назарын ұзақ уақыт ұстай алу шеберлігі. Ораторлық өнер Ежелгі Грекия мен Римде керемет жақсы да-мыған әрі бағаланған. Антикалық ділмарлардың пікірінше, тындаушыларға ең құшті әсер ету шарты – дауыстың дұрыс ырғагы мен дыбысы және баршаға түсінікті қысқа сөйлемдер болған.

Оратор сөзінің, яғни тындаушыларға түсінікті әрі әсерлі сөздің шарты – алдымен айтқан сөзді өз ойында құрастыра білу, одан кейін қисынды түрде түзілген қысқа сөйлемдер арқылы дауыстап айта білу.

Экскурсовод:

- нысандарды көрсету кезіндегі негізгі әңгіме;
- баяндама – белгілі тақырып бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеу;

- реферат – мәселені қысқаша ғылыми түрде баяндау;
- дәріс – белгілі тақырып бойынша ауызекі баяндама;
- ауызекі сөздің қосымша түрлері – ескерту, пікір, баяндама кезіндегі анықтама және сұрақ-жауап;
- мақал-мәтелдер, жұмбактар, дәйексөздер сияқты сыртқы сөздің 6 формасын пайдаланады.

Сөздің нақышы (стилі) сөз мәдениетінде ерекше орын алады.

Тұрмыста, рефераттарды, хаттарды, ресми құжаттарды, экскурсия мәтіндерін жазған кезде сөздің көркем, іскерлік, ауызекі сөз, ғылыми, публицистикалық, кәсіби-техникалық нақыштары қолданылады.

Экскурсиятануда да сөздің бірнеше стилі қолданылады. Мысалы, экскурсияның бақылаулық мәтіні әдеби тілде, ал жеке дара мәтін ауызекі сөз нақышында құрастырылады. Әрбір экскурсовод өзіне тән сөз нақышын қалыптастырады.

Экскурсовод сөзінің жеке дара нақышы оның кәсіби шеберлігі деңгейін, сөз байлығы мен оның мәдениетін көрсетеді.

Экскурсовод сөзінің негізгі сипаттамалары.

Дикция (лат. dictio – сөздің айтылуы) – сөздерді айту мәнері.

Дикция адам туылғанынан бастап қалыптасады, алайда оны адам жасына қарамастан жетілдіруге болады. Жұмысы аудитория алдында сөйлеумен байланысты мамандарға: оқытушыларға, радио және тележүргізушилерге, актерлерге, экскурсоводтарға аудадай қажет. Дикциясы дұрыс адам сөздер мен сөлемдерді ап-анық, дыбыстарды бүрмаламай, сөздердің жалғауларын жүтпай айта алады.

Дикцияны түзеу үшін логопедтер ұсынған бірталай жаттығуларды орындауға болады. Мысалы, экскурсоводтар, басқа да бұқаралық мамандар сияқты, күнде бірнеше минут бойы жаңылтпаши айтуы мүмкін.

Жаңылтпаштардың мысалдары.

Қанат қанағаттанарлық баға алды,
Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды.

Хан баласы ханзада
Болды ғашық ханшаға.
Алып ханнан хабар,
Ханшайымды табар.

Омартаға балалар барап,
Балаларды аралар талар.

Ғарышкеп ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкеп.
Айтшы, ғарыш алыс па?

Сөздердің екпіндерін дұрыс қою қажет. Тыңдаушылар қатені байқап қалса, экскурсоводтың айтқан сөзі дұрыс қабылданбайды. Екпіндерді дұрыс қою үшін білмеген екпіндерді сөздіктерден қарап алу керек. Сөз ішіндегі екпінмен бірге, логикалық екпінді (акут) яғни сейлемдегі ең маңызды сөздерді ерекше бөліп айта білу қажет.

Интонация (дауыс ренкі) яғни дауыстың бір жоғарылап, бір төмендеуі сөз мәдениетінің маңызды бөлігі. Сөз ыргағымен экскурсовод кейбір сейлемдердің мағынасын анық жеткізе алады, топтың назарын қажетті жерде аудартады. Сонымен қатар, дұрыс интонация арқылы оқиғаның маңызын көрсетуге, әңгімені құлқілі немесе маңызды қылуға, сұрақ немесе тұжырым реңкін жеткізуге болады. Экскурсия жүргізген кезде экскурсовод әңгімелеп тұрган мәліметтерге байланысты, сөз ыргағын ауыстырып тұрады. Бірқалыпты, іш пыстыратын сөз болмауы тиіс.

«Мезі болған» (штамп) сейлемдер. Ауызекі сөздің кейбір қатып қалған қалыпқа, штампқа, кезекші сөздерге айналып кеткен сөздерді (мысалы, «біз қол қоюшылар», «қабылдан алдым», т.б.) айтпауга тырысу керек. Осындай «кезекші» сөздер адамды жаһықтырады тіпті, экскурсанттар айтқан сөзді қабылдамай кетеді.

Ғылыми терминдер мен шетел сөздері. Мұндай сөздерді себепсіз пайдалана бермеу керек, ейткені тыңдаушылар мұндай сөзді қабылдамайды. Сонымен қатар, экскурсияда осындай сөздерді пайдалану реті топтың қасіптеріне, жасына, экскурсия тақырыбына байланысты болады. Егер термин өте қажетті болса, экскурсовод оны қысқаша және түсінікті түрде айқындаңып беруі қажет. Мысалы, палеолит туралы әңгімелеген кезде палеолит – көне тас дәүірі, адамзаттың ежелгі кезеңі деп түсіндіру керек.

Әңгіменің аса «ғылымдылығы» болсын, тым қарапайымдылығы болсын, экскурсанттарды қызықтырмайды. Көнілі басқа затқа ауысып кетеді.

Сондай-ақ, шетел сөздерін көп пайдалану да дұрыс емес. Егер ондай сөз қолданылатын болса, топтың басым бөлігіне ту-сінікті болуы тиіс. Егер біреуі ұқпай қалса, қысқаша түрде түсін-діру қажет.

Синонимдер мен антонимдер. Синонимдер – тұлғалары әр-түрлі, мағынасы жақын сөздер, ал антонимдер – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын сөздер. Синонимдер мен антонимдер экскурсоводтың сөзін әшекейлейді, сөзді дұрыс қабылдауға септігін тигізеді. Мысалы, қайта-қайта «айтты» де-ген сөзді қолдана берудің орнына «деді», «депті», «деп айтып-ты», «жеткізді» сияқты синонимдерді пайдалану керек. Анто-нимдер тыңдаушылардың назарын аудартады. Мысалы, экскур-совод: «Мына ғимарат кедей сияқты болып көрінеді, алайда мұнда өз табыстарын жасырған, көрсеткісі келмеген бай адам-дар тұрған», – деп айтуы мүмкін. «Бай» мен «кедей» антонимде-рі айтылған сөздің мән-мағынасын күштейтеді.

Мақал-мәтелдер (немесе жұмбақтар) орынды айтылса, экс-курсовод сөзінің әсерін күштейтеді. Дегенмен, аса көп айта бер-меу керек, өйткені экскурсия фарсқа айналып кетуі мүмкін. Мақал-мәтелдер қыска түрде куаныш пен мұн, махабbat пен өш-пенделік сияқты сезімдерді айқындай алады. Мысалы, экскурсия кезінде: «Ат киналмай жол шалмас», «Аз да болса саз», «Ше-гірткеден қорықкан егін екпес», «Сөзбен айтпай, көзбен қана кө-ру керек», «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» сияқты мақал-мәтелдерді айтуға болады.

Орынды айтылған қысқа әйексөздер экскурсовод сөзін бей-нелі қылады. Дәйексөздерді кішкене карточкаларға жазып, қажет болған кезде оқып отыруға болады.

Қанатты сөздер яғни афоризмдер экскурсовод сөзін байы-тады. Афоризм бір қысқа сөйлемде көңіл-күйді, сөздің мән-мағы-насын жеткізе алады. Кейбір қанатты сөздердің мысалдары.

Жақсылық та тілден,
Жамандық та тілден.

Адамға шабатын арыстаннан жүк таситын есек артық.

(Сауф Сарайи)

Су өзінің өрт сөндіре алатынын білмейді.

Дүшпаныңа әділ бол.

(Абай)

Түсінудің өзі де адамның үлкен еңбегі.

(Бауыржан Момышұлы)

Қысқа айтуышылық (лаконичность) – ойды қысқа әрі мағыналы сөздермен айқын жеткізе алу қасиеті. «Лаконичность» деген сөз Лаконика атауынан шыққан. Лаконика өнірінде тұрған ежелгі Спарта тұрғындары қысқа сөз айтуымен әйгілі болған. Бұл нағыз дарындылық. Кейбір сөз шеберлерінің өзі де аса ұзак сөйлемдер мен тіркестерді пайдаланады. Өте ұзын сөйлемдерді қабылдау өте қыын, сондықтан оны бір-бірімен қисынды түрде байланысты бірнеше сөйлемдерге бөлу қажет. Мысалы, «Алматы – Іле бойы жазығының оңтүстігін Алатау селімдерінің солтүстігінде Республика жерінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Іле Алатауының солтүстік беткей баурайында, теңіз деңгейінен 700-1000 метр жоғары Үлкен және Кіші Алматы өзендері аңгарларына орналасқан, аумағы 170 шаршы километр, халық саны 1 552 349 Қазақстанның ең үлкен қаласы» деген сөйлемді мынадай қысқа сөз тіркестеріне бөлуге болады: Алматы – Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Іле Алатауының солтүстік беткей баурайында орналасқан. Аумағы 170 шаршы километр, халық саны 1 552 349 адам.

Артық сөздер мен сөйлемдер экскурсовод әңгімесінде мұлдем болмауы тиіс. Көбінесе, олар қыстырма сөздер, «паразиттер», мысалы: «жаңағы», «әлгі», «болып табылады» (жің айтыла берсе), «е-е», «м-м-м», тіпті, «вот», «значит», «да». Жиң қайталаңған паразит сөздер тындаушылардың ызасын келтіреді тіпті, экскурсовод енбегін жоққа шығарады.

Дауыс күши мен реңкі – экскурсовод сөзінің маңызды қасиеттері. Көптеген жағдайда экскурсиялар сыртта өтеді, онда неше түрлі бөтен дыбыстар кедергі жасайды. Экскурсовод микрофонсыз-ақ анық әрі қатты сөйлеуді үйренуі тиіс. Дауысын тындаушылардың артқы қатарына арнауы керек, сонда экскурсанттардың барлығы оны ести алады. Алайда, кейбір экскур-

сөвөттардың әдеттеріндегі, айғайлаудың да қажеті жоқ. Кейбіреулер айқайды мүлдем жақтырмайды, сондықтан мұндаидар «айқайлы» экскурсияға риза болмайтыны анық.

Сөз ыргагы мен күши. Экскурсовод дауысы барлығына естілуге қажет және оның ыргағы тыңдаушылар айтқан сөз мағынасын түсінетіндегі болуы тиіс. Дегенмен, сөз тым баяу болып кетсе, тыңдаушылар жалығып кетеді тіпті, есіней бастауы мүмкін.

Сөз ыргағы шамамен минутына 100-120 сөз болады. Экскурсовод мұны ескеруі қажет. Екі минутка созылатын баяндама 1,5 интервалымен 14 кегельмен басылған А4 бір параграфына сияды. Осыған орай қажетті қөлемдегі мәтіндерді құрастыруға болады. Сөз ыргағы экскурсия өтетін жерге, топ құрамына, көрсету нысандарының санына, экскурсия тақырыбына байланысты. Сөздің жылдам, орташа, баяу, жатық және үзік-үзік ыргағы болады. Тәжірибелі экскурсовод, сөзін қашан жылдамдататынын, қай кезде бәсендегітінін біледі. Мысалы, сөздің жылдам ыргағы экскурсияның соңында тыңдаушылардың назарын аудартады, ал қайталанбас, әйгілі нысанды көрсеткенде, экскурсия қорытындыларын жасаған кезде сөз ыргағы баяу, салмақты болғаны дұрыс.

Пауза (лат. pause – тоқтату) деп үзілісті айтамыз. Антикалық ораторлар паузаның маңызын жақсы білген. К.С. Станиславский сияқты атақты актерлер мен режиссерлер де паузаларға ерекше қөніл бөлген. Станиславский, мысалы, «пауза – сөздің ең маңызды элементі және оның басты көзірлерінің бірі», – деп айтқан. Сөз айтқан кездегі шағын үзіліс тыңдаушыларға да, әңгімешіге де аздал демалып алуға мүмкіндік береді.

Ораторлық өнер мамандары паузалардың бірнеше түрлерін бөліп атайды:

- жазбаша мәтінде нүктे немесе үтір қойылуы тиіс жердегі ауызекі сөздегі интонациялық паузалар. Паузалармен қаратпа сөздер, күрделі сөйлемдердің бөліктері, кіріспе сөздер көрсетіледі;
- ойлануға қажетті паузаларды экскурсовод маңызды сөздердің алдында тыңдаушылардың ерекше назарын аударту үшін жасайды;

- экскурсиялық әңгіме бөлімдерінің арасындағы немесе, мысалы, әңгіме мен қорытынды арасындағы *талғаулы* пауза;
- кейбір сөйлемдерді ерекше маңызды қылатын *психологиялық* паузалар;
- экскурсанттар айтқан сөздің мағынасын немесе нысаның мән-мағынасын терең сезінуі үшін жасалатын *эмоционалдық* пауза;
- *мағыналық* паузалар экскурсияның әртүрлі бөлімдерінің арасында, мысалы, бір нысаннан екіншіге, бір тарихи дәуірден екіншіге көшкенде жасалады.

Сөйтіп, экскурсовод сөзінің қарастырылған касиеттері көпшілік алдында баяндау мәдениетін құрады. Сөйлеу әдістерін пайдалана білу шеберлігі тәжірибемен бірге ұлғая түседі. Жұмыска жаңадан кіріскең экскурсоводтар өздерінің сөз байлығы мен мәдениетін ұдайы жетілдіруі қажет.

Ауызекі сөздің бейвербалды амалдары – ойлау үрдісімен тығыз байланысты жесттер және ым-ишарапар. Олар экскурсиялық әңгіме мен көрсету үрдісінде маңызды орын алады. Бейвербалды амалдар – адамның эмоционалды қалпынан хабар беретін, құрамына ым-ишара, дене қалыбы, визуалды байланыс, дауыс ырғағы, дауыс екпіні, жанасу сынды амалдар кіретін қарым-қатынастың тілдік емес формасы. Зерттеуші-галымдардың пікірінше, бейвербалды амалдар вербалды амалдарды то-лықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі болып саналады.

Жер бетінде ым тілін қолданбайтын бірде бір адам жоқ. Көптеген ым-ишарапар бізге ежелгі дәуірден жеткен және оның өзіндік тарихы да бар. Келісу мен келіспеуді білдіретін жогары көтерілген немесе төмен бағытталған бас бармақ ежелгі римдіктердің қарым-қатынасында қолданылып, өзіндік мағынаға ие болған. Жекпе-жектің аяқталғанында император гладиатордың жанын сақтап қалу не оның өмірін қиу туралы ақпаратты осы ишарапы қолдану арқылы білдірген.

Қарым-қатынаста ым-ишарапардың халықаралық және баршаға түсінікті түрлері де барышылық. Мысалы, адам өзгенің

өзіне назар аударуын немесе оның қойған сұрағына жауап беруін өтінуді білдіретін ым-ишара – қолын көтеру болып табылады. Алайда бұл көптеген ым-ишаралар барлық халықта бірдей түсінікті, бірдей мағынада қолданылады деген сөз емес. Бір халықтың қарым-қатынасында қолданылатын бейвербалды амалдар, басқа бір халықта түсініксіз болып келуі де мүмкін. Амандаласу кезінде адамдар бір-бірімен қол алысып амандалады. Бұл – баршага бірдей түсінікті ым-ишара.

А. Пиз бір халықтың коммуникациясында қолданылатын белгілі бір кинема санау ұғымын білдірсе, басқа бір халықта дөрекі қимылды немесе мүлдем басқа мағынада қолданылатын бейвербалды амалды аңғартатындығы туралы жазады. Осы пікірге сүйене отырып, қандай да бір халықтың қарым-қатынасындағы сан санау мен санды көрсетуде қолданылатын бейвербалды амалдар екінші бір халықтың қарым-қатынасында вербалды амалдың орнын ауыстыра алатын немесе соған қосымша мағына үстеп, оны толықтырып тұратын ым-ишарат ретінде жүмсалуы мүмкін. Дегенмен мағына жағынан сәйкес келмеуі әбден ықтимал. Бұған мысал ретінде мынаны келтіре көтейік. Мысалы, неміс халқының қарым-қатынасындағы сан көрсетуде қолданылатын *бас бармақты* көрсету қимылы 1 деген санды бейнелесе, гректерде *аузыңды жасап* деген мағынаны аңғартады. Осыған орай белгілі бір халықтың коммуникациясында қолданылатын бейвербалды амал, екінші бір халықтың қарым-қатынасында мүлдем басқа мағынаға ие болады, сонымен бірге мағынасы жағынан мүлдем сәйкеспейді деген қорытынды жасауға болады [Ешимов М.П. Бейвербалдық амалдардың ерекшелігі: қол қимылдары].

Жесттер экскурсоводқа тындаушылардың назар аударуына көмектеседі. Мамандар жесттердің келесі түрлерін атайды:

- ритмикалық жесттер ауызекі сөздің әсерін күштейтеді;
- сілтеуіш жест болмаса, нысандарды жақын жерден көрсету мүмкін емес. Ім-ишарамен (көзбен, бас изеуімен) немесе жестпен (қолмен, саусакпен) көрсетуге болады. Нысанды саусақтарын бірге жинап және осы кезде аудиторияға қарап тұрып, көрсету қажет;
- символдық жесттер, мысалы, «о,кей», «керемет», «V» (женіс), т.б;

- бейнелеуші жесттер;
- бағыттауши жесттер экспедициялық топтың нысан жаңында дұрыс орналасуына, басқа нысанға көшуге, автобусқа жылдам мінуге көмектеседі.

Әңгіменің сонында паразит-жесттер туралы айту қажет. Кейбір эксперименттер қайта-қайта киімін, шашын шұқып тұрады, басын сілкіді, қолын уқалайды және т.с.с. Мұндай қымылдар, әрине, эксперименттерды жалықтырады және әңгімені дұрыс қабылдауға кедергі келтіреді.

Бақылау сұрақтары:

1. Эксперименттың жеке қасиеттеріне не жатады?
2. Экспериментқа койылатын мамандық талаптар.
3. Эксперимент этикасы дегеніміз не?
4. Эксперименттың қасіби міндеттері.
5. Эксперименттың тіл мәдениетіне қойылатын талаптар.
6. Эксперимент сөзінің негізгі сипаттамалары.
7. Эксперимент сөзінің жеке дара нақышы.
8. Ауызекі сезіндің бейвербалды амалдары.

7-тaraу

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЭКСКУРСИЯЛАР

7.1. Шолу және тақырыптық экскурсиялары

Қалалық шолу экскурсиясы – ол қала жайлы жүйелі әңгімелуе, ең маңызды ескерткіштерді көрсетуге негізделген. Мұндай экскурсияның мақсаты – алдын ала қаламен танысып, оның мәдени құндылықтарына жалпы сипаттама беру, бірегей объектілерді көрсету. Шолу экскурсиялары көп жақты, себебі көптеген оқиғаларды, объектінің бөлшектерін қамтиды. Шолу экскурсияларын дайындауда нақты қатаң шегі жоқ, әртүрлі материалдарды пайдалануға болады. Сонымен қатар шолу экскурсиясында мағыналық негізі бар, тақырыбы немесе бірқатар тақырып, олар өз кезегінде тақырыпшаларға бөлінеді. Шолу экскурсияларына экскурсанттар үшін қолжетерлік және қызықты болатын, көп жоспарлы, көп тақырыпты материалды біріктіруге мүмкіндік беретін құрылымдық принцип таңдалады.

Қалалық шолу экскурсияларының тақырыптары аса өзекті, себебі олар сұраныска жиі ие болады әрі жергілікті халыққа да, басқа қалалардың азamatтарына да қызықты. Қаланың туристік мекемелерімен өткізілетін шолу экскурсиялардың саны, әрқашан тақырыптық экскурсияларға қарағанда басым болады.

Қалалық шолу экскурсиялары – ерекше экскурсиялар, олар қаланың өзгешелігімен, ешбір басқа қалаға ұқсамайтын даму тарихымен ерекшеленеді. Мұндай экскурсиялардың хронологиялық шенбері – қаланың пайда болуы, ол туралы алғашкы мәліметтердің пайда болуынан бастап, бүгінге дейінгі тарихы және даму болашағы. Қалалық шолу экскурсияларында қала тарихы, өнеркәсібінің қысқа сипаттамасы, ғылыми, мәдениеті, халыққа білім беру саласы, т.б. тақырыпшалар қарастырылады. Шолу экскурсияларының бір қыншылығы – бір тақырыпшадан екінші тақарыпшаға ауысу. Ауысу кезінде бір-бірін толықтырып жалғасатын жүйелі ой тізбегі болу керек. Iрі қалаларда шолу экскурсияларының бірнеше түрі болуы мүмкін.

Қалалық шолу экскурсияларының жалпы ұзактығы: жаяу экскурсия – 2-2,5 сағат, көліктік экскурсия – 3,5-4 сағат. Мұндай экскурсияда тақырыпша санының 9-12 болғаны дұрыс.

Шолу экскурсияларында тарихи және архитектуралық ес-керткіштер: алаңдар, соборлар, мешіттер, шіркеулер, сарайлар, көрікті тұргын кешендері, т.б. нысан ретінде қарастырылады. Олардың бір жағынан өнер туындылары ретінде, екінші жағынан тарихи оқиғалардың қуәгері ретінде екі жақты құндылығы бар. Сонымен қатар қоршаған табиғи ландшафтпен үйлесуі де қызығушылық тудырады.

Шолу экскурсиясының маршруты тақырыптық-хронологиялық қағидат бойынша құрылады. Кейбір тақырыптар толығымен тек қана мұражайларда айқындалады. Шолу экскурсияларында мұражайға берілетін уақыт 40 минуттан аспау керек.

Шолу экскурсияларын дайындау кезінде, түрлі жоспарлы ақпараттардың болуы көп жағдайда қынышылық тудырады, ол қынышылықтар тақырыппен, мазмұнымен, объект таңдауымен, оларды сипаттауымен белгіленеді. Сондықтан шолу экскурсияларын үйімдастырған кезде келесі ережелерді білу керек:

- негізгі тақырыбын жақсы түсіну және тақырыпшалардың анық аталуы;
- барлық тақырыпшалар жүйелі түрде реттелуі қажет, оларды экскурсияның жалпы композициясына қысынды түрде енгізу керек;
- ойластырылған қысынды ауысулар мен байланыстардың болуы;
- дәстүрлі, белгілі материалды айтқан кезде қызықты өзіндік методикалық әдісті табу;
- тақырыпшалардың ішінде материалды хронология бойынша орналастыру.

Қалалық шолу экскурсиясы қала жайлы жалпы түсінік береді, архитектуралық көркімен, тарихымен, табиғатымен, экономикасымен, назар аудараптық орындарымен таныстырады. Мысалы, «Алматы – онтүстік астана». Алматы қаласы бойынша шолу экскурсиясында келесі тарқырыпшалар бар:

1. Қала тарихы. Маршрутты Республика алаңынан бастаған дұрыс, себебі Тәуелсіздік монументінің композициясы

экскурсоводтың біздің елеміздің тарихы жайлы әңгімесін иллюстрациялайды. Экскурсияға жоғарғы керемет асқар тау шыңдарының панорамасы және алаңның әсем архитектуралық ансамблі ұмытылмас әсерге бөледі.

2. «Алматы – әкімшілік орталығы». Бұл тақырыпша Астана алаңында, ҚБТУ ғимаратының, бұрынғы Үкімет үйі алдында қарастырылады.

3. Қатаң сын жылдары (соғыс жылдары). Жартылай Абылайхан данғылында әңгімеленіп, 28 Панфиловшылар паркіндегі Данқ мемориалының қасында жалғасады.

4. Қала архитектурасы. Достық данғылында өткізіледі, мұндағы қызықтыратын нысандар – «Қазақстан» қонақ үйі, Республика сарайы, ҚМӘБИ (бұрынғы Жоғарғы партия мектебі), т.б.

5. «Алматы – мәдени орталық» тақырыбы Сәтбаев көшесі, Абай және Аблайхан данғылдары бойымен жүріп өткенде қарастырылады, ондағы қызықты нысандар – өнер мұражайы, цирк, неке сарайы, спорт орталықтары, театrlар. Осы нысандармен таныстырғанда әңгіме білім, өнер және спорт жайлы болады.

6. Спорттық Алматы тақырыпшалары қаланың барлық спорт және мәдени ошақтары орналасқан (стадион, спорт сарайы) Абай данғылында өткізіледі.

7. «Алматы – ғылым және мәдени орталығы» тақырыпшасы әл-Фараби атындағы университет мысалында көрсетіледі.

8. «Алматы – бақ қала». Бұл тақырыпша Кіші Алматы шатыралында, Медеуге апаратын жол үстінде айтылады.

Шолу экскурсиялары кез келген қалада құрылымы жағынан бір біріне ұқсас болады. Қаланың тарихы, қәсіпорындарының қысқаша сипаттамасы, ғылымы, мәдениеті сияқты тақырыпшалардың міндетті түрде экскурсия құрылымына кіреді. Шолу экскурсиялардың бір-бірінен айырмашылығы қала тарихының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, Верный қаласының ресми тарихы I XIX ғасырда басталса, Тараз қаласының тарихы I ғасырдан басталады. Аталған екі қаланың даму тарихы, екеуі де Ұлы Жібек жолында орналасқанымен мүлдем ұқсамайды. Тараз қаласының экономикасы, қалақұрылышы 10-12-ғасырларда өркендегені жайлы көптеген жазба деректерінде кез-

дессе, Верный қаласының орнындағы елді мекендер ұмытылып кеткен.

Қалалық шолу экскурсиялар көбінде сұранысқа ие болған-дықтан, туристерге қызмет жасағанда бағдарламаға енгізіледі. Қысқа мерзімге келген туристер үшін бұл экскурсия аз уақытта қаланың тарихы, мәдениеті, экономикасы, табиғаты мен негізгі назар аудараптық орындарымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл экскурсияны құруға қойылатын негізгі талап – композициялық біртугастық, логикалық байланыстық болуы.

Нысандарды ірікте алғанда үшін келесі қағидаларды басшылық ету керек:

- тек тақырыпқа қатысы бар нысандарды тандау;
- негізгі сұрақтарды толық ашатын типтік нысандарды енгізу;
- тек түпнұсқалық ескерткіштерді көрсету, өйткені өзгерілген, қайта салынған нысандар өз уақыты жөнінде аз мәлімет береді;
- қызықты нысандар ескерткіштер шоғырланған орындардан алшақ орналасса оларды экскурсия құрамынан қысқартып тастау керек. Мысалы, Алматыда ол Райымбек кесенесі, Верныйдың ескі бекінісінің орны, Мұсылман университеті, т.б.

Қалалық шолу экскурсиясы өткізу жағынан басқа экскурсияларға қарағанда ең қыны, себебі бұл экскурсия көптеген салалардың: тарихтың, экономиканың, архитектуралың, өнердің, т.б. білімін, әңгімелегендегі мен көрсету тәсілдерінің көптеген түрлерін пайдалануды қажет етеді.

Экскурсия мәтінін жазып, әдістемелік нұсқауды жасағанда, басқа да қалалық шолу экскурсияларының материалдарын жинаған кезде қала дегеніміз не, оның қандай типтері болатынын да қарастыру керек.

Тұрғындар саны бойынша қалалар:

- 500 000-нан астам – өте ірі;
- 200 000-нан астам – ірі;
- 100 000-нан астам – орташа;
- 50 000-нан астам – кіші қалаларға бөлінеді.

Орындастын функциясы бойынша – астаналық қалалар, көпфункционалды, өндіріс орталықтары, мәдени орталықтары, курорт, көлік торабтары, порт, т.б. қалаларға жіктеледі.

Пайда болу уақытына қарай ежелгі, ескі, жаңа қалалар деп бөлінеді.

Қалалық экскурсияларда атақты адамдардың ескерткіштері жиі көрсетіледі. Ескерткіштерді көрсете білу, оның сипаттамасын беру, ескерткіш арналған адам туралы әңгімелей білу қажет. Толты ескерткіш алдында мүсіннің көлемін толық көретіндей қылыш орналастыру өте маңызды. Ірі ескерткіштерді көрсете үшін 20 метрден жақын тұрмая керек, ең дұрысы, симметрия сызығынан тыскары орналастыру. Бюстерді тамашалау үшін 7-10 метр арақашықтық ең тиімді болып саналады. Нысандарды көрсеткенде оны қасындағы көшелермен, алаңмен, ағаштармен, т.б. үйлесімдігін көрсете қажет.

Көрсете мен әңгімеледің үлгісін Ш. Үәлиханов ескерткішінің мысалында көрсетейік. Ш. Үәлиханов ескерткіші 1969 жылы орнатылған, скульпторы Наурызбаев, архитекторы Ш. Үәлиханов. Фылым Академиясы алаңының симметриялық композициясы. Сәулетшінің ойы бойынша ескерткіш шығыс архитектуралық стиліне жақын. Монументке симметрия бойынша қара габбродан жасалған тұғырлар орналаскан, олар кеңістікті екіге бөліп тұр. Композицияны фонтан сусы аяқтайды. Ескерткіш тұғыры қара габбро тастан орнатылып, оған Шоқанның суреттері және ұлттық оюлар салынған. Қоладан жасалған фигурада ұлы ғалым-демократ ой үстінде тұрғанын көреміз. Өскери форма киғен, ол қарапайым және табиғи кейіпте тұр. Бір қолында кітап, екінші қолы иегінде. Ғалымның ой үстіндегі бейнесі қазіргі күнге сәйкес.

Ескерткішті көрсете Шоқанның өмірбаянымен аяқталады.

Қалалық шолу экскурсияларының тағы бір ерекшелігі – қаланың үнемі өзгеріп тұруы, себебі қала дамиды, онда жыл сайын жаңа ғимараттар, ғылыми және мәдениет мекемелері, спорттық құрылыштар, мемориалды тақталар, т.б. пайда болады.

Осы өзгерістердің бәрі экскурсияға дер кезінде енгізілу керек, әйтпесе экскурсанттар экскурсоводтан біліктілеу болып, ұятты жағдай болуы мүмкін.

Мазмұны бойынша экскурсиялар екі топқа бөлінеді – *шолу және тақырыптық* экскурсиялар. Экскурсиялардың алуан түрлілігі олардың тақырыптарымен анықталады. Тақырыпқа байланысты экскурсияның мазмұны құрастырылады. Тақырыптық экскурсиялар бір тақырыпты ашып көрсетуге және бір оқиғаға (бір топ оқиғаларға) арналады. Таңдалған тақырып бүкіл экскурсия бойы сақталады. Тақырыптық экскурсияны өндөу кезінде экскурсовод бірқатар талаптарды сақтау керек:

- нақты тақырыпты жетік зерттеу, проблеманың түрлі көзқарастарын, амалдарын білу;
- анықталған және объективті ақпаратты жинау;
- экскурсия негізі болып есептелеғін тақырып бойынша терминологияны, анықтамаларды игеру.

Тақырыптық экскурсиялар бірнеше топқа бөлінеді, ал олар өз кезегінде кіші топшаларға бөлінеді.

Тарихи экскурсиялар:

- тарихи-өлкетанулық;
- археологиялық;
- этнографиялық;
- тарихи-өмірбаяндық;
- тарихи мұражайларға экскурсия.

Табиғаттану экскурсиялары (экологиялық):

- ботаникалық;
- зоологиялық;
- астрономиялық;
- орнитологиялық;
- геологиялық;
- спелеологиялық;
- ландшафтық;
- бірегей табигат ескерткіштеріне экскурсиялар.

Өндірістік:

- өндірістік-тарихи;
- өндірістік-экономикалық (банктің, биржаның қызметі);
- өндірістік-техникалық;
- окушылар үшін мамандыққа бағытталған экскурсиялар.

Өнертану:

- көркемдік;
- театралдық;
- музыкатану экскурсиялары.

Әдебиеттік:

- әдебиеттік-өмірбаяндық;
- тарихи;
- әдебиеттік-көркемдік экскурсиялар.

Діни экскурсиялары

Тақырыптық экскурсиялардың классификациясына бүгінгі күні діни экскурсияларын қосуға болады, олар туристік-экскурсиялық мекемелерде 90-жылдардан бері жиі сұранысқа ие болып жүр. Діни экскурсиялары –экскурсияның жаңа түрі болып табылады, олар нақты конфессияның қағидаларына, тарихына, дәстүріне, діни жоралармен таныстыруға арналады. Бұл экскурсиялар мешіттерге, монастырлерге, шіркеулерге, киелі жерлерге барумен байланысты (мысалы, Арыстанбаб, Қожа Ахмет Иассау кесенелері).

Тақырыптық экскуриялар бір жоспарлы емес және бірнеше түрлі саланың білімін байланыстырады, бір бірінен өте сирек бөліктенеді. Мұнда тарихи ғылымдар, этикалық түсініктер, мәдениеттану аспектілері біріктіріледі. Бұның бері экскурсия жүргізудің нақты жағдайына, қаланың немесе аймақтың танымдық ресурстарына байланысты.

7.2. Табиғаттану экскурсияларын өткізу ерекшеліктері

Табиғат деп барлық қоршаган айналаны айтамыз. Табиғатты сүйю, аялау үлкен педагогикалық міндеп. Адамдар табиғатты зерттей отырып, өз ой-өрісін, сөйлеу қабілетін, білімділігін дамытады, отанға деген сүйіспеншілік сезім тұдырады. Табиғи экскурсиялар танымдықты ынталандырады, денсаулықты нығайтады, көңіл-күйді көтереді, қоршаган ортага қамқорлықпен қарауды тәрбиелейді.

Табиғаттану экскурсиялары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болып, әйгілілігі бойынша бірінші

орында болған. Олардың мақсаты – табиғат жайлы білім алу, адамның онымен әрекеттестігін көрсету, экологиялық сана сезімінің қалыптасуына себепші болу.

Табиғаттану экскурсияларын дайындау өз өлкесінің табиғатын зерттеуден басталады, содан кейін тақырыбы мен мақсаты анықталып, ары қарай жалпы схема бойынша экскурсияның кезеңдері дайындалады. Бұл экскурсиялардың ерекшелігі – табиғат нысанын оның табиғи жағдайында зерттеу. Нысандарды көрсету уақытын анықтау өте маңызды (тәуліктің уақыты, жыл мезгілі).

Табиғаттану экскурсиясының маршруты тақырыптық қағида бойынша құрылады, нысандар саны 10-12 болу керек. Нысан – орман массиві, қалалық саябақ, ландшафт, дала, т.б. болып табылады. Нысанға табиғи құбылыстар да жатады – күннің батуы, щығуы, теңіз суының толысуы мен қайтуы, бұлттар.

Мүмкіндігінше нысандардың арасындағы арақашықтықты да қарастыру керек, экскурсанттар үшін оған жету қындыққа түспейтіндей қылу керек. Табиғат нысанын зерттеу барысында карточка (нысан құжаты) құрастырылады.

Табиғат нысанының карточкасы

Нысан түрі	Сипаттамасы
Нысанның сипаттамасы	
Пайда болу уақыты	
Пайда болу себебі	
Маусымдық құбылыстар	
Жануар әлемі	
Өсімдік әлемі	
«Қызыл кітапқа» енгізілген өсімдіктер мен жануарлар	
Шаруашылық маңызы	
Нысанның қазіргі күйі	
Көрғауга альнуы	
Қосымша мәліметтер	
Әдебиеттер	
Карточканы құрастырған экскурсоводтың аты-жөні	
Толтырылған күні	

Табиғи экскурсияларды дайындау үшін көптеген деректерлер: құқықтық база, арнағы өлкетану әдебиеттері, өсімдік анықтауыштары, жергілікті жердің картасы мен схемасы, туристік жорықтың техникасына арналған әдебиеттер және қауіпті өсімдіктің түрлері зерттеледі.

Маршрутты құрастыру кезінде қауіпсіз жерлерді тандап алу қажет. Көрсету орнын алдын ала, маусым ерекшелігін ескеріп, таңдайды. Бір нысанды көрсетуге 10-12 минут уақыт бөлу керек, ал көрсету орны нысанның биіктігінен 2-2,5 есе қашық, ал көрсету бұрышы 45 градус болу қажет. Топты жардың шетіне және басқа да қауіпті жерлерге тұргызуға болмайды. Егер бару жолы немесе көру нысаны өмір үшін қауіпті және қындық тудыратындей болса (тауда немесе үнгірде) экскурсияның кіріспесінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру ұзартылады.

«Экскурсовод портфели» табиғи көрнекілектерден – гербарий, минералдар үлгілері және фотосуреттер, макеттер, аудио-жазбалар жинағынан тұру қажет.

Табиғаттану экскурсиялары шолу, тақырыптық және кешенди экскурсиялар болып бөлінеді. Шолу экскурсияларының тақырыптық экскурсиялардан айырмашилығы – табиғи нысандардың әртүрлі болуы. Шолу экскурсияларында территорияның географиялық орны, оның табиғи жағдайы: жер бедері, климаты, топырағы, пайдалы қазбалары, өсімдік және жануар әлемі қарастырылады. Шолу экскурсияларына қорғауға алынған табиғи нысандарда, табиғи қорықтарда, ұлттық қорықтарда, табиғи ескерткіштерде, қорықтық зоналарда, зоологиялық саябақтарда, ботаникалық бақтарда, дендро-бақтарда өткізілетін экскурсияларды жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының Заңы бойынша бұл аумактиарды мәдени-ағарту, оқу, туристік, рекреациялық мақсатта пайдалануға болады. Заң бойынша ірі ерекше қорғауға алынған аумактарда экскурсиялық зоналар болады. Қорықтар мен ұлттық саябақтар жанында мұражайлар ашылған.

Мұндай экскурсиялар нақты белгіленген маршрут бойынша өткізілуі тиіс. Қорықтар мен олардың жанындағы мұражайларда экскурсияны сол қорықтың қызметкерлері жүргізеді.

Шолу экскурсиялары қатарына Кіші Алматы өзенінің аңғарында өткізілетін «Алып Тянь-Шаньмен кездесу» экскурсиясы да кіреді. Бұл экскурсияда геология, зоология, ботаника тақырыптары қозғалады.

Тақырыптық табиғаттану экскурсияларына гидрологиялық, минералогиялық, астрономиялық, табиғат ескерткіштеріне бару экскурсиялары жатады.

Зоологиялық экскурсиялардың мақсаты – жануарларды көрсету және бақылау, олардың өмірі, қылықтары, коршаған ортага бейімделуі, адам үшін маңызы жайлы әңгімеленеді. Бұл экскурсиялар зоопаркте, дельфинарийде, океанариумде өткізуі мүмкін. Егер экскурсия кезінде жануарларды көру мүмкіндігі болмаса, «экскурсовод портфеліндегі» суреттерді пайдалану қажет. Өнірдің «Қызыл кітапқа» енген жануарлары: ілбіс (барыс), ақ тырнақты тянь-шань аюы, т.б. туралы айтып кету міндетті.

Ботаникалық экскурсиялар ең қолжетімді, сондықтан кең тараған экскурсиялардың бірі болып табылады. Олар қалалық ботаникалық саябақта, мәдени және демалыс паркінде өткізіледі.

Гидрологиялық экскурсиялар теніздер, көлдер, өзендер жағалауында, сарқырамалар, т.б. су көздерінің жанында өткізіледі. Бұл экскурсияларда су адам өмірінде, балықтар, су өсімдіктері, су жәндіктері сияқты тақырыпшалар қарастырылуы мүмкін. Гидрологиялық экскурсияларды океанариумде немесе дельфинарийде де өткізуге болады.

Табиғи экскурсиялардың тақырыбы алуан түрлі болады. Оны туристер мен қатысушылардың құрамына сәйкес түрлендіру қажет. Сол себепті әртүрлі өлкетанушы мамандармен, оқу, зерттеу мекемелерімен, қорықтармен, ұлттық саябақтармен, мұражайлармен, зообақтармен, ботаникалық бақтармен, метеостанциялармен, мекемелермен байланыста болған дұрыс.

Табиғаттану экскурсияларында көрсетудің көрермен реконструкциясы тәсілі, ал әңгімелеудің методикалық тәсілдерінен сипаттая, түсіндіру және суреттеу тәсілдері қолданылады.

7.3. Сәулеттік қала құрылышы экскурсияларының ерекшеліктері

Сәулеттік экскурсиялар тәрбие беруде маңызды рөл атқарады, тұлғаның үйлесімді дамуына, тарихи-мәдени мұраға қызығушылықты тудырады. Бұл экскурсиялар архитектуралық ескерткіштерді тауып, оларды корғауға үлесін қосады.

«Архитектура» (грекше – құрылышсы) сөзінің мағынасы – құрылыш өнері.

Сәулеттік экскурсияларда әдетте, сәулет ескерткіштері, тарихи ғимараттар, бірегей құрылыштар көрсетіледі. Қандай да болсын елді мекенде ескі немесе бірегей нақышта салынған ғимараттар мен құрылыштарды кездестіруге болады. Қазіргі Қазақстанда олардың саны онша көп емес, дегенмен, тарихи нысандардың жанында заманауи технологияларына сай жаңа ғимараттар салынып, экскурсиялық объектілерге айналуда. Мұндай жайт әсіресе, Алматы мен Астана қалаларында кеңінен орын алуда. Шолулық және сәулеттік экскурсияларды жүргізетін экскурсиялық ұйымдар өз экскурсияларын «ескі» және «жана» қалалардың контрастына сүйеніп жасайды. Өкінішке орай, көптеген тарихи орындар, оның ішінде сәулет ескерткіштері жойылуда. Олардың орнына жаңа символдар болып саналатын нысандар, мысалы, Бейтерек, реєсми резиденциялар, зәулім қонақүйлер мен элиталық тұрғын үйлер, гипермаркеттер мен ойынсауық орталықтары салынуда. Келешекте «қаланың ішіндегі қала» қағидасы бойынша салынатын сәулет кешендері экскурсанттарды қызықтырмақ. Тарихи құндылығы бар ескі құрылыштар Ескерткіштерді қорғау туралы Заңмен формалды түрде қоргалуы тиіс, сондай-ақ ескі қала фрагменттерін музееификацилау жобалары да жоқ емес. Бірақ шынында тарихи экскурсия кезінде экскурсовод сакталған ескерткіштердің орнына «портфелиндегі» жоқ болып кеткен нысандардың фотосуреттерін көрсетеуге мәжбүр болады.

Архитектура – адамдардың іс-әрекеттері мен өмір сүруінің материалдық ортасын құраушы ғимараттар, құрылыштар немесе олардың кешендері деп айтуга болады. Архитектураның алуантурлілігі табигат жағдайларымен, ұлттық дәстүрмен, қалыптасу дәүірі-

мен ерекшеленеді. Сәулет ескерткіштері катарына тарихи қалалар (Түркістан, Тараз, Шымкент, Алматы), архитектуралық ансамбльдер мен кешендер, қаладағы немесе ауылдағы тұрғын үйлер, сарайлар, театрлар, әкімшілік және қоғамдық ғимараттар жатады.

Сәулеттік экскурсияларының нысандары дегеніміз – сәулет ескерткіштері, бау-бакша және монументалды-бейнелі өнерінің туындылары: мүсіндер, декорациялық әшекейлер, торкөздер мен қоршаулар, сонымен бірге қалақұрылыштық мекемелерінің қызметімен, сәулетшілердің өмірі және шығармашылығымен байланысты тарихи ескерткіштер.

Сәулеттік экскурсияларда маңызды әдістердің бірі – жүріп отырып объектілерді көрсету, сонда ғана архитектуралық нысандардың конструкциясын, эстетикалық жағын дұрыс көруге, шынайы қабылдауға, олардың әрбір тетігін анықтап көруге болады.

Сәулеттік экскурсияларды дайындаған кезде біріншіден Қазақстан Республикасының:

- 1) Архитектура және қалақұрылыш туралы (22 қазан 1993 ж.);
- 2) Тарихи-мәдени мұраны пайдалану және қорғау туралы (27 сәуір 1998 ж.) заңдарына сүйену кажет.

Бірінші заң архитектура мен қалақұрылыштың негізгі жұмыс бағытын белгілейді: планировканы, тұрғын орындарды реконструкциялау, құрылыш жұмыстарын жүргізу, т.б.

Екінші заңда мемлекеттік тарихи ескерткіштерді қорғу, қалпына келтіру, өз қарамағына алу және оларды ғылыми-тәрбие мақсатында пайдалануды үйымдасты туралы айтылған.

Сәулет өнерінің кіші және ірі тұрларі бар.

Сәулет өнерінің кіші формалары ашық кеңістікті үйымдастыру үшін, сәулет-қалақұрылыштық немесе саябақ композицияларын толықтыру үшін қолданылады. Ол функционалды-сәндік (фонтандар, сатылар, шарбактар) немесе мемориалды рөл атқарады, қала абатандыру элементтері ретінде қолданылады (көше шамдары, киоскілер, орындықтар, аялдамалар).

Архитектураның алуантұрлілігіне ең алдымен табиғи жағдай, ұлттық дәстүр, пайда болған кезеңі себепші болады. Дәлел үшін папуастың лашығын, орыстың избасын, эскимостың иглуын, қытайдың пагодасын, АҚШ-тағы Манхеттен кешені немесе Кампучиядағы Ангкорватты еске түсіру жеткілікті.

Сәулеттік қала құрылымынан туруларының түрлері: шолу-архитектуралық; белгілі бір дәүірдің немесе кезеңін сәулет ескерткіштерімен таныстыру; көрнекті сәулетшілердің шығармашылығымен таныстыру; осы заманғы сәулет өнерінің үздік үлгілерімен таныстыру; қаланың бас жоспарымен, жаңа аудандар құрылышын салумен таныстыру экскурсиялары.

Сәулет өнерінде тарихи қалыптасқан түрлі белгілі үлгілер: ежелгі Грекия, ежелгі Рим, романық, готика, қайта өрлеу, барокко, классицизм, эклектика, конструктивизм, модерн. Қазіргі күнгі стильдер – хай тек, бионика, т.б.

Сәулет экскурсияларын жүргізу үшін арнайы терминдерді білу қажет.

Сәулет экскурсияларында жиі пайдаланатын терминдер:

Термин	Термин түсінігі
Ансамбль	Бір идеялық көркем ниетпен, эстетикалық жағынан үйлесімді ғимараттар кешені
Апсида	Ғимараттың жарты шеңбер тәрізді бөлігі, ол бөліктер көбінде күмбез шатырлы болады
Аркада	Багана орнатылып, оның үстін арка тәрізді қақпалармен қосқан галерея
Балюстрада	Балкондарға, сатыларға сән беретін әсем бағаналармен ұстастырылған қанат
Барабан	Ғимарат күмбезін көрнекі әрі әсерлі көрсету үшін салынатын күмбезасты кабырга. Барабаннан ғимарат ішіне жарық түсіретін ойықтар қалдырылады. Ғибадат орындары мен ескерткіш құрылыштарында кең қолданылған.
Каркас	Негізгі қанка
Мансарда	Ұй тебесіндегі жылы бөлмелер
Пандус	Сатының орнына жасалған, бірте-бірте төмендейтін жазықтық
Портал	Архитектура элементтерімен кіреберісті безендіру
Портик	Колонналармен бекітілген кіреберістегі шатыр
Ригель	Көлденең жатқан балка
Ротонда	Қабыргасы бағаналар тізбегінен құрылып, тебесі күмбезден жасалған дөңгелек құрылым (беседка)
Фреска	Ылғал сылаққа суға езген бояулармен салған сурет

Фронтон	Маңдайша қабырға (фр. fronton , лат. frons – маңдай, бет, маңдай алды) – гимараттың алдыңғы бетіндегі немесе портикпен, яки бағаналар тізбегімен көмкөрлгөн бүйір қабырғасындағы шатыр мен карниз аралығындағы ушқул маңдайша
Цоколь	Ірге тас үстіндегі үй қабырғасының төмен бөлігі

Архитектуралық анализ сәулет өнерінің өзгешелігіне негізделеді. Талдауды нысанды алдын ала қарап, алғашқы әсер алғаннан кейін бастаған дұрыс. Экскурсовод ескерткіштің қалақұрылыштық және табиғи ортасы, үлгілік ерекшеліктері (көлемді аяның композициясы, масштабы, қасбеттің декоративтік зейнеті, интеръер шешімінің өзгешеліктері), құрылыштың тарихы, реставрация жұмыстары, қазіргі колдануы жайлы сипат береді.

Сәулет ескерткіші, нысан ретінде, бір немесе бірнеше экскурсияға енгізілуі мүмкін. Мысалы, Свято-Вознесенский собор «Алматы – онтүстік астана» шолу экскурсиясына, «Онтүстік Астана көшелері», «Алматы – діни орталық» сияқты тақырыптық экскурсиялар құрамына кіреді. Әрқайсысында соборды көрсету, ол жайлы әнгімеледін өз ерекшеліктері болады.

Сәулет экскурсиялары қала құрылышының тарихын көруге мүмкіндік береді. Әйгілі сәулетшілер мен инженер-конструкторлар қаланы жақсарту, абаттандыру, көше, бульвар, скверлерді декоративті жабдықтау, фонтандар мен декоративті су қоймалары мен хауыстарды, ескерткіштерді жобалау мен құрылышын іске асыру, монумент пен мемориалдық кешендерді салу жұмыстарын іске асырады.

Мысалы, Алматыда революцияға дейін А.П. Зенковтың, П. Гурданың жобаларымен салынған ағаш үйлерді өткеннің үнсіз куәгері деп айтады («Қызыл таң», Кафедралды собор, халық аспаптар мұражайының гимараты, әйелдер және ерлер гимназиясының, медициналық колледж гимараттары).

Тәуелсіздік Қазақстанның архитектурасын стилизация деп сипаттауға болады – онда түрлі тарихи үлгілер және олардың көп нұсқалы қосындысы қолданылған, мысалы Президент резиденциясы (К. Монтахаев, С. Баймагамбетов). 2000 жылдары жана құрылым материалдарын енгізу Алматы, Астана архитектурасын Батыс Еуропада XX ғасырдың 70-80 жылдары пайда болған хай-тек стиліне жақындағатты.

Алматы қаласының тарихи орталығында жаяу архитектуралық эксперсия «**Астана**» архитектуралық қорығы бойынша жүргізіледі.

«Астана» қорығы 1993 жылы КР министрлер кабинетінің шешімімен құрылды, қаланың тарихи орталығы Гоголь, Зенков, Толе би, Қонаев көшелерінің квадратын қамтиды. Эксперсия кезінде Зенковтың, Гурдэнің және басқа да сәулетшілердің зәулім ғимараттарын: Кафедралдық соборды, Қазақ ұлттық аспаптар мұражайын, «Қызыл тан» мата дүкенінің, Верный қаласының ерлер және әйелдер қалалық училищесінің ғимараттарын тамашалап, ескі Верный қаласының атмосферасын сезуге болады.

Эксперсия кезінде қазіргі күнгі архитекторларының да туындылары көз тартады – Данқ мемориалы, Армия үйі, «Отырар» қонақ үйі, «Арасан» монша комплексі.

7.4. Өнертану тақырыбындағы эксперсиялар

Өнертану тақырыбындағы эксперсиялар халықтың мәдени қазынасымен таныстыруға, тамаша туындылардың мәнін түсінүгө, оны жасаушы өнер қайраткерлерінің шығармаларын әлемге паш етуге міндеттенеді. Әр ұлттың өзіне тән туындылары, өнер шығармалары бар. Ол өзіндік ұлттық нақышпен ерекшеленеді. Өнердің дамуы сол елдің өркениеттілігін, ой өрісін көрсетеді. Әр елдің өзіндік салт дәстүріне байланысты қалыптасқан сан қырлы өнер туындылары, түрлери бар. Эксперсия ісінде өнер түрлері келесідей топтастырылады: кино, театр, музыка, бейнелеу және халықтың декоративті-қолданбалы өнері.

Ал эксперсия тақырыбының мазмұнына сәйкес театралды-музыкалық эксперсиялары және бейнелеу өнеріне (сурет өнері, мұсін, декоративті-қолданбалы) арналған эксперсиялар деп сараланып жүр.

Өнертанулық эксперсиялар адамның өнертану шығармашылығымен байланысты қызметінің барлық спектрін қамтиды. Мұражайлар, жауғар сурет өнері – суреттер, мұсіндер, өткен уақыттың зергерлік бұйымдары және т.б. ұсынады.

Өнертанулық эксперсиялар көркемөнер, театралдық, музыкалық мұражайлардың экспозицияларында, сонымен қатар өлкетану мұражайының көркемөнер белгілідерінде өткізіледі.

Мұражай бағдарына қарай өнертандулық экскурсиялар өнер түрі бойынша бөлінеді.

Көркемөнер эксперсиялары – бұл мұражай экспозициясы бойынша эксперсия, сурет өнері, графика, декоративті-қолданбалы өнер, монументалды мұсін шығармалары, сурет галереясына эксперсия, сурет шеберінің шеберханасына, көрме залдарына, халық көркемөнер кәсіпшілігі бойынша, сурет шеберінің өмірі және қызметімен байланысты орындарға барып, тамашалау.

Олар мектебін сипаттайтын, өнердің жеке жанрларын немесе бағыттарын сипаттайтын, жеке өнер туындыларына, жеке суретшінің шығармашылығына арналған эксперсиялар болып бөлінеді.

Мысалы, Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайының қызметкерлері келесідей эксперсияларды ұсынады:

1. Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы бойынша шолу эксперсиялары.

2. Қазақстанның декоративті-қолданбалы өнері.
3. Қазақстанның бейнелеу өнері.
4. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері.
5. XVII ғасырдың басы мен XX ғасырдағы Орыс өнері.
6. XV-XIX ғасырлардағы Батыс Еуропалық өнер.
7. Кенес өкіметі кезіндегі өнер.
8. Шығыстың өнері (Үндістан, Қытай, Жапония, Корея, т.б.)

Театртандулық эксперсиялар театр өнерін, жеке театрлардың тарихын, қойылымдардың, актерлар мен режиссерлердің творчестволық өміrbаянын сипаттайтын мұражай материалдарын камтиды. Мысалы, «Театралды Алматы» эксперсиясы Алматы қаласының театралдық өнерінің қалыптасуы мен дамуы туралы толық мәлімет береді, ең қызықты театрлармен: М. Әуезов атындағы Қазақ Академиялық театрымен, Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрымен, Н. Саң атындағы Мемлекеттік Академиялық балалар және жасөспірімдер театрмен, М. Лермонтов атындағы Орыс драма театрымен, ұйғыр музыкалық комедия театрымен, т.б. таныстырады.

Қазақстанның көне халық әдет-ғұрпында, халық комиктерінің, сатириктерінің ойын көрсетуінде, айтыстарында театр өнерінің де элементтері бар.

Музыкатанулық экскурсиялар музыка мәдениетін сипаттап және оның даму тарихын көрсетеді, музыкалық театрлардың, филармониялардың, жеке қойылымдардың тарихын, музыкалық мәдениетінің жеке қайраткерлерінің – композиторлардың, орындаушылардың шығармашылығын, музыкалық аспаптардың тарихын көрсететін, т.б. мұражай материалдарын қамтиды.

Өнертанулық экскурсияларды келесі топтарға бөлуге болады – түрлі замандардың, кезеңдердің өнері, мектебі, стилі, өнер бағыттарының тарихы.

Бұл топқа жататын экскурсиялық тақырыптар – «Қазақстанның көркемөнер кәсіпшілігі», «Театралды Алматы», «Қазақстанның зергерлік өнері».

Teatr және фольклор экскурсиясының басты міндегі осы сала қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналады. Кезінде өмір сүрген шебердің өмірімен шығармасына, көз қарасының қалыптасуына, жетілудің тигізген әсерін көрсету.

Сәндік қолданбалы өнер туындылары көрсетілетін экскурсиялардың негізгі мақсаты халық шығармашылығы мен оның даму үрдісімен сипаттын көрсетіп таныстыру. Бұндай өнер шығармаларын талдаудың бір ерекшелігі оның құрамдық сипаттын көрсету. Сәндік қолданбалы өнер саласы өте кең: темірді көркем өндеу, керамика, ағашқа, тасқа, сүйекке ойма сурет салу, жабыстыру, тоқу, кілем өрнектеу, кестелеу.

7.5. Мұражайлық экскурсиялар

Мұражайлық экскурсия – экскурсиялық қызмет көрсетудің негізгі түрінің бірі, мұндай экскурсия мұражайлық экспозицияларды пайдаланады.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес, мұражай ол мұражай экспонаттарын және мұражайлық коллекцияларын сақтайтын, зерттейтін және көпшілікке ұсынатын және мәдени, белім, ғылыми-зерттеулік функцияларын атқаратын, тарихи-мәдени мұраны танымалдылықпен қамтамасыз ететін мәдени мекеме болып табылады.

Мұражай профилін – коллекция құрамы, экспозиция тақырыбы, ғылыми зерттеудің мазмұны анықтайды және мұражай қызметінің барлық бағыттарына әсер етеді.

Профиліне қарай мұражайлар көркемдік, тарихи, әдеби, өнертану, архитектуралық, жаратылыс-ғылыми, техникалық және т.б. мұражайларға жіктеледі. Кешендік мұражайларға өлкетану, мұражай-ансамбль, мұражай корықтар жатады.

Мұражай бойынша экскурсиялар кейбір өзгешелік ерекшелігіне қарай шолу және тақырыптық болады. Шолу экскурсиялары мұражай туралы жалпы түсінік береді, тақырыптық экскурсияларда тек қана экспозицияның бір бөлігі ғана көрсетіледі. Шолу экскурсиясында экскурсанттар мүмкіндігінше барлық залдарды аралап шығады. Ірі мұражайларда (мысалы, ҚР Мемлекеттік мұражайы) экскурсия кезінде тек қана ең үлкен және қызықты залдар көрсетіледі.

Мұражай экскурсияларында көрсету нысаны – **мұражай заттары** болады. Мұражай заттары құндылығына қарай типтік (мысалы, неолит дәуірінің құралдары), бірегей, тек қана бірліжарым экземплярда сақталған, ерекше құрметтейтін заттарға бөлінеді. **Мұражайлық коллекция** деп бір немесе бірнеше белгілері бойынша ортақ мұражайлық заттардың жыныстығын айтады. Мұражай коллекциясының топтамасын **мұражайлық жинақ** деп атайды.

Мұражайлық экскурсияны жүргізу үшін арнайы негізгі мұражайлық түсініктерді білу керек. **Мұражай фонды** – мұражаймен сақтауға алынған деректердің ғылыми түрде реттелген жинақтары.

Экспозиция – композициясы бойынша ұйымдастырылған, түсініктері берілген, техникалық және көркем безендірілген, табиги және қоғамдық құбылыстардың мұражайлық өзіндік ерекше бейнесін қалыптастыратын мақсатты және ғылыми түрғыда негізделген мұражай заттарын демонстрациялау. Экспозицияға мұражайлық заттарды іріктеу өлшемі, олардың коммуникативтік қасиеттері – ақпараттылығы, экспрессивтігі және аттрактивтілігі (тартымдылығы).

Ақпараттылығы – тарихи кезеңнің, оқиғалардың күәгері рейтингінде болуы.

Экспрессивтілігі – адамның толқу сезімін туғызу мүмкіншілігі.

Аттрактивтілігі – мұражайға келушілер үшін тартымдылығы (формасы, көлемі, түсі, безендірілуі).

Мұражайлық заттардың жинақтары мұражайлық дереккөздерінің түрі бойынша заттық, суреттік, жазбаша және құжаттық, видео және аудиоматериалдар жинақтарына бөлінеді:

1) заттық жинақтар – еңбек құралдары, қару-жарақ, әскери құрал-жабдықтар, тұрмыстық заттар, декоративті-қолданбалы өнер, шикізат үлгісі және өнеркәсіптік тауарлар;

2) суреттік жинақтар – сурет өнері, мүсін, литография, графика, суреттер, т.б.

3) жазбаша жинақтар – қолжазбалар және баспа құжаттары, ежелгі басылымдар, хатар, сирек кездесетін кітаптар, т.б.

4) құжаттық, видео және аудиоматериалдар жинақтары – әртүрлі шу дыбыстарын, әйгілі саяси қайраткерлер мен өнер шеберлерінің сөздерін және т.б. жазып алу.

7.6. Қала маңындағы экскурсиялар

Қала маңындағы экскурсиялар шолу және тақырыптық экскурсияларға бөлінеді. Шолу экскурсиясы өлкетанулық экскурсия ретінде өткізіледі. Шолу экскурсиясы әртүрлі табиғи-тариҳи объектілер тізімінен құрастырылады, оған: ежелгі және жаңа ес-керткіштер, танымал оқиға өткен жерлер, ғылым мен мәдениет, керемет ғимараттар, қорықтар және т.б. кіреді. Мұндай экскурсиялардың тақырыбы ауқымды және көлемі үлкен болады.

Тақырыптық экскурсияда негізгі тақырып мазмұны маршруттың соңғы нүктесінде ашылады, өйткені жол бойында тақырыпқа қатысты объектілер кездеспеуі мүмкін. Маршрут бойында экскурсиялық топтың қызығушылығын көлтіретін нысандар кездескен жағдайда экскурсовод нысан жайлы ақпарат беруі тиіс.

Мұндай ақпаратта объект анықтамасы, оқиғалар мен фактілер және нысанға қатысты болмаса да, топты қызықтыратын мәліметтер айтылады. Осындай ақпаратты «бағыт бойындағы экскурсиялық ақпарат» деп атайды.

Бағыт бойындағы экскурсиялық ақпараттың, экскурсиядан айырмашылығы, онда бастапқы орынды әңгіме алады, авто-

бустан шығып қарайтын көрнекіліктің болмауы. Бағыт бойындағы ақпаратқа маршрут өтетін жерді сипаттайтын анықтамалық мәліметтер енгізіледі. Бағыт бойындағы ақпарат жүріп бара жатқан автобуста берілгендейтін, экскурсоводқа ескерткіштерді қозғалыс кезінде көрсету ережелерін есте сақтау керек.

Бағыт бойындағы ақпараттың мазмұнына қойылатын негізгі талабы: қала маңындағы экскурсияның соңғы нүктесінде жүргізілетін шолу және тақырыптық экскурсиялардың материалының қайталанбауы. Бағыт бойындағы ақпараттың әдістемелік құрылымы болмайды, тек мәтін түрінде ғана құрастырылып, бекітіледі. Әрбір экскурсоводтың жеке бағыттық ақпараты болуы керек.

Композиция жағынан қаласырты экскурсиясы басқа экскурсиялар сияқты құрастырылады және кіріспе мен қорытындыдан тұрады.

Экскурсияның кіріспесі топтын жиналу орнында айтылады, ал экскурсияның өзі қала сыртында немесе экскурсия маршрутында бекітілген нысаннан басталады.

Экскурсоводтың негізгі міндеті экскурсанттардың демалысын ұйымдастыру болып табылады. Өйткені қаласырты экскурсиясы бір күнге дейін созылуы мүмкін (10-14 сағат) сондықтан маршрут барысында түскі ас үшін арнайы орындарда демалуға уақыт бөлінуі қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Қалалық шолу экскурсияларының ерекшеліктері.
2. Қалалық шолу экскурсияларының тараулары.
3. Табиғат экскурсияларының топтастырылуы.
4. ҚР архитектуралық ескерткіштерді қорғау туралы зандар.
5. Архитектуралық терминдеріне түсінік.
6. Түрлі замандардың сәулет стильдері.
7. Сәулет өнерінің кіші формаларына не жатады?
8. Орта Азия мен Қазақстанның сәулет стилдерінің ерекшеліктері.
9. Өнер тақырыбындағы экскурсиялардың топтастырылуы.
10. Мұражай экскурсияларының ерекшеліктері.
11. Қала маңындағы экскурсиялардың ерекшеліктері.

8-тaraу

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР

8.1. Инновация туралы түсінік

«Инновация» терминін 1920 жылы австриялышқа және америкалық экономист профессор Йозеф Шумпетер енгізген. Инновация (жаңалық жарату) – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шыгару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып өнені өндіеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт жарату. Фалымдар бұл терминге әртүрлі ұғым береді. Іс-әрекет немесе іс-әрекеттің қортындысы. Нарықта енген және өндіріс немесе әлеуметтік ортаның тәжірибесінде колданылатын халақаралық стандарттар жинағы «Руководство Фраскати» инновацияны бүкіл инновациялышқа процесстің өнімі деп есептейді. Инновация кәсіпорындарға тауарларды өткізу мен қызмет ету нарығында бәсекелестікті ұстап тұруға көмек береді. Инновациялышқа технологиялар ұлттық экономиканың салаларында – өндірісте, ауыл шаруашылығында, қызмет көрсету саласында кеңінен тараған.

Инновациялар үш белгі арқылы ажыратылады:

- пайдалану жағынан – ғылыми-техникалық, ұйымдастыруды-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, мемлекеттік-қызықтық;
- таралу масштабы бойынша – жаһандық, ұлттық, аймақтық, салалық, локалдық;
- пайда болу ерекшелігі жағынан – эволюциялышқа және радикалды инновацияларға бөлінеді.

Радикалды инновациялар (латын тілінен – түбегейлі) – нарықта туристік өнімді тез жылжыту немесе сақтап қалу мақсатында бар туристік өнімге түпкі өзгерістер енгізу. Кризис

жағдайында қалып кеткен радикалды инновациялар қайта өндөліп, қойылған мақсат бойынша өндіріледі.

Эволюциялық инновациялар (латын тілінен *evolutio* – өрлеу, өркендеу) ескі тауар мен қызметтердің даму өнімі, жаңа экономикалық және әлеуметтік жағдайларға бейімдеу. Мұндай инновациялар маркетингтік зерттеулер жүргізілгеннен кейін нарыққа біртіндең енгізіледі.

Бұрын қолданбаған технологиялық, методикалық тәсілдерге және басқа тәсілдермен құрастырылған жаңа туристік өнімдердің талабына жауап беретін инновациялық жобалар құрастырылады. Сол инновациялық өнімді енгізу үшін ұзақ тек қана тиімді шығармашылық жұмысы ғана қажет етпейді, сонымен қатар менеджментпен сол жобаға қатысатын серіктестер арасында бірлескен жұмыс болу керек.

Экскурсиялық қызметтегі инновациялар тақырыбы бойынша жаңа және сапасы бар бағыттар мен экскурсия өндеумен ту-сіндіріледі. Жетілдірілген классикалық экскурсия және де жаңа экскурсиялармен қызметтерді енгізу инновациялық бола алады.

Инновациялық үдеріс – ғылыми, технологиялық, ұйымдық, экономикалық, коммерциялық іс-шаралар бірлігінің нәтижесінде инновациялық өнімнің шығарылуы.

Экскурсиялық өнімді инновациялық деп, ең соңғы технологияларды, құрудың жаңа тәсілдері мен әдістерді пайдаланғанда ғана айтауға болады.

Кейбір экскурсиялық түрлерінің дамуына ғылыми-техникалық революция ықпал етеді. Жаңа технологиялардың көмегімен виртуалды турлар, төтенше турлар, мультимедиялық бағдарламалар, электрондық экскурсия жетекшісі әзірленген. Сарапшылар туристік саладағы инновациялардың клас-сификациялық белгілерінің бірнеше негізгі белгілерін анықтайды:

- идеяның пайда болуы (әлеуетті туристердің сұранысы, жаңа ғылыми-техникалық жаңалықтар);
- инновацияның түрі (туристік өнім, туристік қызмет көрсетулер, қонақжайлыштығы инфрақұрылымдық өзгे-рістер);

- таралу масштабы (облыс, аумақ, аймақ, ел, құрлық, әлемдік жүйе);
- капитал сыйымдылығы (ұлken, орташа, шамалы).

Туризмдегі инновациялар – бұл туристік нарықта жаңа өнімге сұраныс орнататын және құрамына жаңа компонент енген, өткізудің жаңа формасын қамтитын кешенді мәдени іс-шаралар.

Туризмдегі инновациялық үдеріс келесіге сәйкес дамып келеді:

- әлеуетті сатып алушылардың туристік өнімге сұранысының өзгеруі;
- мамандардың заманауи шығармашылық және технологиялық әзірлемелері;
- туристік үйымдардың әрекеттерімен, қонақжайлыштың индустрисының кәсіпорындырымен, көлік кәсіпорындары мен мемлекеттік құрылымдармен.

Шаруашылық саласындағы өзге де өзгерістер сияқты, инновациялар бірнеше негізгі қағидаларға сәйкес келеді.

1. *Ғылыми қагида.* Инновациялық туристік өнімдер мен қызмет көрсетулердің жасалып енгізілуінде, казіргі туристердің сұранысына сай келетін, ғылыми білім мен методикалық әзірлемелер қолданылады. Инновациялық экскурсиялар тарихшы, археолог, геолог, географ, биолог мамандарының қатысуымен өзіrlenеді. Әдетте жаңа экскурсиялық жобасының алдында мұрағаттар мен музейлерде айлар бойы жұмыс жасап, ғылыми экспедициялардың жұмысының өзгешелігімен танысуга тұра келеді.

2. *Жүйелілік.* Әзірленіп жатқан инновациялық экскурсиялар мен өзге де туристік іс-шаралар әр ауданның табиғи, тарихи және әр аймақтың әкімшілік өрекшеліктерін, туристік өнімге сұранысын, туристік инфрақұрылым денгейін, жолдың жағдайын, керекті мамандардың болуын, қаржылық мүмкіндігін ескере жасалады.

3. *Сұранысқа сәйкес келу қагидасты.* Экскурсиятану мен туризмдегі кез келген жаңа енгізулер әлеуетті туристер сұранысы болса ғана дайындалып енгізіледі. Осы сұранысты білу мақсатымен маркетингтік зерттеулер, сауалнама жүргізу, интернет арқылы сұрастыру жүргізіледі.

4. Позитивтілік. Өзірленген және енгізілген инновациялар заманауи моральға, көпшіліктің рухани сұранысына, оның даму деңгейіне және экологиялық тәпеп-тендікке сәйкес келуі тиіс. Экологиялық бағытта жаңа экскурсияларға ерекше назар аударылады: жобаның барлық аспектілері әрине, табиғатқа зиян тигізу үшін емес, көпшілікке пайда әкелу мақсатында жасалады. Жаңа экологиялық жобаларды енгізу кезінде туристердің табиғи және тақырыптық парктар мен корықтар аумағындағы өзін-өзі ұстая ережелерін жасау қарастырылып жатыр.

5. Болашағы бар. Туризмдегі инновациялық жобалар бүкіл туризм сферасының болашақ дамуына бағытталып, қоғамның алға басуын технологиялық прогрессен байланысын ескере отырып құрастырылады.

Экскурсия және туризм салаларындағы инновациялық ішшаралар келесі бағыттарда дамып келеді:

- жаңа туристік өнімдерді өзірлеу мен енгізу, біріншіден түрлі формамен тақырыптағы экскурсиялар, мысалы түйекұс фермасына немесе инновациялық кәсіпорындарға экскурсия үйымдастыру;
- жаңа технологияларды дәстүрлі өнім өндіруде пайдалану, мысалы туризмде экскурсиялардың экстремалды түрінде жаңа маталардан жасалған киімдер мен аяқ киімдерді пайдалану немесе электронды аудиогидпен тауларда экскурсияларды үйымдастыру;
- ертеректе туристік әлеует деп қарастырылмаған жаңа туристік ресурстарды тарту, мысалы әуе шарындағы экскурсия, сунғиық кемелердегі немесе гарыш кемелеріндегі экскурсиялар;
- маркетингтік зерттеулерді жаңа әлеуметтік-мәдени дәрежеде үйымдастыру, мысалы «тұтынушымен жақындасу» бағдарламасы бойынша, яғни әрбір әлеуетті туристің жеке сұранысын ескере отырып назарға алу;
- түрі бойынша жаңа кешенді экскурсияларды өзірлеу және ескеру, мысалы, қалалық экскурсияларға театрландырылған элементтерді косу, археологиялық экскурсиялардың қазба және зертхана жұмыстарына қатысу, ал шытырман турлар – геологиялық экскурсияларда қолданылуы мүмкін.

Мәдениет пен қызмет көрсетеу кез келген қоғамда әрқашан да дамиды, сондықтан уақыт ағынымен экскурсияларға деген сұраныс өзгереді және қоғамның дамуын айқындайтын жана технологиялар, қазіргі күнгі сұранысына ие болатын сол немесе басқа да тауарлармен қызметтерге жаңа талаптар пайда болады. Осы талаптардың нәтижесінде экскурсиялардың тақырыбы, өткізу түрі өзгереді.

Дүниежүзілік туризм ұйымының айтуынша, бүгінгі таңда туристік бағдарламалар мен қызмет көрсетеу нысандарын жетілдіру мәселесі өте маңызды болып табылады.

Арнайы мамандардың пікірінше саябақ пен қала бойынша экскурсия жасау, белсенді туризмге үқсас экскурсиямен айналысу, круиздер, экологиялық экскурсиялар, мұражайға бару және қала сыртындағы шаралар, саяхатқа үқсас экскурсиялар, анимациялық экскурсиялар, комплектстік қалалық және қала сыртындағы экскурсиялар ең үлкен сұраныска ие.

Әзірлеуші маман туризм бойынша инновациялық экскурсиялар мен бағыттарды белгілі бір бағдарламалар бойынша жасайды, оларға емдік, танымдық, ойын-сауық туризм маршруттары да енеді.

Соңғы жылдары экскурсиялардың жаңа түрлері іске асырылуда:

- жасы келген адамдарға арналған экскурсиялар – «семьорлар туризмі», туризмнің бұл түрі көркем табиғатымен ерекшеленетін жерлерге танымдық экскурсияларды және мұражай экспозицияларын тамашалауды қамтиды;
- VIP турлар, оның ішінде, мысалы, балық және аң аулау;
- жастарға арналған арнайы экскурсиялар – заманауи фестивальдар мен киім көрсетілімі;
- балаларға арналған анимациялық экскурсиялар;
- қала мен саябақ бойынша толық комплектстік экскурсиялар.

Индивидуалды экскурсиялар – белгілі бір туриске немесе бірнеше туристерге арналған экскурсиялар. Осындай экскурсия туристік нарықта жаңадан пайда болды және келешекте үлкен табысқа жетуі әбден мүмкін.

8.2. Инновациялық экскурсиялардың формалары мен түрлері

Анимациялық бағдарламалар. Экскурсиятанудағы инновациялық бағыттардың ең таңдаулысы – *анимация* (лат. anima – өмір, жан). Анимацияның мағынасы – туристерді болып жатқан оқиғага тарту үшін тарихи және әдеби кейіпкерлердің «жандануы» әдісі қолданылады.

Туризмдегі анимация – туристік экскурсиялық маршруттардың құрамдық бөліктеріне енетін арнайы бағдарламаларды жасау және жүргізу. Анимациялық бағдарламалар:

- мұражайлық тарихи театрландырылған шоу, олар карапайым мұражайлық экскурсиялардан театрландырылған элементтері бар қойылымдармен ерекшеленетін. Мұндай шоуларда мұражай экспонаттары, мысалы, көне заманда өмір сүрген жануарларға және адамдарға, ортағасырлық рыцарлар мен ханымдарға «жан кіреді», сол тарихи кеңеңнің қиімі мен басқа заттары арқылы бейнелеген уақытты еlestетеді;
- тарихи кейіпкерлермен өткізілетін костюмдік бал, ол қонақтарға белгілі бір ел немесе тарихи кезеңмен танысуға мүмкіндік берумен бірге, сол елдің ескі билерін билеп үйренуге, дәстүрлі бал ойындарын ойнауға және ақсүйектер кешінің этикетін үйренуге мүмкіндік береді;
- интерактивті викториналар, бұл тарихи немесе басқа да ақпараттарды қабылдауды женілдетуге бағытталған белгілі бір тақырыпта жасалған викториналар. Ол экскурсияны қызықты өткізуға және жандандыруға үлкен көмек береді. Бұл экскурсия барысында туристерге білімдері мен кабілеттерін ашуға, көрсетуге мүмкіндік береді;
- карнавалдар, халықтардың тарихы мен мәдени дәстүрліrinің мәнін ашатын, белгілі танымдық мәндегі көңіл көтеру бағытындағы іс-шаралар;
- тарихи қайта өндөлген фестивалдар, ол қонақтарға тарихи оқиғалардың қатысушысы болуға мүмкіндік береді, мысалы, садақ ату, атқа мініп жарысу, қол қүрес, т.б.;

- тақырыптық саябақтар бойынша экскурсия, XX ғасырдың соңғы он жылында батыс елдерінің көбінде танымал болған. Әлемдегі ең танымал тақырыптық саябақ болып Диснейленд саналады.
- театрландырылған қалалық экскурсия.

Анимациялық бағдарламаларды *аниматорлар* ұйымдастырады және өткізеді. Аниматорлар – қонақтардың көңілін көтеруші кәсіби мамандар. Аниматорлардың еңбегі байланысқа бейімділік, жарқын болу, адамдардың психологиясын түсіну, экскурсанттардың назарын тұрақты ұстай алу сияқты жеке дара қасиеттерді талап етеді.

Аниматорлар әртүрлі экскурсиялық әрекеттерде жогары сұранысқа ие.

Анимациялық жұмыстар жүйесі:

- туристердің қызығушылықтарын анықтап алу;
- театрландырылған элементтерді қосу;
- қонақтарды экскурсияның біртұтас қатысушысына айналдыру;
- жаңа ұсыныстар мен бағдарламаларды ұсыну.

Аниматорлар өздерінің жұмыстарында экскурсоводтармен, фольклорлық және басқа да шығармашылық ұжымдармен тығыз қарым-қатынаста болады.

Анимациялық экскурсиялар үшін арнайы сценарийлер жазылады.

Мұражайлық экскурсиялардағы жаңалықтар. Нарықтық қатынастардың дамуына және қоғамның рухани өміріндегі түбендейлі өзгерістерге байланысты мұражайлар да өз жұмысын жаңартуда.

Мұражайлар тәжірибесіндегі *негізгі жаңалықтар* өлген немесе тірі жаңуарлардың электрондық макеттері орналасқан орындар, театрландыру, жобалық әдіс, рөлдік ойын, экспозициялар бойынша компьютерлік гидтер сияқты жаңалықтарды пайдаланады.

Мұражайлық театрландырылған мерекелер – туристік нарықта ересектермен қатар балалар арасында танымалдыққа ие. Көбінесе, театрландырылған қойылымдар егін мерекелері, Жаңа жыл, Пасха мерекесі сияқты мереке күндері ұйымдастырылады.

Үйлену тойы. Көптеген тарихи мұражайлар арнайы түрде күйеу жігіт пен қалыңдыққа арнап театрландырылған үйлену тоғын өткізеді. Жас жұбайлар үшін халық ойындары мен танымдық элементтері кіргізілген фольклорлық мереке жасайды. Үйлену тойы кешінің соңында арнайы дайындалған орында жастарға барлық ескі дәстүрлерді бақылауға мүмкіндік беретін үстел жасалады.

Жаңа жыл – халықтардың ең сүйікті мерекесі. Мұражайды театrlenандырылған экскурсия барысында мерекенің шығу тарихының құпиясы ашылады, балалар ескі бал биін билеп үйренеді, аяз атамен танысады.

Масленица. Халықтардың бұл дәстүрлі мерекесі мұражайларда ерекше өткізіледі. Экскурсия барысында балаларға орыс Масленица мерекесінің дәстүрлері туралы әңгімелер айтылады, бұл мерекеге байланысты экспонаттар көрсетіледі.

Рөлдік ойындар элементтерімен өткізілетін мұражайлық экскурсиялар мұражай методистері мен экскурсоводтармен жүзеге асырылады.

Мұндай экскурсиялардың қенінен тараған тақырыптары – тарихи тақырыптар.

«*Тірі мұражай*» бағдарламасы аясында – елдердің көптеген мұражайларында қолданылатын инновациялық жобалар. Атальмыш бағдарламаның мәні, әдеттегі мұражайлар экспозицияларына немесе мұражай кешенінің территориясындағы экспонаттарға «жан кіреді». Экскурсия барысында келушілер үшін оркестр ойнайды, оркестр мүшелері көне үлгідегі киім киеді, «ортагасырылық суретшілер» келушілердің портреттерін салады. Қазіргі кезде көне шаруа үйлерінің сыртқы бейнесі қайта қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүруде. Олардың қасынан ат қораларды қалпына келтіріп, бақ егіліп, гүлзарлар салынып, көркем қолөнер шеберханалар ашылуда.

Кешендеңді экскурсиялар дәстүрлі көрсетуді рөлдік ойынмен, театрландырумен, интерактивті тапсырмалармен, т.б. үйлестіреді. Әдетте, инновация екі дәстүрлі экскурсиялардың үйлесуінен түрады – мұражайлық тақырыптық және қалалық шолу, мұражайға келушілер экскурсия соңында автобустық немесе жаяу қалалық экскурсияның қатысуышы болады.

Қалалық экскурсияларындағы жаңалықтар. Әлемнің көптеген елдерінде ХХІ ғасырдың басында туристік сферада инновация әзірлеу және енгізу үшін бейге жарияланған.

Туристік инновациялық жобалардың байқауы. Германияда бірнеше жыл бойы инновациялық жобалардың байқауы өтуде; бұған тәжірибелі танымал туристік фирмалармен қатар нарыққа жаңа шыққан фирмалар да катысады. Женімпаздар өздерінің жарнамаларында лауреат логотипін пайдалануға және туристік нарықта жаңалықтарды енгізу мен жасауға байланысты мамандардың кәсіби көмегін алуға құқылы. Инновациялық жобалар көптеген көрсеткіш бойынша бағаланады, оның ең бастысы шығармашылық, түпнұсқалық және идеяның жаңалығы, туристік нарықтағы сұраныс.

Қала бойынша тақырыптық экскурсиялардагы инновация элементтері. Қала экскурсияларындағы инновациялық бағыттардың бірі – нақты бір бірегей нысанға театр, ескі сарай, саябақ, бульвар және т.б. бойынша мини-турларды ұйымдастыру. Аталмыш инновациялық экскурсияларда нысандарды көрсетудегі классикалық әдіс интерактивті ойын элементтерімен, күтпеген панорамдық көріністермен, компьютерлік технологияларды пайдаланумен, театрлық көрініс және жеке үйлерді тамашалаумен ұштастырылады.

Экскурсиядағы инновациялар арасында хобби-турларды айтуға болады. Олар бүгінде туризмдегі сұраныска ие болып келе жатқан жаңа бір бағыт. Мұндай экскурсиялардың ерекшелігі – тақырыптың өте тар болуы және анимациялық элементтердің қосылуы.

Соңғы кезде аспаздық танымдық-көңіл көтеру экскурсиялары кеңінен тарауда. Мысалы, Сочи туроператорлары экскурсанттарға Лазарев ауданы бойынша шай турын ұсынады.

Балаларға арналған инновациялық қала экскурсиялары. Әдеттегі шолу экскурсияларымен салыстырғанда мұндай экскурсияларда балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ерекше эпизодтар қойылады. Бұл балалар театрына бару немесе циркке бару, аквасаябаққа бару, викториналық ойындар немесе театрландырылған көріністерді тамашалау болуы мүмкін.

Этникалық экскурсиялар – халықаралық туризм дамуына байланысты кеңінен тараған экскурсияның жаңа формасы. Этникалық экскурсияларды инновациялық экскурсияларға жатқызуға болады. Олардың негізінде халықтардың өткен жағымды және жағымсыз тарихымен танысу және білу туралы жаңа идея жатыр.

Этникалық туризмнің дамуына тарихшылармен, этнографтармен, кәсіби экскурсоводтармен және методисттермен тығыз серіктестіктергі инновациялық жобаларды жасау қажет.

Қала сыртындағы экскурсиялардағы жаңалықтар. Қала аумағынан тыс жердегі табиғи саябақтардағы мен қорықтағы экскурсиялар да соңғы уақыттарда инновациялық элементтермен толықтырыла бастады. Дәстүрлі танымдық экскурсиялар қорық аумағындағы мұражайлар мен көрмелерді тамашалаумен, компьютерлік мультимедиялық роликтер мен танымдық фильмдерді көрумен толықтырылуда. Қала сыртындағы экскурстанттардың серуені аясында экскурсанттар театрландырылған көріністер мен қолонер шеберлерінің жасайтын бұйымдарын жасау үрдісіне қатысуға тікелей мүмкіндік алады. Табиғи көркем жерлерде болатын экскурсиялар барысында әуе шарымен ұшу, тікүшақпен үстінен ұшып айналу, теңіз немесе көлдің түбіне дейін жүзу сияқты инновациялық элементтер қосылады. Жануарлардың тіршілігін бақылау элементі қосылатын экскурсиялар арнайы топтарға арналады (биологтарға, орнитологтарға, ихтиологтарға). Олар жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің тыныс-тіршілігін жақыннан бақылап білгісі келетін мамандар.

Оқиғалы туризм – соңғы уақытта пайда болған және көптеген әлем елдерінде танымалдық алып, кеңінен тарап келе жатқан инновациялық бағыттағы туризм түрі. Оқиғалы туризм ережеге сай көп құрамды, көптеген бағыттар мен сипаттарға ие болады. Сұранысқа ие оқиғалы турлардың бірі – кешенді саяхат. Оның ішіне әртүрлі тақырыптағы танымдық экскурсиялар мен экстремалды көңіл көтеру бағдарламалары енеді.

Инновациялық оқиғалы туризмнің ең басты ерекшелігі – танымдық экскурсияларды әртүрлі бағыттағы мамандар – биологтар, экологтар, гидрогеологтар, археологтар және т.б. жүргізеді.

Халықаралық экскурсиялар туристік сфераны дамытудағы мүмкіндігі жоғары бағыттардың бірі. Халықаралық экскурсиялардың мысалы ретінде итальяндық және испандық мамандардың бірлесіп жасаған жобасын айтуға болады. Жаңа проект танымдық және көніл көтеру бағыттарын экскурсиялық қызметте біріктіре білді.

Инновациялық жеке экскурсиялар. Іскерлік туризмнің соңы кезде рөлінің артуына байланысты туроператорлар іскерлік туристердің шагын топттарына арналған арнайы экскурсияларды ұйымдастырады. Ережеге сай мұндай экскурсиялардың бағдарламалары қабылдан алушы тарап жағымен келісімге келтіріледі. Экскурсиялар клиенттің жеке тапсырыстары бойынша оңай өзгертіліп тұрады. Мұндай жағдайда экскурсия жүргізушісі клиенттің барынша ақпараттармен қамтамасыз етеді және экскурсия барысында маршрутты өзгертіп отырады.

Индивидуалды экскурсияларды өткізудің басты шарты – экскурсовод білімді болуымен бірге оның кез келген сәтте клиентке бейімделе алатын қабілеті болуы тиіс. Сонымен қатар, клиент қалауы бойынша экскурсия маршруты өзгеріп жатса, экскурсия жүргізушісі қалалық мәдени мекемелермен, көніл көтеру және танымдық орталықтарымен алдын ала келісімде болуы шарт.

Экскурсиялардағы техникалық жаңалықтар. Мәдениет сферасындағы компьютерлер ғасырының басталуы туризм және экскурсия саласына да әсер тигізуде.

Виртуалды мұражай. Көптеген адамдар өздерінің бос уақыттарының үлкен бөлігін компьютер экраны алдында виртуалды саяхаттарда өткізеді. Виртуалды саяхаттар көмегімен әлемнің кез келген нүктесіне баруға болады. Ал мұражайларда тарихтағы ерекше құнды жәдігерлермен танысуға болады. Әлемде көптеген мұражайлар өздерінің виртуалды экскурсияларын құрастырған. Оны кез келген қалаушылар көре алады.

Мұражай бойынша электронды экскурсия жүргізушісі. Кейбір мұражайлардың экспозицияларында компьютерлік сенсорлы экрандар орналасқан. Олар арқылы кез келген мұражайға келуші мұражайдың құрылу тарихы туралы және өздерін қызықтырған кез келген экспонат туралы ақпарат ала алады.

Tau сүрлеулері бойынша электронды экскурсия жүргізуісі. Саяхатқа жалғыз, экстремалды маршрут бойынша тауға немесе өзендерге саяхаттауға аттанған саяхатшы үшін мамандар гидтің қызыметін атқаратын арнайы қалтага салатын мини-компьютер ойлап тапты. Кішкентай ғана құрылғыда экскурсия маршрутында болатын қызықты нысандар, тау соқпақтары, жергілікті флора мен фауна туралы акпараттар сакталған.

Қызымет көрсетудегі оптимальды бағдарламалар – клиенттердің қажеттіліктерін және ұйымдастырылған турлардың тақырыптық ерекшеліктерін ескеріп, туризмдегі инновация аясында мамандар жасаған арнайы бағдарламалар. Экскурсиялық бағдарламалар кез келген туристің қалаға келу мақсатының құрамдық бөліктерін құрайды. Мысалы, іскерлік мақсатпен келген туристерге мамандықтарына байланысты шолу және тақырыптық экскурсиялар ұйымдастырылып ұсынылады.

Экскурсиялық қызымет көрсетудегі оптимальдық бағдарламаларда маршруттағы территориялық ерекшеліктер ескеріледі.

Қызымет көрсетудегі оптимальды бағдарламалар аясында экскурсияларды жүзеге асыру кезінде экскурсия жүргізуісінің кәсібілігі үлкен рөл аткарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Туризмде «инновация» термины кіммен және қашан енгізілді.
2. Туризмдегі инновациялардың сипаттамасы.
3. Инновациялық мұражайлар мысалдарын көлтіріңіз.
4. Экскурсиятанудағы технологиялық инновациялар.
5. Инновациялық экскурсияларда қолданылатын техникалық құралдар.
6. Туризмде аннимация дегеніміз не?
7. Этникалық экскурсиялардың негізі неде?
8. Экскурсиятануда технологиялық инновациялардың мысалын көлтіріңіз.
9. Туристік инновацияных бес қағидатын атаңыз.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Экскурсиятану пәні оқытады:

- A) экскурсия дайындауды;
- B) экскурсия өткізуді;
- C) экскурсия дайындау мен өткізуді;
- D) экскурсияны құжаттармен қамтамасыз етуді;
- E) экскурсияны әдістемелікпен қамтамасыз етуді.

2. Экскурсияның ұзақтылығы:

- A) 12 с;
- B) 24 сағатқа дейін;
- C) 24 академиялық сағат;
- D) 1 сағат;
- E) 12 академиялық сағат.

3. Экскурсияда білім берудің негізгі қағидаттары:

- A) нысанды көрсету;
- B) әңгімелу;
- C) мазмұндау;
- D) баяндау;
- E) анимация.

4. Ресейдің алғашқы экскурсионист ғалымдары:

- A) Б.В. Емельянов, Г.П. Долженко;
- B) В.А. Герд, Н.И. Райков;
- C) Б. Омельченко;
- D) Ш. Валиханов;
- E) Томас Кук.

5. ҚР-ның туризм және экскурсия кеңесінің құрылған жылы:

- A) 1968;
- B) 1966;
- C) 1967;
- D) 1965;
- E) 1962.

6. СПбГУ-дің тарихи-филологиялық факультетінде XIX ғасырдың аяғында экскурсиялық әдістемені белсенді колданған педагог:

- A) Н.П. Анциферов;
- B) И.М. Грэвс;
- C) Б.Е. Райков;
- D) Г.П. Долженко;
- E) Б.В. Емельянов.

7. Экскурсияның негізгі белгілер саны:

- A) 5;
- B) 6;
- C) 7;
- D) 9;
- E) 4.

8. Уақыты бойынша ең қысқа экскурсия:

- A) 20 мин;
- B) 30 мин;
- C) 60 мин;
- D) 45 мин;
- E) 50 мин.

9. Экскурсиялық маршрутының ұзындығы

- A) бірнеше метрден 1 км-ге дейін;
- B) бірнеше жүз метрден 10км-ге дейін;
- C) бірнеше жүз метрден 50 км-ге дейін;
- D) бірнеше жүз метрден 100 км-ге дейін;
- E) бірнеше жүз метрден бірнеше жүз км-ге дейін.

10. Экскурсияның негізгі функцияларының саны:

- A) 4;
- B) 5;
- C) 6;
- D) 7;
- E) 8.

11. Экскурсияның құрылымы қанша бөліктен тұрады?

- A) қанша тақырыпша болса, сонша бөлік;
- B) 2;
- C) 3;
- D) экскурсияның түріне байланысты;
- E) 4.

12. Экскурсия кіріспесінің ұйымдастыру бөлігі қамти-тын сұрақтар:

- A) ұйымдастыру нұсқауларын (қалай жүру, қайда бару);
- B) негізгі мазмұны бойынша ақпаратты;
- C) ұйымдастыру мәліметтерін (тәнису, экскурсия ұзактылығы, қашықтығы, нұсқау беру);
- D) кездесудің қорытындылауын;
- E) экскурсияның мақсатын анықтуды.

13. Экскурсияның негізгі бөлігі қамтитын сұрақтар:

- A) экскурсия өткізудің нұсқауларын;
- B) бағыттар сызбасын;
- C) негізгі мақсатын;
- D) экскурсиялық нысанның паспортын;
- E) сұрағы бар тарауларды және логикалық аудиоды.

14. Экскурсияның топтастырылуы:

- A) мазмұны, қатысушылардың құрамы, өткізу орны, өткізу түрі, жылжу тәсілі бойынша;
- B) әрекеттің түріне қарай;
- C) топың санына қарай;
- D) өткізу тәсілі, өткізу орны, мазмұны, өткізу түрі бойынша;
- E) құрылымына қарай.

15. Экскурсия кезінде сапалы білім беру үшін келесі ғылымдардың жетістіктерін қолданады:

- A) философияның, өлкетанудың, логиканың;
- B) экскурсиятанудың және өлкетанудың;
- C) этика және эстетиканың;

D) әдістемеліктің;
Е) философияның, логиканың, педагогиканың, психологияның.

16. Қалалық шолу экскурсиясының негізгі мақсаты:

- A) қала туралы толық жан-жақты мәлімет беру;
- В) қаланың ең көрнекті жерлерін көрсету;
- C) бірегей нысандарды көрсету;
- D) қаланың тарихымен таныстыру;
- Е) қаланың мәдениетімен таныстыру.

17. Экскурсоводтың алдында тұрған негізгі психологиялық міндет:

- А) экскурсияның маңызын түсіндіру;
- В) тақырыпқа қызығушылықты сақтау;
- C) топпен байланыс орнату;
- D) топ жетекшісімен байланыс орнату;
- Е) топтың құрамын ескеру.

18. Экскурсияның, педагогикалық процесс ретінде негізгі мақсаты:

- А) жеке адамды жан-жақты дамыту;
- В) жаңа білім беру;
- С) қызығушылықты тудыру;
- D) мәдени агарту әрекетін іске асыру;
- Е) оқыту.

19. Әдебиеттің дамуының бір кезеңіне ариалған экскурсия:

- А) тарихи-биографиялық;
- В) тарихи-әдебиеттік;
- С) әдебиеттік-көркемдік;
- D) әдебиеттік;
- Е) тарихи-көркемдік.

20. Жаңа экскурсия дайындаудағы сатылар саны:

- А) 2;
- В) 3;

- C) 4;
- D) 5;
- E) 6.

21. Экскурсияның қорытындысы қанша бөліктен тұрады:

- A) 2;
- B) 3;
- C) 4;
- D) 5;
- E) 6.

22. «Нысанды көрсету» түсінігіне жатады:

- A) нысанды байқау;
- B) нысанды сипаттау;
- C) дene қимылы;
- D) бақылау;
- E) нысанды жариялау.

23. Экскурсиялық шығармашылық топтың қорытынды құжаты:

- A) әдістемелік өндөу;
- B) бақылау текст;
- C) жеке тест;
- D) бағыттың желісі;
- E) нысанның паспорты.

24. Экскурсияның технологиялық картасының графасы:

- A) 5;
- B) 6;
- C) 7;
- D) 8;
- E) 9.

25. Туристік мекеменің құжаты болып саналатын текст:

- A) жеке;
- B) тақырыптық;

- C) хронологиялық;
- D) бақылау;
- E) бағытталған.

26. Экскурсиялық көрсетудің әдістемелік тәсілі:

- A) анықтама;
- B) репортаж;
- C) араласу;
- D) локализация;
- E) персонификация.

27. Экскурсиялық әңгімеледің әдістемелік тәсілі:

- A) локализация;
- B) көргенді салыстыру;
- C) абстракциялау;
- D) экскурсиялық анықтама;
- E) аналогия.

28. Әңгімелеу уақытысына қарай ең ұзак тәсіл:

- A) түсіндіру;
- B) анықтама;
- C) дәйексөз келтіру;
- D) бейнелеу;
- E) сипаттау.

29. Арнайы әдістемелік тәсілдердің мақсаты:

- A) бейнелеу;
- B) экскурсия мазмұнын жақсы менгеру;
- C) нысанды зерттеу;
- D) логикалық аудиосуарды жасау;
- E) талдау жасау.

30. «Экскурсовод портфелі» дегеніміз:

- A) экскурсия мазмұны бойынша материал;
- B) экскурсоводтың арнайы сумкасы;
- C) көрнекілік құралдар жиынтығы;
- D) көрсету нысандарының суреттері;
- E) техникалық құралдар.

31. Жаяу экскурсиясында жүру жылдамдығы:

- A) 1,1 км/с;
- B) 1-2 км/с;
- C) 2-3 км/с;
- D) 3-4 км/с;
- E) 4-5 км/с.

32. Экскурсияда сұраққа жауапты беру кезі:

- A) тарауларды мазмұндау алдында;
- B) тарауларды мазмұндан болғаннан кейін;
- C) көрсету объектілерінің қасында;
- D) экскурсияның соңында;
- E) кез келген уақытта.

33. Сұранысқа жиі ие болатын экскурсия түрі:

- A) қалалық шолу экскурсиясы;
- B) тарихи шолу экскурсиясы;
- C) табигаттану экскурсиясы;
- D) өнер зерттеу шолу экскурсиясы;
- E) өлкетану мұражайларды аралау.

34. Технологиялық картаның кандай графасында «экскурсовод портфелінің» материалдарын пайдалануға нұсқау беріледі:

- A) ұйымдастыру нұсқаулары;
- B) әдістемелік нұсқаулар;
- C) маршрут;
- D) аялдамалар;
- E) көрсету нысандары.

35. Шолу экскурсиясында мұражайға берілетін уақыт:

- A) 20 мин;
- B) 30 мин;
- C) 45 мин;
- D) 60 мин;
- E) 1,5 сағат.

36. Технологиялық картаның кандай графасында әңгімелеу мен көрсетудің тәсілдері көрсетіледі?

- A) ұйымдастыру нұсқаулары;
- B) маршрут;
- C) әдістемелік нұсқаулар;
- D) аялдамалар;
- E) тараулардың атауы және негізгі сұраптардың тізімі

37. Экскурсияның екі тарауын бір-бірімен байланыстыратын экскурсовод сөзінің фрагменті:

- A) біріктіру;
- B) логикалық ауысу;
- C) пауза;
- D) әңгіме;
- E) дәйексөз келтіру.

38. Жаңа экскурсияны дайындаудың басты кезеңі:

- A) тақырып таңдаудан;
- B) экскурсияның мақсатымен міндеттін анықтаудан;
- C) тақырып бойынша әдебиет жинақтаудан;
- D) библиографиялық тізім жасаудан;
- E) көрсету нысандарын таңдаудан.

39. Нысанның паспорты:

- A) нысан туралы жалпы мәлімет;
- B) экскурсияның бағыттары;
- C) экскурсиясының негізгі құжаттарының бірі;
- D) биіктік, ендік, сыртқы көрініс;
- E) нысан туралы болмашы мәлімет.

40. Кешенді нысандарды көрсету бұрышы:

- A) 10 градус;
- B) 60 градус;
- C) 30-45 градус;
- D) 20 градус;
- E) 25 градус.

41. Грек тілінен аударғанда «архитектура» сөзінің мағынасы:

- A) құру;
- B) қайта құру;
- C) ұйымдастыру;
- D) орындау;
- E) талдау.

42. Орта Азия мен Қазақстанның сәулет өнеріне әсер еткен ел:

- A) Қытай;
- B) Еуропа;
- C) Монголия;
- D) Араб және Иран;
- E) Индия.

43. Архитектуралық экскурсияларда негізгі әдістемелік тәсілдің бірі:

- A) репортаж тәсілі;
- B) сұрап-жаяуп тәсілі;
- C) сипаттама тәсілі;
- D) анықтама тәсілі;
- E) алдын ала қарап шығу.

44. Әдеби экскурсиялардың міндеті:

- A) әдеби деректердің түрлілігін баяндау;
- B) жазушының шығармашылығымен, өмірімен таныстыру;
- C) танымдық функциясына көніл аудару;
- D) экскурсия өткізудің дұрыс тәсілін таңдау;
- E) оку курсына көмек көрсету.

45. Жас өспірімдер экскурсиясын құрудың баптары:

- A) балалар үшін ересектер тақырыбының нұсқауы бойынша құру;
- B) жасы үлкен кіші категориясы бойынша құру;
- C) ересектерге арналған экскурсияны өзгертіп құру;
- D) оку бағдарламасын экскурсия мазмұнына қосып құру;
- E) жас өспірімдер және ересектер үшін экскурсияны бірдей жасау.

46. Оқушылар үшін экскурсия құрғанда шығармашылық топ кеңес алатын мамандар:

- A) мұражай қызметкерлері;
- B) ғылыми жұмысшылар;
- C) педагогтар
- D) ата-аналар;
- E) философтар.

47. Жас өспірімдер үшін экскурсия өткізуудің тиімді тәсілі:

- A) әдебиеттік монтаж;
- B) анықтама;
- C) дәйексөз пайдалану;
- D) түсіндіру;
- E) әңгіме.

48. Экологиялық тәрбие беретін экскурсияның түрі:

- A) архитектуралық;
- B) әдебиеттік;
- C) табиғаттық;
- D) тарихи;
- E) этнографиялық.

49. Кеңес одағының алғашқы жылдарында экскурсиялық іс-әрекетке жалпы басшылық еткен ұйым:

- A) халық агарту комиссариаты;
- B) Қесіптік Одақтардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің жәнінан құрылған орталық туристік-экскурсиялық басқарма;
- C) білім беру басқармасы;
- D) Орталық туризм Кеңесі;
- E) Бүкілодактық комсомол Кеңесі.

50. Экскурсиялық менеджменттің негізгі мақсаты:

- A) басқару;
- B) тұтынушыларды тарту;
- C) дифференциялдық бабын тауып қызмет көрсету;
- D) өз жолын тауып қызмет көрсету;
- E) кадр дайындау.

51. Экскурсияда әңгімеледін әдістемелік тәсілдер саны:

- A) 5;
- B) 10-нан аса;
- C) 20-дан аса;
- D) 50-ге жуық;
- E) 100-ге жуық.

52. Экскурсиялық көрсетудің методикалық тәсілдер саны:

- A) 5;
- B) 10-нан аса;
- C) 20-дан аса;
- D) 50-ге жуық;
- E) 100-ге жуық.

53. Мұражай экскурсиясында топтағы ықтимал адам саны:

- A) 5-10 адам;
- B) 10-15 адам;
- C) 15-20 адам;
- D) 20-25 адам;
- E) 30 адамнан аса.

54. Автобус экскурсиясында топтағы адам саны:

- A) 20 адамға дейін;
- B) 20-дан аса;
- C) 30-ға дейін;
- D) 40-қа дейін;
- E) автобустың сиымдылығына қарай.

55. Экскурсиядағы негізгі элемент:

- A) көрсету;
- B) әңгімелеу;
- C) қозғалыс;
- D) мимика;
- E) вербалды ым.

56. Экскурсанттарға білімнің нақты саласы бойынша ақпарат бергенде экскурсияның атқаратын функциясы:

- A) эстетикалық;
- B) тәрбие беру;
- C) танымдық-ақпараттық;
- D) жарнамалық;
- E) бос уақытты мәдени ұйымдастыру.

57. Қандай белгі арқылы нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді:

- A) мазмұны бойынша;
- B) функционалды белгісі бойынша;
- C) сакталу дәрежесі бойынша;
- D) аттрактивтілігі бойынша;
- E) пайда болу уақыты бойынша.

58. Экскурсияның қай кезеңінде ұзақтығы бойынша әңгімे көрсетуге тең:

- A) экскурсовод рөліне кіріскен кезде;
- B) автобустан шықкан кезде;
- C) автобустың қозгаласы кезінде;
- D) нысан алдында;
- E) экскурсияның соңында.

59. Кешіккен экскурсанттарды күту уақыты:

- A) 5 мин;
- B) 10 мин;
- C) 15 мин;
- D) 20 мин;
- E) 30 мин.

60. Аталған православие шіркеуінің қайсысы А.П. Зенковтың туындысы болып табылады:

- A) Әулие Вознесенский соборы;
- B) Никольский;
- C) Құтқарушы-Христос;
- D) Софийская;
- E) Георгиевский.

61. Экскурсия жүргізу әдістемесі келесі талаптарға бағынады:

- A) көрсету әңгімелеге тен;
- B) көрсету әңгімелеге қарағанда көлемдеу;
- C) көрсету әңгімеледен азырақ;
- D) аталған нұсқалардың бәрі колданылады;
- E) ол маңызды емес.

62. Тақырыптық экскурсияның кіріспесіне қажетті уақыт:

- A) 3-5 мин;
- B) 7 мин;
- C) 10 мин;
- D) 10-15 мин;
- E) 20 мин.

63. Шолу, көп жоспарлы экскурсиялардың кіріспесіне қажетті уақыт:

- A) 3-5 мин;
- B) 5-7 мин;
- C) 7-10 мин;
- D) 10-15 мин;
- E) 20 мин.

64. Тақырыптық экскурсиясында ықтимал нысан саны:

- A) 3;
- B) 5-7;
- C) 7-10;
- D) 15;
- E) 20.

65. Шолу, көп жоспарлы экскурсияларында ықтимал нысан саны:

- A) 3;
- B) 7;
- C) 10;
- D) 15-20;
- E) 25.

66. Экскурсияның дайындау барысында нысандарды таңдау кезеңінен кейінгі кезең:

- А) библиографиялық тізім жасау;
- Б) маршрут құрастыру;
- С) экскурсия текстін жасау;
- Д) әдебиет көздерін таңдау;
- Е) бақылау текстін жасау.

67. Экскурсиялық теорияның негізін қалаған ғалым:

- А) В.И. Омельченко;
- Б) Б.В. Емельянов;
- С) В.Г. Квартальнов;
- Д) Н.К. Крупская;
- Е) Р.А. Дьякова.

68. Жаңа экскурсия құрастырудың басты кезеңі:

- А) мәлімет жазу;
- Б) мұражай экспозицияларымен танысу;
- С) экскурсиялық нысандарды таңдаудан;
- Д) мақсатты анықтау;
- Е) тақырыпты таңдау.

69. Экскурсовод өз мамандық деңгейін қанша уақытта жоғарлатып отырған жөн:

- А) жылына бір рет;
- Б) жарты жылда бір рет;
- С) үш жылда бір рет;
- Д) екі жылда бір рет;
- Е) үнемі.

70. Маршрут құрастыру кезеңінен кейінгі кезең:

- А) библиографиялық тізім жасау;
- Б) көрсету объектілерін таңдау
- С) экскурсия текстін жасау;
- Д) маршрутты аралап шығу;
- Е) бақылау текстін жасау.

71. Экскурсияның ұзактылығы қанша уақыттан кем болмайды:

- A) 45 мин;
- B) 30 мин;
- C) 60 мин;
- D) 1,5 сағ;
- E) 2 сағ.

72. Экскурсияның ұзактылығы қанша уақыттан аспайды:

- A) 5 сағ;
- B) 6 сағ;
- C) 10 сағ;
- D) 15 сағ;
- E) 24 сағ.

73. Экскурсияның қортындысына берілетін уақыт:

- A) 3 мин;
- B) 5 мин;
- C) 10 мин;
- D) 30 мин;
- E) 7 мин.

74. Экскурсовод үшін қай категория ең жоғары болып саналады:

- A) экстра класс;
- B) люкс класс;
- C) жоғары класс;
- D) 1 категория;
- E) барлығы.

75. Егер экскурсия бір себептерден кеш басталса, экскурсоводтың әрекеті:

- A) экскурсияның жалпы уақытын ұзарту;
- B) әңгімеден бір тарауды немесе нысанды алып тастау арқылы экскурсияның жалпы уақытын сақтау;
- C) әр тарау бойынша және нысан жайлы әңгімені бір келкі қысқарту арқылы экскурсияның жалпы уақытын сақтау;

- D) әңгімені де, көрсетуді де қыскарту;
E) экскурсияны өткізетін уақытын өзгерту.

76. Экскурсияны жүргізудің әдістемесі келесі талаптарға бағынады:

- A) көрсету әңгімелеуге тең;
B) көрсету әңгімелеуге қарғанда көлемді болады;
C) көрсету әңгімелеуден азырақ;
D) аталған нұсқалардың бәрі колданылады;
E) экскурсия жүргізуіне талаптар қойылмайды.

77. Нысанды көрсету дегеніміз:

- A) экскурсовод пен экскурсантардың мақсатты жүйелік әрекеті;
B) экскурсовод басшылығымен нысандарды бақылау;
C) нысанның анализі;
D) экскурсанттардың өзіндік белсенді жұмысы;
E) нысанмен өз бетінше танысу.

78. Жаңа экскурсияны дайындаған кезде оның ұзактығы мен қашықтығы анықталатын кезең:

- A) маршрутты аралап шығу;
B) маршрут құрастыру;
C) экскурсия текстін жасау;
D) экскурсияны маршрутта тапсыру;
E) бақылау текстін жасау.

79. «Экскурсия» терминіне ең алғашқы болып (1882 ж.) түсіндіріп берген кім?:

- A) М.П. Анциферов;
B) Л. Бархаш;
C) Л.Н. Ушаков;
D) В. Даль;
